

Құрметті авторлар!

Сіздерден «ШҚО педагогика жаршысы–Педагогический вестник ВКО» журналы мен «Ұстаз әлемі–Педагогический мир» газеті редакциясы білім берудің бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерін көтеретін, озық тәжірибенің тың парақтарын ашатын және ғылыми материалдарды күтеді. Басылымға қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі педагогикалық бағыттағы жазылған мақалалар жарияланады.

Мақала көлемі (кестелерді, әдебиеттер тізімін, диаграммалар мен графиктер, суреттерді қосқанда) 3-7 беттен аспауы тиіс.

Мақалаға қойылатын талаптар: (Бұл талап тек журнал жазылушылары үшін)

- мақалаға аңдатпа (2-3 сөйлемнен тұрады);
- тірек сөздер (3-4 сөз).

(Аңдатпа (аннотация-abstract) кіріспе сөздерді қамтымай, мақаланың басты ақпаратынан түйін беруі тиіс. Ал, кілт сөздерге (ключевые слова-key words) мақаланың ең маңызды негізгі сөздерін алыңыз).

Пайдаланған әдебиеттер тізімі мақаланың соңында ұсынылады.

Редакция мекенжайы: 070002, Өскемен қаласы, Киевская көшесі, 69
эл. пошта: vko.press@orleu-edu.kz



ШҚО ПЕДАГОГИКА ЖАРШЫСЫ ВКО ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ВЕСТНИК

Республиканский научно-методический журнал выходит с июня 2001 года

БАС РЕДАКТОР

Жуманова Гаухар Сайлаубековна,

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Шығыс Қазақстан облысы бойынша кәсіби даму институтының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты

РЕДАКЦИЯ КЕҢЕСІ

Мырзағалиева Анар Базаровна,

Астана Халықаралық университетінің бірінші вице-президенті, биология ғылымдарының докторы, профессор

Ровнякова Ирина Владимировна,

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің стратегиялық даму және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Байкенов Жасулан Ерболович,

Қазақстан-Америка Еркін университетінің бірінші вице-президенті, философия докторы (PhD)

Султанбаева Гульмира Серикбаевна,

Нархоз университетінің Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің саяси бұқаралық коммуникациялар бағдарламасының жетекшісі, саясаттану ғылымдарының докторы, профессор

Чернышева Иннеса Александровна,

«Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы» ММ басшысы

Актанова Назым Каирказиновна,

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі

Завалко Надежда Александровна,

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің педагогикалық білім және менеджмент кафедрасының профессоры, ғылым докторы, Халықаралық педагогикалық білім академиясының және Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі

Чекетаева Роза Саркытбекқызы,

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының лекторы, тарих ғылымдарының кандидаты, Өскемен қаласының білім бөлімінің «Қ. Нұрғалиев атындағы №43 мектеп лицейі» КММ тарих пәнінің мұғалімі, педагог-шебер, «Үздік педагог-2022» байқауының жеңімпазы

Ахаева Наталья Васильевна,

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған валеологиялық мамандандырылған мектеп-кешені» КММ директоры, педагогика ғылымдарының докторы

Редактор, көркемдеуші және беттеуші:

Ибраева Жанар Советхановна

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРХАНА / ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ МАСТЕРСКАЯ

Абзелеева А.К. Ауыз судың сапасы.....	3
Сеилгазина Б.М. Развитие грамотности чтения на уроках истории.....	6
Жетписова Р.А., Нашинова Ж.К. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын ғылыми-жаратылыстану бағытында дамыту.....	9
Солтанбекова Ш.М. Құмаш Нұрғалиевтің білім беру жүйесіндегі рөлі мен педагогикалық көзқарастарының маңызы.....	12
Адельбаева Г.М., Орлова М.А. Решение текстовых задач по математике для развития теоретического мышления учащихся 5-6 классов.....	15
Нурканова Н.К. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – басты міндет.....	19
Руденко А.П. Инновационный подход к формированию навыков креативного мышления на уроках биологии как средство повышения мотивации к обучению и улучшения качества образовательного процесса.....	21
Тысымбаева С.А. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында қазақ әдебиеті сабағында ұлттық құндылықтарды меңгерудің тиімді жолдары.....	25

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК / ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ МАСТЕРСТВО

Ракишева Г.Б. Қызықты физика әлемі (вариативтік курс).....	28
Мухаметкалиева Ж.Б. Қ.Бітібаеваның инновациялық технологиясы негізінде мысал жанрын оқытудың әдістері.....	32
Әскербек Г. Жобалық оқыту әдісі арқылы оқушылардың физикадан функционалдық сауаттылығын дамыту.....	34
Жакабаева Э.Х. Как развить критическое мышление и поиск нестандартных решений на уроках в начальной школе.....	38

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ / НАЧАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

Абраимова А.Б. Цифрлық технологиялар – бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік қабілетін дамыту құралы ретінде.....	41
Айтмукамбетова М.А. Бастауыш сыныпта мәтінмен жұмыс (жұмыс тәжірибесінен).....	44
Саршанова Ж.С. Оқу процесінде бастауыш сынып оқушыларының сыни тұрғыдан ойлауын дамыту.....	46

МЕНШІК ИЕСІ:

«Өрлеу» біліктілікті арттыру
ұлттық орталығы» акционерлік
қоғамының филиалы
Шығыс Қазақстан облысы
бойынша кәсіби даму институты

Журнал

Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде
21.04.2022 жылы
№KZ83VPY00048199
куәлігімен қайта тіркелді

Шығу жиілігі – екі айда бір рет

ШҚО бойынша КДИ
баспаханасында басылды

Пішімі 60x84/8
Офсеттік басылым

Редакция мекенжайы:
070002, Өскемен қаласы,
Киевская көшесі, 69

тел.: 71-21-01, 70-50-07
эл. пошта: vko.press@orleu-edu.kz

Серикбекова Э.А.

Бастауыш сынып оқушыларының математика пәнінен
шығармашылық қабілетін дамыту..... 50

Жаксылыкова Т.С.

Мәтін есептер – математикалық сауаттылықты дамытудың
тиімді құралы..... 52

ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ / МЕТОДИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА**Аубакирова А.М.**

Тарих сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пай-
далану арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттілі-
гін дамыту ерекшеліктері..... 55

Быкова Т.Е.

Развитие смыслового чтения на основе исторических текс-
тов (на примере метода «Квант»)..... 58

Камзина А.Н.

Мәтінді талдау арқылы оқу сауаттылығын қалыптастыру..... 61

**БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР /
ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАНИИ****Камбасова М.М.**

Қазіргі жаһандану аясында Білім-Инновациялық лицей
оқушыларына тарих пәнін оқытудағы диалогтық әңгіменің
тиімділігі мен маңызы..... 64

Манапова А.С.

Білім беру процесінде QR - кодтарды қолдану..... 68

**ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ /
ИССЛЕДОВАНИЕ В ДЕЙСТВИИ****Дудкина С.В.**

Методы развития критического мышления
у учащихся начальных классов..... 71

ББЖМ-ҒА ДАЙЫНДЫҚ / ГОТОВИМСЯ К МОДО**Владимирцева Е.С.**

Смысловое чтения как основа формирования функцио-
нальной грамотности чтения в период подготовки к МОДО.. 75

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ /
ДОШКОЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ****Матуза Е.Г.**

Развитие познавательных процессов у детей дошкольного
возраста по средством дидактических игр по экологии..... 79

**КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ /
ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ****Бакишева И.Е**

Сравнительный анализ содержания и видов профес-
сиональных практик педагогических колледжей Англии и
Казахстана..... 82

**ТАРИХ ТАҒЛЫМЫ /
ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ****Искаков Е.А.**

Алаш зиялыларының ұлт мүддесін қорғау
жолындағы рухани құндылықтардың ролі 87

**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ /
ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ****Чжан Е.Г., Аугамбаев Р.А.**

Синергия ИИ и академического письма: преимущества и
проблемы обучения в эпоху технологий..... 90



АУЫЗ СУДЫҢ САПАСЫ

Абзелеева Камила Ауқеновна,

география пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші,
педагогика ғылымдарының магистрі,

«А.Байтұрсынов атындағы №20 орта мектебі» КММ, ШҚО Өскемен қаласы

Аңдатпа: ауыз судың жер бетінде өтіп жататын барлық құбылыстарда атқаратын қызметі ерекше зор. Адамның денсаулығы тікелей таза суға байланысты. Жергілікті жердегі өндірістік саланың дамуына, халықтың көбеюіне, құрылыс жұмыстарының артуына байланысты таза су тапшылығы да байқалады. Яғни судың құрамы мен сапасы әр адамның өмірінде өте маңызды орын алатыны қазіргі таңдағы өзекті мәселе болып отыр.

Аннотация: во всех явлениях, происходящих на земле огромную роль, особую функцию выполняет питьевая вода. Здоровье человека напрямую зависит от чистой воды. В связи с развитием производственной сферы на местности, ростом населения, увеличением строительных работ также наблюдается дефицит чистой воды. То есть состав и качество воды занимают очень важное место в жизни каждого человека.

Abstract: in all phenomena occurring on earth, drinking water plays a huge role, a special function. Human health directly depends on clean water. Due to the development of the industrial sector in the area, population growth, and an increase in construction work, there is also a shortage of clean water. That is, the composition and quality of water occupy a very important place in the life of every person.

Кілт сөздер: ауыз су, сапа, мониторинг, судың кермектігі, таза су, адам денсаулығы.

Ключевые слова: питьевая вода, качество, мониторинг, жесткость воды, чистая вода, здоровье человека.

Key words: drinking water, quality, monitoring, water hardness, clean water, human health.

Ауыз су сапасын бақылау – мониторинг жүргізу және өндірістік бақылау үшін зертханалық зерттеу арқылы сумен жабдықтау объектілерін жоспарлы тексерулер жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі. Қоғамдық өндірістің жедел дамуы, халық санының өсуі, халықтың мәдени деңгейінің өсуі судың қажеттілігін өсіреді. Сондай-ақ, қолданылатын су экологиялық жағынан қауіпсіз болуы керек. Суды үнемдеу мен қорғауға байланысты «ҚР Су Кодексі» 2003 жылғы 9 шілдедегі №481 бұйрығымен қабылданған. Гигиеналық тұрғыдан алғанда судың сапасы адамдардың физиологиялық, гигиеналық, тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жарамдылығын анықтайтын қасиеттер жиынтығы деп түсініледі [1]. Судың барлығының пайдасы бірдей емес. Теңдестірілген минералды құрамы бар суды таңдау керек. Бұл - адам ағзасына қажет және жағымды сергітетін дәмі бар элементтер жиынтығы. Су құрамындағы кальций - сүйек пен тісті бекітеді, магний - бұлшық еттердегі қысымды және жүйке күйзелісін

азайтады, калий - жүрек бұлшық етінің белсенділігін күшейтеді [2].

«Біз ішетін ауыз судың сапасы қандай?» осы сұраққа жер бетінде ойланбаған адам баласы болмаған шығар. Қазіргі таңда өнеркәсіптің, құрылыстың, ауыл шаруашылық салаларының, жеңіл өнеркәсіптің дамуы суға деген сұранысты арттырып отыр. Бұлардың барлығының ауыз судың сапасына кері әсері ету ықтималдылығы жоғары. Сондықтан өзіміз ішіп жүрген судың сапасын зерттеуге қызығушылығымыз туындады.

Судың сапасын зерттемес бұрын тұрғындар арасында ауызша сауалнама, ал өз мектебіміздің оқушыларының арасында Google Forms платформасында сауалнама жүргіздім. Сауалнаманың мазмұны «Өзіңіз ішетін ауыз су сапасы» тақырыбымен төмендегі сұрақтар арқылы алынды:

1. Өзіңіз ішетін судың сапасына қанағаттанасыз ба?

2. Қандай суды үнемі пайдаланасыз?

3. Құбырмен келетін үйдегі судың түсінде кей кездері өзгеріс

бола ма?

4. Құбырмен келетін үйдегі судың дәмінде кей кездері өзгеріс бола ма?

Осы сұрақтарға жауап беру қорытындысы бойынша, мектеп маңындағы тұрғындарға ауызша сұрақ қою арқылы мәлімет жинадым. Сауалнамаға 42 адам қатысты.


- «Өзіңіз ішетін судың сапасына қанағаттанасыз ба?» сұрағына «иә» деп 34 адам, «жоқ» деп 8 адам;

- Үйдегі крайниктің суын ішуге үнемі пайдаланасыз ба?» сұрағына «иә» деп 31 адам, «жоқ» деп 11 адам;

- Құбырмен келетін үйдегі судың түсінде кей кездері өзгеріс бола ма? сұрағына «иә» деп 6 адам, «жоқ» деп 36 адам;


- Құбырмен келетін үйдегі судың дәмінде кей кездері өзгеріс бола ма? сұрағына «иә» деп 5 адам, «жоқ» деп 37 адам жауап берді.

Сұрақ қою нәтижесі бойынша төмендегі мониторингті ұсынамыз (диаграмма1).



1-диаграмма. Күнделікті ішетін ауыз су сапасы.


Ал өз мектебіміздің оқушылар арасында Google Forms платформасында жүргізілген сауалнамаға 175 оқушы қатысты. Қорытындысы төмендегі диаграммаларда ұсынылды (диаграмма 2-5).




2-диаграмма.



3-диаграмма.



4-диаграмма.



5-диаграмма.

Бұл диаграммалардан байқап отырғандай:

- «Өзіңіз ішетін судың сапасына қанағаттанасыз ба?» сұрағына «иә» деп 90,9%, «жоқ» деп 9,1%;

- Үйдегі крайниктің суын үнемі пайдаланасыз ба?» сұрағына «иә» деп 4 %, «жоқ» деп 59%;

- Құбырмен келетін үйдегі су-

дың түсінде кей кездері өзгеріс бола ма? сұрағына «иә» деп 44,6%, «жоқ» деп 55,4%;

- құбырмен келетін үйдегі судың дәмінде кей кездері өзгеріс бола ма? сұрағына «иә» деп 49,7%, «жоқ» деп 50,3% оқушы жауап берді.

Демек, күнделікті пайдаланып жүрген судың сапасы мен құрамын білуіміз маңызды. Сауалнама қорытындысы негізінде ауыз судың ішуге жарамдылығын анықтау мақсатында бастау сулары мен тұрғын үй суларын салыстырмалы түрде зерттедік. Зерттеу нысандары: «Чечек», «Әл-Фараби» тұрғын үй кешені маңындағы су, үйдегі кран суы және «Тассай» ауыз суы. Осы алынған суларға сынама жасауға, қаламызда орналасқан Шығыс Қазақстан университетінің лабораториялық зертханасынан рұқсат алдық.

Бұл зерттеу жұмысының мақсаты судың жалпы карбонатты кермектілігін анықтап оны химиялық, физико-химиялық әдістермен жұмсарту болды. Оны жасау үшін қажетті реактивтерді, ыдыстар мен қондырғыларды дайындап алдық. Трилон Б ерітіндісі, аммиакты - буферлі қоспасы, хромоген қара индикаторы, катионитті колонка, өлшегіш цилиндр, конусты колба (200-250 мл), 5, 100 мл-лік пипеткалар, химиялық стакандар (100-250 мл), титрлеуге арналған бюретка, шыны түтікшелер, сұйылтылған ерітінді қолданылды. Әрбір нүктеден алынған судың кермектігін анықтау үшін 3 реттік сынама жасау керек болды. Таза әрі бүтін 250 мл-лік конусты колбаға пипеткамен 100 мл су өлшеніп құйылды. Өлшенген суға 5 мл аммиакты - буферлі ерітіндісін қостық. Оған 10 тамшы хромоген қара индикаторын қосып, судың түсі қызыл күлгін түстен көкшіл күлгін түске ауысқанша титрледік. Хромоген қара индикаторы қосылған суға 0,1н «трилон Б» ерітіндісі қосылды. Осылайша 3 мәрте қайталап судың кермектігін анықтадық. Алынған мән кестеге түсірілді. (Кесте-1).

Мәндер	Сынамаға су алынған нүктелер			
	«Чечек»	«Аль-Фараби»	Крайник суы	Тассай суы
V ₁	2,6	7,1	3,0	1,5
V ₂	2,6	6,9	2,9	1,5
V ₃	2,7	7,1	3,1	1,5

1-кесте.

Судың кермектігі мг-эквивалент литр есебінде төмендегі формула бойынша анықталды:

$$K = 1000 \cdot \frac{V \cdot n \cdot k}{V_1}$$

Мұндағы V – титрлеуге кеткен трилон Б ерітіндісінің көлемі, мл;

n – трилон Б ның нормальдылығы;

V₁ – титрлеуге алынған су көлемі, мл;


k – трилон Б ның нормальдылығына қатысты коэффициент

(k = 1)

Осылайша әр нүктеден алынған сулардың мәндердін қосып орташа мән алдық:

- «Чечек» суы: 2,6 мг-экв/л.
- «Ал-Фараби» бастау суы: 7,0 мг-экв/л.
- Крайниктен алынған су: 3 мг-экв/л.
- «Тассай» суы: 1,5 мг-экв/л.

Шыққан ортақ сан судың кермектілігін білдіреді. Судың кермектігі көрсеткіші 1 литр судағы миллиграм – эквивалентпен өлшенеді.



6-диаграмма. Судың кермектігі көрсеткіші, мг-экв/л. мониторингі

Мониторингте көрсетілгендей лабораториялық зерттеу жүргізу барысында судың кермектілігі ең жоғарысы «Ал-Фараби» бастау суында 7,0 миллиграм-эквивалентті екені анықталды. Ол кермектік дәрежесі бойынша «кермек су» тобына жатады. Бұл дегеніміз сол нүктеден алынған суды пайдаланып жүрген тұрғындардың білуі тиіс маңызды мәселе болып отыр. Судың кермектігі анықтамасы бойынша: жалпы, уақытша, тұрақты, карбонаттық, қалдық болып бөлінеді. Біз судың жалпы кермектігін анықтадық. Жалпы кермектік - суда кальций мен маг-

нийдің барлық тұздарының болуынан қалыптасады.

Қорытындылай келе, күнделікті пайдаланатын судың сапасы мен кермектігін зерттеп тұрғын халықты ақпараттандыруға, қоршаған ортаны және адам денсаулығын қорғауға қосқан үлесіміз деп білеміз. Адам организмінің 70-80% судан тұрады және ол негізгі еріткіш болып табылады. Оның көмегімен организмде оттегі, ферменттер, гормондар, тұздар тасымалданады. Осыған байланысты судың химиялық құрамы ерекше маңызды: оның құрамында қоспалар неғұрлым көп бол-

са, оның қоректік заттарды ерітуі қиындай түседі. Басқа макро және микроэлементтермен жанаса отырып, ол әртүрлі минералдармен, атап айтқанда кальций мен магний тұздарымен байытылады. Міне, судың кермектігі дәл осылардың әсірінен судың құрамында кальций және магний тұздары көп болса, соғырлым судың кермектігі де қатты болады[4].

Суды сапалы түрде пайдалану үшін: табиғи бұлақ суларының маңайын тазартып отыруды, су құбырларының ақаусыз болуын қадағалауды, ауыз суды жабық ыдыста сақтауды, судың сапасын тексертіп отыруды ұсынамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аманбаев Қ. Ауыз су сапасын бақылау әдістерінің экологиялық аспектілері. -Қазақ ұлттық аграрлық университетінің хабаршысы, 2020, №4, 45-52 б.

2. Есімов С.А., Жүнісов Н.Қ. Экологиялық қауіпсіздік және су ресурстарының сапасы. Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2018. – 256 б.

3. Мусаев А.Т. Су ресурстарының сапасын бақылау әдістері. Астана: Ғылым баспасы, 2015. -312 б.

4. Құдайбергенова Ж.Б. Ауыз судың сапасын қамтамасыз етудің экологиялық аспектілері. PhD диссертациясы, Қарағанды мемлекеттік университеті, 2020.

5. Ауыз су сапасының стандартқа сәйкестігін анықтау <https://stud.kz/referat/show>

6. <https://massaget.kz/layfstayl/Zdorove/21633/>

7. https://vodopoint.ru/interesnye_razmyshleniya_uchenyh.html

8. <https://cseemc.kz/photos/a.104394467704434/300388911438321/?type3>

РАЗВИТИЕ ГРАМОТНОСТИ ЧТЕНИЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ



Сеилгазина Баян Маратовна

учитель истории, педагог-исследователь, магистр,
КГУ «Средняя школа №39 имени Ыбырай Алтынсарина» отдела образования по
городу Усть-Каменогорску УО ВКО

Аңдатпа: мақалада тарих сабақтарында оқу сауаттылығын дамыту мәселесі пәнді табысты меңгерудің негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Автор тарихи үдерістерді түсіну үшін оқу дағдыларының маңыздылығын атап өтіп, оқушылардың басты қиындықтарын көрсетеді: негізгі ойды бөліп ала алмау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алмау және оқиғалардың хронологиясын түсінбеу. Оқытуға жүйелі көзқарас, әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану ұсынылады. Сын тұрғысынан ойлау мен оқушылардың дербес аналитикалық қызмет дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады.

Аннотация: в статье рассматривается проблема развития грамотности чтения на уроках истории как ключевого компонента успешного освоения предмета. Автор раскрывает значение навыков чтения для понимания исторических процессов, выделяя основные трудности, с которыми сталкиваются ученики: неспособность выделить главное, установить причинно-следственные связи и осмыслить хронологию событий. Предлагается системный подход к обучению, использование различных методик и приемов. Особое внимание уделяется развитию критического мышления и навыков самостоятельной аналитической деятельности школьников.

Abstract: the article addresses the issue of developing reading literacy in history lessons as a key component of successful subject mastery. The author highlights the importance of reading skills for understanding historical processes, emphasizing the main difficulties students face: inability to identify the main points, establish cause-and-effect relationships, and comprehend the chronology of events. A systematic approach to teaching is proposed, involving the use of various methods and techniques. Special attention is given to the development of critical thinking and independent analytical skills among students.

Кілттік сөздер: оқу сауаттылығы, тарих, түсіну, пайдалану, әдістемелік тәсілдер, себеп-салдар байланыстары, орта мектеп.

Ключевые слова: грамотность чтения, история, понимание, использование, методические приёмы, причинно-следственные связи, средняя школа.

Keywords: reading literacy, history, understanding, usage, methodological techniques, cause-and-effect relationships, secondary school.

Грамотность чтения в контексте исторического образования можно определить как способность учащихся понимать, использовать и анализировать письменную информацию для решения познавательных задач по предмету. Она включает ряд взаимосвязанных умений:

- находить и извлекать нужные сведения из текстов исторических источников;
- интерпретировать информацию с учетом особенностей эпохи;
- устанавливать причинно-следственные связи, логику развития исторических процессов;
- проводить смысловой и критический анализ текста [2].

Развитие этих умений крайне важно, поскольку чтение является основным способом получения и переработки информации по истории. Школьники работают с учебной, художественной литературой, изучают документы, письма и другие письменные источники. Без грамотного, вдумчивого чтения невозможно по-настоящему разобраться в событиях прошлого.

К сожалению, многие обучающиеся испытывают трудности с чтением текстов на уроках истории. Они не могут выделить главное, установить причинно-следственные связи, разобраться в хронологии событий. Это приводит к поверхностному запоминанию материала, неспособности применять полученные знания.

Знания.

Чтобы решить эту проблему, из урока в урок мы целенаправленно развиваем навыки работы с текстом. Ученики, для понимания письменной информации, учатся правильному формулированию вопросов, смысловому чтению, анализу и обобщению данных.

Для эффективной работы в данном направлении применяется сочетание разнообразных методических приёмов: словарная работа, составление планов, таблиц, визуальных схем, ответы на вопросы разного уровня сложности [4].

Не менее важна организация самостоятельной аналитической

деятельности учеников при работе с текстами. Выполняя задания на сравнение, выявление причинно-следственных связей, аргументацию, школьники учатся извлекать информацию и применять её для решения познавательных задач. Так, например, организуя обсуждение исторического документа в группах или парах, учитель стимулирует процесс его глубокого осмысления. А письменные задания на сравнение разных точек зрения или поиск аргументов «за» и «против» учат критически анализировать информацию из различных текстов.

Работа с текстом на уроках истории включает несколько взаимосвязанных этапов.

На подготовительном этапе перед чтением важно заинтересовать учеников, мотивировать их к активной работе с информацией. С этой целью учащимся предлагается сформулировать вопросы, на которые они хотели бы найти ответы в тексте. Также на данном этапе нужно актуализировать имеющиеся знания и жизненный опыт детей, выявить уже знакомые и незнакомые понятия. Это поможет учащимся легче воспринимать новую информацию, соотнося её с уже известным.

Во время работы с текстом, учащимся задаются вопросы для мониторинга понимания материала, предлагается заполнить таблицы по образцу, подготовленному учителем, выделяя ключевые мысли предложенного текста.

После чтения необходим этап рефлексии. На данном этапе используются такие приёмы как «верные и неверные утверждения», «вопросы по содержанию текста». Иногда применяются творческие задания: написание мини-сочинений, эссе, создание

графических органайзеров. Они позволяют оценить понимание и глубину усвоения информации школьниками.

Работа над лексикой играет ключевую роль для понимания текстов по истории. Ведь в них содержится множество исторических терминов, имен, географических названий, а также устаревших слов. Поэтому на уроках организуется работа с терминами, ключевыми словами, словарные диктанты.

Для выявления уровня сформированности грамотности чтения на уроках истории необходима и ее диагностика. Ее результаты позволяют оценить эффективность используемых методик и при необходимости своевременно скорректировать работу.

В качестве критериев оценки грамотности чтения используются следующие параметры:

- полнота и точность понимания фактической информации текста;
- умение выделять ключевые идеи, главную мысль;
- способность устанавливать причинно-следственные связи событий;
- навыки интерпретации, критического анализа текста;
- знание терминов, исторических имен и понятий.

Для этой цели используются контрольные, тестовые работы.

В тестовых заданиях сочетаются вопросы с выбором ответа для проверки фактологических знаний, с открытым ответом для оценки глубины понимания материала, а также задания на интерпретацию текста, поиск аргументов.

Эффективное чтение исторических текстов требует формирования целого комплекса специальных навыков и умений. Рассмотрим примеры конкрет-

ных заданий, направленных на их развитие.

Одним из важнейших является навык постановки вопросов к прочитанному тексту. Это позволяет выявить понимание фактической информации, хронологии, причинно-следственных связей. Задание может звучать следующим образом: «После чтения текста составьте 5-6 вопросов по его содержанию. Вопросы должны относиться к разным аспектам: хронологии событий, причинам и следствиям, описанным фактам» [3. с. 7-15].

Для развития навыка выделения главного в тексте эффективно задание «Определение ключевых слов». Учащимся необходимо выбрать в каждом абзаце по 1-2 слова, несущие основную смысловую нагрузку. Это поможет лучше структурировать информацию.

Наглядно представить хронологию описываемых событий способствует задание на заполнение таблицы с датами и описанием фактов. Такая работа развивает важное умение структурировать информацию, устанавливать последовательность.

Для проверки знаний содержания текста, фактов, имен, дат подходят тесты с выбором одного или нескольких верных вариантов ответа из предложенного списка. Например: «Какое событие произошло раньше остальных: а) ..., б) ..., в) ...».

Для оценки умений устанавливать соответствия, связи между явлениями эффективны задания на определение правильных пар «дата – событие», «исторический деятель – факт биографии» и т.п.

Для проверки навыков выделять главную мысль, обобщать и структурировать материал используются задания с кратким

свободным ответом: «Сформулируйте главную идею текста», «Укажите основные причины события».

Наконец, задания с развернутым ответом позволяют оценить способность школьников интерпретировать и критически осмысливать текст. Например: «Какие аргументы приводит автор в поддержку своей точки зрения? С чем из его позиции Вы не согласны и почему?» [4].

Подводя итог, ещё раз отметим ключевую роль грамотности чтения для полноценного овладения знаниями по истории. К сожалению, наблюдения показывают, что многие учащиеся испытывают серьёзные затруднения при работе с текстом.

Чтобы решить эту проблему, нужен системный комплексный подход, включающий использование разных методик и приёмов обучения на всех этапах

триединого процесса:

- до чтения текста,
- во время работы с информацией,
- и после на этапе рефлексии и оценки результатов.

Такая целенаправленная, регулярная деятельность по обучению чтению, безусловно, даст положительные плоды. Школьники смогут глубоко понимать исторические источники, а значит, по-настоящему интересоваться прошлым. А это залог формирования образованного, интеллектуально развитого поколения.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Московкина С.Е. Грамотность чтения в проекте международной программы PISA как основа функциональной грамотности // Журнал «Препода-

ватель XXI век». – 2018. - №1-1. – 228 с.

2. Никонова М.А. Грамотность чтения: приемы эффективного обучения на уроках истории в школе // Журнал «Проблемы современного педагогического образования». - 2019. - №64. – 144 с.

3. Шамрай С. А. Инструменты развития читательской грамотности на уроках истории // Журнал «История». - 2018. - №20 (279). – 203 с.

4. Пентин А. Ю., Лушпарь Т. Д. Методика обучения работе с историческими источниками: учебно-методическое пособие. – Ярославль: РИО ЯГПУ, 2018. – 104 с.

5. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Уроки истории: думаем, спорим, размышляем. - Москва: Просвещение, 2011. - 154 с.



Жетписова Раушан Анашбековна,
химия пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші,
ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша
білім бөлімінің «Қ.Нұрғалиев атындағы
№43 мектеп-лицейі» КММ



Нашинова Жупар Келгеновна,
информатика пәні мұғалімі, педагог-сарапшы,
ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша
білім бөлімінің «Қ.Нұрғалиев атындағы
№43 мектеп-лицейі» КММ

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҒЫЛЫМИ-ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДА ДАМУЫ

Аңдатпа: «оқушылардың функционалдық сауаттылығын ғылыми-жаратылыстану бағытында дамыту» атты мақалада мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту процесі оқу қызметінің барлық түрлерінің нәтижелілігін оқу материалын меңгерту, жеке тұлғалық қасиеттердің пайда болуын есепке алатын бағалаудың жаңа жүйесін енгізуді айқындайтыны туралы жазылған.

Аннотация: в статье «Развитие функциональной естественно-научной грамотности учащихся» рассказывается о процессе развития функциональной грамотности школьников, определяющем внедрение новой системы оценки результативности всех видов учебной деятельности с учетом усвоения учебного материала, появления личностных качеств.

Annotation: the article «Development of functional natural science literacy of students» describes the process of developing functional literacy of schoolchildren, which determines the introduction of a new system for evaluating the effectiveness of all types of educational activities, taking into account the assimilation of educational material, the appearance of personal qualities.

Кілт сөздер: сауаттылық, функционалдық сауаттылық, бағалау, бағалау жүйесі.

Ключевые слова: грамотность, функциональная грамотность, оценивания, система оценивания

Keywords: literacy, functional literacy, assessment, assessment system.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында 5 жылдық ұлттық жоспарды қабылдау міндеті қойылған болатын, сол қазіргі таңда жұмысын жасауда. Қазақстан Республикасының орта білім беру саласындағы басым бағыттарын әлемдік білім беруді дамыту үдерістерімен сәйкестендіру мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын (ОФС) дамыту өзекті мәселеге айналып, өз жемісін беруде. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай сала-

сында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғында ЮНЕСКО құжаттарында пайда болып, кейін зерттеушілердің күнделікті өміріне енді. Функционалдық сауаттылық (ФС) кең анықтамасында білім берудің (ең алдымен жалпы) адамның көп қырлы қызметімен байланысын біріктіретін жеке тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде көрсетіледі, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін негізгі факторлардың біріне айналуға.

Функционалдық сауаттылық – білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы. Қазіргі тез өзгермелі

әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор. Функционалдық сауаттылық оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

XXI ғасырдың жан-жақты, зерделі, дарынды, талантты адамдарды қалыптастыруда білім беру мәселесі, оның оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, жаңа талаптар қойылуда. Соған орай ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Бұл жобаның тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушы өз ойын еркін жет-

кізуге, пәнге қызығушылығы оянып, талдау жұмыстарын жүргізе білуге үйренеді. Жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту процесі оқу қызметінің барлық түрлерінің нәтижелілігін оқу материалын меңгерудің процесуалды жағын және жеке тұлғалық қасиеттердің пайда болуын есепке алатын бағалаудың жаңа жүйесін енгізуді айқындайды.

Функционалдық сауаттылыққа қол жеткізген оқушы дегеніміз мектепте білім алуы барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, негізінен, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады. Жинақтай алғанда, функционалдық сауаттылық оқушының жеке тұлғасының әлеуметтенуіне игі ықпал ететін басты тірек болып табылады.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы (ЖФС) – жаратылыстану ғылымдарын тану және сұрақтар қою, жаңа білімді меңгеру, жаратылыстану құбылыстарын түсіндіру және жаратылыстану мәселелеріне қатысты ғылыми дәлелдемелерге негізделген қорытындыларды тұжырымдау үшін жаратылыстану білімін меңгеру және пайдалану қабілеті; жаратылыстану ғылымының адам танымының бір түрі ретіндегі негізгі белгілерін түсіну; жаратылыстану ғылымдары мен техниканың қоғамның материалдық, интеллектуалдық және мәдени салаларына әсер ететіндігі туралы хабардарлығын көрсету; жара-

тылыстануға қатысты мәселелерді қарастыру кезінде белсенді азаматтық ұстанымды көрсету.

Сонымен қатар оқушылардың креативті ойлауына да тереңнен назар аударылып отыр. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы (ЖФС) – жаратылыстану ғылымдарын тану және сұрақтар қою, жаңа білімді меңгеру, жаратылыстану құбылыстарын түсіндіру және жаратылыстану мәселелеріне қатысты ғылыми дәлелдемелерге негізделген қорытындыларды тұжырымдау үшін жаратылыстану білімін меңгеру және пайдалану қабілеті; жаратылыстану ғылымының адам танымының бір түрі ретіндегі негізгі белгілерін түсіну; жаратылыстану ғылымдары мен техниканың қоғамның материалдық, интеллектуалдық және мәдени салаларына әсер ететіндігі туралы хабардарлығын көрсету; жаратылыстануға қатысты мәселелерді қарастыру.

Химия және информатика пәндерінен функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында химиялық құбылыстарды ғылыми тұрғыда түсіндіру, ақпаратты тану, терминдерді сипаттау, білімін еске түсіру және қолдану, есте сақтау арқылы қайта жаңғырту, мәліметтерді талдау және қорытынды жасау, құбылыстарды түсіндіру, сипаттау, болжам жасау, деректер жинау, деректерді түсіндіру, қорытынды тұжырымдар жасау, ғылыми дәлелдемелерді пайдалану; ғылыми зерттеу жүргізу және бағалау-зерттеу сұрағын анықтау, зерттеу сұрағының әдістерін ұсыну, дәлелді деректерді мен түсініктерді сенімді сипаттау және бағалау.

Оқушылар практикалық жұмыстар арқылы жаңалықтарды ашуға қадам жасайды. Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығының құзіреттіліктерін тапсырмалар және зерттеу жобалары арқылы жүзеге асыруға болады. Күнделікті сабақтарда оқу

мақсатына сәйкес оқушылардың негізінде, оқушылар бойында мынадай дағдылар қалыптасды: Мәселерді шешу дағдылары. Өз бетінше ізденіп, талдап, оны таңдай біліп, қызығушылығы артады. Топта, жұппен жұмыс істеуі өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білу арқылы түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істей білу дағдылары қалыптасады.

Шешімдер қабылдау мен жауаптылыққа бейімділігі, жүйелік әдістер мен жүйелік сараптама-ларды пайдалану дағдысы. Өзінің шығарып отырған есептерінің, орындаған тапсырмаларының өмірмен байланысына көз жеткізе отырып, әр ісіне жауапты қарауға өз мүмкіндігін нақты перспективалық жоспар құрып салыстыра білу дағдысы. Түрлі тапсырмаларды шешудегі жағдаяттар оқушылардың өз ойлауын, нақты мінез-құлықтарын қалыптастыру, өзіндік әрекеттерге бағыт-бағдар беру.

Осы дағдылар арқылы оқушы бойында мынадай сапалар қалыптасады: белсенділік; шығармашылық тұрғыда ойлау; шешім қабылдай алу; өз кәсібін дұрыс таңдай алу; өмір бойы білім алуға дайын тұруы және тағы да басқалар бойынша. Әрбір мұғалім күнделікті өз сабақтарында оқу мақсаттарына сәйкес оқушылардың жаратылыстану ғылыми сауаттылығын, функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған тапсырмаларды ықпалдастырып отырса, керемет болар еді.

Бірақ мектептегі оқытуда әрине, кедергілер де кездеседі. Олар мектеп оқушыларының әлемдегі ақпаратты тұтастай емес, бөлшектеп білуімен шектелуі; алдыңғы өткен білімдерін, бүгінгі материалдармен басқа пәндермен байланыстыра отырып жаңғырта алмауы; мұғалімдер үшін оқушылардың алған білімдерінің тиянақты болуына, сапалы меңгеруіне, алған білімдерінің жақ-

сы дамуына жол ашуға пән мен пәнді байланыстыра оқытудағы байланысты жаңа әдіс тәсілдердің жетімсіздігі.

Қорыта келе, функционалдық сауаттылық арқылы оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету. Тез шешім қабылдауға дағдыланады, жауапкершіліктері артады. Шешіп отырған есептерінің, орындаған тапсырмаларының өмірмен байланыстырып, өз ісіне жауапты қарауға, түрлі тапсырмаларды шешудегі жағдаяттар оқушылардың ойлауын, нақты мінез-құлықтарын қалыптастырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына ар-

налған Жолдауы: «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір келешек» [16, 25 б.]

2. Функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған 2012-2016 жж. ұлттық іс қимыл жоспары. 25.06.2012. № 832 Үкімет қаулысы. [10, 206.]

3. Қазақстан Республикасында білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2011ж. [4, 156.]

4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана, 2012г. [12, 15 б.]

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 Қаулысы. З. Сергеева Т. Новые информационные технологии и содержание обуче-

ния (на примере предметов естественно-научного цикла). 1999, №1. [17, 19 б.]

6. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012.-Б. 42-47. Вершловский С.Г., Матюшкина М.Д. . [14, 20 б.]

7. Мектеп түлектерінің функционалдық сауаттылығы // әлеуметтік зерттеулер, №5, мамыр 2007 ж. . [13, 19 б.]

8. Интернет материалдары № 72 «Google» сайттары 2024 ж.

ҚҰМАШ НҰРҒАЛИЕВТІҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РӨЛІ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Солтанбекова Шырын Мұратқызы,
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы,
Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕ АҚ
Жоғары колледжі

Аңдатпа: мақалада Қ.Нұрғалиевтің педагогикалық көзқарастары мен кәсіби мұрасы, ұлттық білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі, сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиетін зерттеу, оқыту әдістемелерін жетілдіру саласындағы еңбектері сипатталады. Нұрғалиевтің шығармашылығы мен педагогикалық принциптері жастарды тәрбиелеу мен білім берудегі маңызды аспектілерге негізделген. Оның педагогикалық көзқарастары қазіргі күнде де өзектілігін сақтап, білім беру жүйесіне зор ықпал етуде.

Аннотация: в статье рассказывается о педагогических взглядах и профессиональном наследии К.Нурғалиева, его вкладе в развитие национальной системы образования, а также о его трудах в области исследования казахского языка и литературы, совершенствования методов преподавания. Творчество и педагогические принципы Нурғалиева основаны на важных аспектах воспитания и образования молодежи. Его педагогические взгляды сохраняют свою актуальность и оказывают значительное влияние на систему образования и в настоящее время.

Abstract: the article discusses the pedagogical views and professional legacy of K.Nurgaliev, his contribution to the development of the national education system, as well as his work in the field of studying the Kazakh language and literature and improving teaching methods. Nurgaliev's creativity and pedagogical principles are based on important aspects of youth upbringing and education. His pedagogical views remain relevant and continue to have a significant impact on the education system today.

Кілт сөзер: педагогикалық көзқарастар, мұра, оқыту әдістері, тілдік мәдениет, педагогикалық жаңашылдық.

Ключевые слова: педагогические взгляды, наследие, методы преподавания, языковая культура, педагогическое новаторство.

Keywords: pedagogical views, legacy, teaching methods, language culture, pedagogical innovation.

Құмаш Нұрғалиевтің кәсіби мұрасы мен педагогикалық көзқарастары мектепте білім беруді дамытуға қосқан үлесі зор. Ұлттық педагогиканың қалыптасуына үлес қосқан тұлға. Қ.Нұрғалиевтің қаншама тақырыптарда жазылған ой-пікірлерін, білім беру ісіндегі жаңашылдығы, еңбегі мен адамгершілік мұраты, ағартушылық тың идеялары ұлтқа мұра бола білді. Құмаш Нұрғалиевтің педагогикалық көзқарасында сол кезеңдегі қоғамдық көріністері, шығармашылық ізденістері, тұшымды тұжырымдары өшпес із қалдырды. Білім беру саласында рухани өсуіне, жастарды білім мен ғылымға, өнерге баулуды мақсат етті. Құмаш Нұрғалиевтің біз білім беруде қажет деп тапқан барлық құралдармен оқушының жеке тұлғасын дамытуға ат салыса отырып, оны қамтамасыз етуіміз керек деген құлшынысы әрбір ұстазға ерекше әсер береді [1, 4 б].

Құмаш Нұрғалиев қиыр шетте орналасқан Шығыс Қазақстан

облысындағы Марқакөл ауданының Боран ауылындағы ауыл мектебінің авторлық үлгісін құрды. Өз қызметінде авторлық мектеп құру арқылы ерекше мәдени орта жасауға тырысты. Мектеп – балалардың әлемге көзін ашып, оларды ғылым, техника, мәдениет саласындағы қазіргі заманға сай жетістіктерге тартуы тиіс дегенді ерекше назарда ұстаған. Құмаш Нұрғалиев 1981 жылы «КСРО Халық мұғалімі» атағын алды. Бұл атақ ерен еңбегінің жемісі еді. «КСРО Халық мұғалімі» деген атаққа ұсынылған оның құжаттары қаншама рет жоғалып кете берді. Шығыс Қазақстан облыстық комитетінің бірінші хатшысы Александр Константинович Протазанов оған телефон шалып, ешкімге тіс жармастан тікелей құжаттармен Алматыға ұшып келуді тапсырады. А.К.Протазанов бүкіл құжаттарды алып Д.А.Қонаевтың қабылдауына өзі кіреді. Осы жағдайдан кейін ғана оған «КСРО Халық мұғалімі» атағы берілген. Кешегі билік ба-

сында отырғандар Қ.Нұрғалиевке қаншама кедергі жасағанымен тарих әркез әділдікке өз төрелігін айтады. Қ.Нұрғалиевтің жемісі білім берген мыңдаған шәкірттері бола білді [2, 1 б].

Құмаш Нұрғалиевтің кәсіби мұрасы мен педагогикалық көзқарастары ерекше. Құмаш Нұрғалиев – қазақ білім беру жүйесінің көрнекті өкілі, ғылым мен педагогика саласындағы ерекше із қалдырған тұлға. Оның кәсіби мұрасы мен педагогикалық көзқарастары қазақ тілін, әдебиетті, және білім беру әдістемелерін дамытуға зор үлес қосқан.

Кәсіби мұрасы:

1. Қазақ әдебиеті мен тілін зерттеуі

Құмаш Нұрғалиев қазақ әдебиетінің тереңін зерттеген ғалымдардың бірі. Оның еңбектері қазақ сөз өнерінің бай мұрасын жүйелі түрде зерделеуге бағытталған. Әдебиеттану саласында ол қазақ халқының рухани қазынасын ұрпаққа жеткізудің тиімді

әдістерін іздеді.

2. Әдістемелік еңбектері

Құмаш Нұрғалиевтің әдістемелік еңбектері мектептер мен жоғары оқу орындарында қолданылып келеді. Оның оқыту технологиялары мен білім беру әдістері мұғалімдерге тиімді білім беру тәсілдерін ұсынды. Әсіресе, тіл дамыту мен әдебиет пәндерін оқытуда практикалық әдістерді енгізуінде маңызды рөл атқарды.

3. Оқулықтар мен оқу құралдары

Ол қазақ тілінде жазылған алғашқы оқулықтардың бірі болып табылатын әдістемелік құралдардың авторы. Бұл оқулықтар білім алушылардың оқу үрдісін жеңілдетіп, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Педагогикалық көзқарастары:

1. Ұлттық білім беру жүйесін дамыту;

Құмаш Нұрғалиевтің педагогикалық философиясының негізі – ұлттық құндылықтарды білім беру жүйесіне енгізу. Ол әрбір оқушының бойында туған жерге, ана тіліне, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті оятуға шақырды.

2. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;

Нұрғалиев оқыту барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға ерекше көңіл бөлді. Ол білім беру процесінде оқушылардың өз ойын еркін жеткізуіне, өзіндік пікірін қалыптастыруына мүмкіндік беру қажеттігін баса айтты.

3. Тілдік мәдениетті қалыптастыру;

Оның көзқарасында қазақ тілі мен әдебиетін терең меңгеру – ұлттық бірегейлікті сақтаудың негізгі жолы. Сондықтан ол тіл үйретудің заманауи әдістерін енгізуді қолдады.

4. Интерактивті оқыту әдістері;

Құмаш Нұрғалиев оқыту процесінде мұғалім мен оқушы ара-

сындағы тығыз қарым-қатынастың маңызды екенін атап өтті. Ол интерактивті әдістер арқылы білім алушылардың қызығушылығын арттырып, олардың білім сапасын жақсарту жолдарын ұсынды. Құмаш Нұрғалиевтің педагогикалық идеясының негізі өзегі оқушы мен оқытушы болып табылады. Ол баланы білім мен ғылымның, техниканың дүниесіне тереңдеп кіруге, техниканы игертуге ұмтылдырды. Қолынан келгенше біразын жүзеге асырды, кейбіріне заманы жол бермеді. Шәкірттерін төрге сүйреген ұстаз қала, орыс мектептерінен артта қалып жатқан ел-жұртын басқалардың өнер-білімін игеруге ғана шақырып қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға өлшеусіз үлес қосты. Құмаш Нұрғалиевтің еңбегі, ол ауылдағы мектепті мәдениет орталығына айналдырды [3].

Мектеп бірінші рет, эстетикалық орталықтардың жиынтығын: көркем галерея, киноклуб, акті және дискотека залы, әскери даңқ, әдеби және ел тану мұражайы, спорт алаңы бар, демалыс саябағы орналасқан мәдениеттің әлеуметтік институты ретінде көрінді. Құмаш Нұрғалиевтің педагогикалық нәтижелілігі – оқушылардың өнерге, ұлтаралық қатынас мәдениетіне, халық өнеріне деген ерекше қызығушылығымен сипатталады. Жас ұрпақты мәдениетті, білімді, бүгінгі өмір талабына сай баулу керек, бұл жұмыста қол жеткен жетістіктеріміз болса, қанағат етіп тұрып қалмай, үнемі іздену керек деді. Болашақ ұрпақты тәрбиелеу, өсіру, оқыту, үйрету керек. Бұл ұстаздың борышы, шәкірт алдындағы зор еңбегі, Отанға деген игі қызметінің бәрі осы үлкен арнаға сияды» деген Қ.Нұрғалиевтің ойында үлкен мән жатқандай.

Өзінің арманы мұғалімді барлығы құрметтеп, танитын мұғалімдік диплом жоғары бағаланатын уақыт туса деді.

Мұғалімдік отандық интеллигенцияның ең көрнекті бөлігі болуы қажет, деп ой толғайды. Білім беретін жақсы оқытушыны дүниедегінің бәрінен де қымбат көремін, халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы деді. Балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәләуға тиіс емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәләуі тиіс. Қаншама жетілдірілген техникалық құралдар болса да мұғалімнің жеке басын алмастыра алмайды. Оның оқушыға деген жүрегінің жылуы ешқашан сөнбек емес деген [4, 1 б].

«Жер бетіндегі ең үлкен байлық – бұл қарым-қатынас байлығы» дейді, сондықтан сабақта коммуникативтік әдіс кеңінен қолданылады. Бұл әдіс бойынша оқушыларды сабақ барысында бақылау: сабақты зейін қойып тыңдауын қадағалау, оқушының толық түсінуін қамтамасыз ету сияқты т.б. көптеген жұмыс түрлерімен қатар шығармашылық жұмыстарын қорғай білу түрлері де жатады.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша қазақ әдебиеті пәнінің ҰМЖ берілген әр сыныптың тақырыптарына үнілсек, бірнеше сағатқа берілген тақырыпты бекіту кезінде «Шығармадағы ұлттық құндылықтар» тақырыбына жеке бір сағат бөлінеді.

Жалпы ұлттық құндылық мәселесін көтергенде оқушының тілге, туған жерге, салт-дәстүрімізге, адами қасиеттерімізге деген

ұғымын кеңейтіп, рухани баюына ықпал жасау көзделеді. Сабақ барысында оқушы берілген тапсырмалардың әр түрлілігін ескеріп, өз көзқарасын, сыни ойын, шығармашылығын көрсете білуіне жағдай жасалу керек. Ол үшін қысқа мерзімді жоспар жазу кезінде сабақтың әр кезеңінде қолданылатын әдістер сабақтың тақырыбымен үндесіп қолданылуы керек деп ойлаймын. Сонда ғана мұғалім күткен нәтижесіне қол жеткізеді. Мысалы: Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесін қорытындылау кезінде «Тамыры терең тәрбие» тақырыбы бір сағатқа беріледі. Сабақты «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» әдісімен ашуға болады. Оқушылар шеңберге тұрады, үйден шығарда естіген ата-анасының тілегін дауыстап айтып, жақсы тілекті еске түсіріп, ой түйінін басталады. Мысалы: «Балам, бүгінгі күңіңе сәттілік!», «Бес

ал!”, “Біліміңді көрсете алатыныңа сенемін!” деген сияқты өз ата-аналарынан естіген жақсы сөздерді тізбектеп кезекпен айтып шығады. Келесі «Бесіктегі бес сұрақ» әдісі арқылы бес асық таңдайды, әр асықта жазылған (Сүйсінгенім..., Қызыққаным..., Мені ойландырған..., Маған өте жақын..., Талқылағым келеді...) сияқты бес сұраққа повестің желісі бойынша сөз тіркесі не сөйлем арқылы жылдам жауап береді. «Мен өзіме әркез сенемін» әдісі арқылы

- «Ертегісіз ескен бала – рухани мүгедек адам»

- «Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты»

- «Момыштан сұраңдар, Момыш біледі...»

- «Қорықпа, қорықпа! Берік отыр!»

- Қария кісілердің сақалынан қасиет-қадір белгісі көрініп тұрар еді» сияқты тақырыптарға шығарма желісі бойынша жауап береді, ұлттық құндылық туралы ой қозғайды.

«Блум түймедағының» негізінде жасалған «Сұрақ қойып үйренейік» құралы арқылы оқушыларға 6 түрлі сұрақтар беріледі.

1. Қарапайым сұрақтар
2. Нақтылау сұрақтары
3. Бағалау сұрақтары
4. Шығармашылық сұрақтары
5. Түсіндірмелі сұрақтары
6. Тәжірибелік сұрақтары арқылы ұлттық құндылықтарды пайдаланып сұрақтар құрастырады.

«ПОПС формуласы» әдісі арқылы жұптық жұмыс кезінде әр жұпқа тақырыптық сұрақ беріледі:

I жұп: Бауыржан – батыр тұлға Бауыржанға ата батасы қабыл ма?

II жұп: «Жеті атасын білмеген – жетесіз» Елтану тек жеті атаға тіреле ме?

III жұп: Шығарма неліктен «Ұшқан ұя» деп аталады?

IY жұп: Әкесінің «Тура Момыш» атану себебі не?

Ү жұп: «Тәрбие -тал бесіктен» деген нақыл сөзге көзқарасыңыз қандай?


Оқушылар әр сұраққа жауап бере отырып, ұлттық құндылықтарды (бата, жеті ата, ұя – шаңырақ, адами қасиеттер т.б.) анықтап, мысалмен дәлелдейді. Әр топ өздеріне берілген тақырыптарды шығармадан дәлел келтіре отырып ашып айтады.

«Қаламгер» әдісі арқылы «Тәрбие – тал бесіктен» тақырыбында шағын әдеби эссе жазады. Сыныпты үш топқа бөледі: I топ кіріспе бөлімді, II топ негізгі бөлімді, III топ қорытынды бөлімді жазады. «Тәрбие – адам тағдырын шешетін ұлы іс» деген тіркеспен сабақты қорытындылайды.


Осылайша, сабақтың өн бойында ұлттық құндылықты танып, түсініп, құндылықтың не екеніне баға беріп, өз бойына түйіп алады.

Әдебиеттен қорытынды сабаққа дайындық үшін үйге берілетін, салыстырмалы талдауда елеулі орын алатын жұмыстың бірі – шығармашылық жұмыс. Бұл жерде оқушыларға халықтық тәрбие негізінде ұлтымыздың қасиетін көрсетіп, рухын асқақтататын тапсырмалар беріледі. Мәселен, «Өтілген тақырыппен ұқсас басқа ақын-жазушылардың шығармаларына салыстырмалы талдау жаса. Және өз ойыңды ұлттық сананы оятатын құндылығымызбен байланыстырып, қорға!» сияқты шығармашылық жұмыс түрлері беріледі. Нәтижесінде оқушы бірнеше ақын-жазушылардың ой-пікірін танып-біліп, өз ой-қорытындысын жасайды. Сонымен қатар, ұлттық тәлім алуда қолданған суреттерін қорғап, шешендігін дамытады.

Мысалы Абай Құнанбайұлының «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңін талдау-қорытынды сабағында оқушылар 4 топқа бөлініп, үй тапсырмасын алдын ала мұғалім тарапынан ойластырылып, құрылған төрт тақырыпқа дайындалып келеді. Шығармалардың тақырыбын, мазмұнын, оны жазған ақындардың идеясын ұғуға байланысты қолайлы ұлттық құндылығымызды таңдап алады. Мәселен, 1-топқа «Өлең – өнер» тақырыбында Абай өлеңдерін зерделеу мақсатында қазақтың ұлттық аспабы домбыраның суреті беріледі, оқушылар домбыраның қасиеті мен өнердегі орны туралы айта отырып, ақынның өнерге берген бағасына сыни тұрғыдан талдау жасап, өз көзқарастарын білдіреді. 2-топ «Сөз зергері» тақырыбы бойынша Абайдың өлең туралы жазған шығармаларын салыстыру, ұқсастықты іздеу мақсатында қазақтың киіз үйін алады, оның әр уығына өлең, сөз құдіреті туралы өлеңдерін жазады. Сонымен қатар, киіз үйдің шаңырағы, керегесі, ішіндегі жабдықтары арқылы зергерлік өнермен де таныса отырып, жұмыстарын қорғайды. 3-топқа «Сөз өрнегі өлеңде» тақырыбы бойынша, Шәкәрімнің «Ажалсыз әскер» өлеңімен салыстыру беріледі, олар қазақтың ұлттық ою-өрнегін алып, қошқар мүйізі оюының екі жағына екі ақынның өлеңдерін салыстырады, оның маңызын аша біледі. 4-топқа «Сөз құдіреті» тақырыбы беріледі. Оларға бұл тақырыпты ашу үшін қыран суреті беріледі. Қыранның екі қанатына Абай Құнанбайұлы мен Мұқағали Мақатаев өлеңдерін салыстыру және қыранның қасиеттерін өлең мен ақындар қасиетімен астастыра білу ұсынылады.



«Өлең – өнер»



«Сөз зергері»



«Сөз өрнегі өлеңде»

Әр пәннің өз тілі, оған қойылатын талаптары бар. Сондықтан бұл жұмыстар келесі мақсат бойынша жүргізіледі:

1. Аз сөзге терең мағына сыйғызу (нақтылық, дәлдік);

2. Ойын бейнелі, көркем айшықты оралымдарды пайдалана отырып жеткізу (ауызша, жазбаша);

3. Ауызекі сөйлеу тіліндегі мәнерлілік, айқындылық, нақтылық, еркіндік, жүйелілік.

Осылайша, кез келген тақырыпты өткенде сол тақырыпты ашатын, идеясын ұқтыратын шығармашылық жұмыс түрлерін таңдай білу – мұғалім шеберлігі арқылы жүзеге асады. Бұдан оқушы ақын ойы мен өз ойын салыстырып, өз қорытындысын шығарып отырады, дәлелдемелер келтіріп, ой түйін жазады. Бұл ретте зерттеу жұмыстары барлық оқушының қолынан келе бермейді. Сол себепті жеке оқушымен жеңілдеу жұмыс түрлері енгізіледі. Бұл технология элементтерін пайдаланып, сабақта оқушылардың салыстыру, жинақтау, талдау, нақтылау, жүйелей білу дағдыларын қалыптастырып, өткен сабаққа қарағанда бүгінгі

сабақта қандай жетістіктерге жеткендерін бақылауға көмегін тигізеді. Осы элементтерді қолдануда оқушылардың танымдық қабілеттері, сөздік қоры молаяды, оқытуда жағымды әрекет қалыптасады. Өзара іс-әрекет процесінде өзіне зейін аударту, психологиялық қатынас орнату, сөйлеу мәдениетін дамыту жүзеге асады. Ал сөздік қорының дамуы мәтінмен жұмыс істегенде, белгілі мәселені шешкенде дамиды.

Осындай халықтық тәлім негізінде шығармашылық жұмыс түрлері ұлттық құндылығымызды оқушы бойына сіңіруде үлкен рөл атқарады. Себебі оқушылар аталған жұмыс түрлерін үлкен қызығушылықпен атқарады.

Сабақ оқытудағы ең негізгі процесс болғандықтан, оны еске қалдыру, жан-жақты оқушы бойына сіңірте білу әрбір пән мұғалімінің өзіндік шеберлігін, шығармашылық еңбегін қажет етеді.

Таңдалып алынатын әдістер сабақтың басынан аяғына дейін бір-бірімен жүйелі байланыса білу керек, себебі әдістердің шығармашылық жұмыс негізінде жүргізілуінің нәтижесі оқушылардың

жауапкершілігін, тиянақтылығын арттырады. Бұдан оқушылардың білімділігін, бірін-бірі құрметтеп, сыйлай білуін және достық қабілеттерінің қалыптасқанын, ой-өрістерінің дамығанын, ұқыптылық, ұйымшылдық қасиеттерінің қалыптасқанын, бірлікке, батылдыққа талпынғанын байқауға болады. Осындай жұмыстар кезінде оқушылар өз міндеттерін уақытында орындап, сабақ соңында өз деңгейін бағалай біледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. С.Дәрібаев, Г.Орда, А.Сағытұлова Қазақ әдебиеті – Алматы «Мектеп» 2018. – 88-93 б.

2. Қ.О.Бітібаева. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі. Өскемен, 2015-Б.181-192

3. 15.11.2024ж. <https://bilim-all.kz/article/19556-Qazaq-tili-sabaqtarynda-ulttyq-qundylyqtardy-igeru-arqyly-zheketulgany-damytu>



ҚЫЗЫҚТЫ ФИЗИКА ӘЛЕМІ (ВАРИАТИВТІК КУРС)

Ракишева Гульмира Байғалиевна,

физика пәні мұғалімі,

ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№15 орта мектебі» КММ мектеп директоры

Аңдатпа: «Қызықты физика әлемі» бағдарламасы физикаға ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытудың инновациялық тәсілі болып табылады. Оқу процесінде тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескереді және олардың қажеттіліктеріне бейімделген әртүрлі оқыту әдістерін қолданады.

Аннотация: программа «Увлекательный мир физики» является инновационным способом обучения обучающихся с особыми образовательными потребностями в физике. В учебном процессе опытно-экспериментальная работа учитывает индивидуальные особенности учащихся и использует различные методы обучения, адаптированные к их потребностям.

Annotation: the Fascinating World of Physics program is an innovative way to teach students with special educational needs in physics. In the educational process, experimental work takes into account the individual characteristics of students and uses various teaching methods adapted to their needs.

Тірек сөздер: инновациялық тәсіл, оқыту әдістері, оқу мотивациясы.

Ключевые слова: инновационный подход, методы обучения, учебная мотивация.

Keywords: innovative approach, teaching methods, educational motivation.

Инклюзия - бұл «...жеке баланы өзгерту немесе түзету емес, ол оқу және әлеуметтік ортаны берілген баланың мүмкіндіктеріне бейімдеу».

Профессор Ульф Янсон.

Жалпы білім беретін мектептерде жайлы инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру қоғамның алдына қойған міндеттері. Әлемдік білім беруде әрбір баланың сапалы білім алу құқығын тануға бағдарланған оң үрдістер байқалуда. Бұл инклюзивті білім беру ортасын құру үшін оқу әдістерінің икемділігімен, оқу үлгерімін бағалау жүйесімен және теңдік, ортақтастық, ынтымақтастық құндылықтарына баса назар аударумен көрінеді. Қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған оқу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу өте маңызды. Ерекше қажеттіліктері бар балалар көбінесе материалды игеруде қиындықтарға тап болады және жеке көзқарасты қажет етеді. «Қызықты физика әлемі» бағдарлама-

сы оқушылардың осы санаты үшін физика бойынша қолжетімді және қызықты оқытуды қамтамасыз етуге бағытталған.

Бағдарлама оқу процесінде тәжірибелік-эксперименттік жұмысты белсенді пайдалануды көздейді. Бұл балаларға теорияны үйреніп қана қоймай, физикалық құбылыстарды өз тәжірибелері арқылы тікелей көруге және түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл тақырыпқа деген қызығушылықты оятады және оны игеруді жеңілдетеді. Бұл оқушылардың танымдық ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Бағдарлама физиканы оқытудың заманауи ғылыми және әдістемелік тәсілдері негізінде әзірленген. Ол ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуде қолданылатын ең жақсы тәжірибелер мен әдістерді ескереді және оларды оқу процесіне біріктіреді.

«Қызықты физика әлемі» бағдарламасы физикаға ерекше білім беру қажеттіліктері бар ба-

лаларды оқытудың инновациялық тәсілі болып табылады. Ол өзекті ғылыми және педагогикалық тәсілдерді, сондай-ақ оқытудың инновациялық әдістерін біріктіреді, бұл оны бірегей және тиімді етеді.

Бағдарлама ішкі бірлік және жұмыстың әдіснамалық негізі тұрғысынан бағалаудан өтті. Оның негізінде оның тұтастығы мен тиімділігін қамтамасыз ететін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың нақты қажеттіліктеріне бағытталған нақты құрылған әдіс жатыр.

Бағдарлама шеңберінде қол жеткізілген нәтижелер мұқият талданады және олардың негізділігі мен сенімділігі тұрғысынан бағаланады. Бағдарлама нақты білім беру мақсаттарына жетуге бағытталған және оның сапасы мен маңыздылығын қамтамасыз ету үшін әрбір нәтиже сыни бағаланады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған «Қызықты физика әлемі» курсының мақсаты физиканың негізгі қағида-дәстүрлерін меңгеруге және оқушы-

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ МАСТЕРСТВО

лардың сыни ойлау қабілетін, шығармашылығы мен әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал ететін қолжетімді және қызықты білім беру ортасын құру болып табылады.

Курстың міндеттері:

1. Бейімделген білім беру ортасын құру: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар әрбір оқушының жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескеретін оқу бағдарламасын әзірлеу. Бұл оқытудың әртүрлі әдістерін қолдануды, сондай-ақ сөйлеу патологоанатомтары мен психологтар сияқты мамандарды қолдауды қамтиды.

2. Физикаға деген қызығушылықты ынталандыру: Физикалық құбылыстар мен тәжірибелерге қызығушылық тудыруға бағытталған тартымды және интерактивті іс-шараларды құру. Бұған демонстрацияларды, қолдан жасалған тәжірибелерді және жобалық жұмыстарды тарту кіруі мүмкін.

3. Сыни ойлауды дамыту: Оқушыларға ақпаратты талдау және бағалау, гипотеза жасау және оларды эксперимент арқылы тексеру мүмкіндігін беру. Бұл сыни ойлауды дамытуға және проблемаларды шешуге ғылыми әдісті қолдану қабілетіне ықпал етеді.

4. Негізгі құзыреттерді қалыптастыру: Курс коммуникациялық дағдылар, командалық жұмыс, тәуелсіздік, шешім қабылдау сияқты негізгі құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған. Бұл дағдылар бүгінгі қоғамда табысты бейімделу үшін өте маңызды.

5. Педагогиканың ғылыми қағидаттарымен ықпалдасу: Курс оқытуды саралау, белсенді оқыту және контекстік оқыту сияқты оқытудың заманауи ғылыми тәсілдерін ескере отырып әзірленген. Бұл тиімді және біртұтас білім беру бағдарламасын жасауға мүмкіндік береді.

6. Курсты бағалау және бейімдеу: Курстың тиімділігін үнемі

бағалау және оны білім алушылардың қажеттіліктеріне бейімдеу. Бұл білім беру сапасын үздіксіз арттыруды және қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған «Қызықты физика әлемі» курсының күтілетін нәтижелері мыналарды қамтиды:

1. Құштарлық және өзара іс-қимыл: Оқушылар физиканы оқуға деген құштарлығын тарту және түсінікті материалдар, кешендік эксперименттік оқыту, интерактивті іс-шаралар арқылы көрсетеді.

2. Негізгі ұғымдарды түсіну: Балалар физиканың негізгі ұғымдарын қолдан жасалған тәжірибелер мен көрнекі көрсетілімдер арқылы түсінеді, бұл оларға материалды жақсы меңгеруге көмектеседі.

3. Сыни ойлауды дамыту: Оқушылар ақпаратты талдау және бағалау, гипотезаларды тұжырымдау, сондай-ақ оларды эксперимент арқылы тексеру қабілетін дамытады, бұл сыни ойлауға ықпал етеді.

4. Практикалық дағдылар: Балалар тәжірибелер жүргізуге, деректерді өлшеуге және өңдеуге байланысты практикалық дағдыларды меңгере алады, бұл олардың үйренгендерін тәжірибеде ойдағыдай қолдануға мүмкіндік береді.

5. Тәуелсіздік және өзіне сенімділік: Оқушылар өз бетінше жұмыс істеу, шешімдер қабылдау, проблемаларды шешу дағдыларын дамытатын болады, бұл олардың өздеріне сенімділігі мен дербес қызметке дайындығына ықпал етеді.

6. Әлеуметтік дағдылар: Курс балалардың басқалармен табысты қарым-қатынас жасауына көмектесетін командалық жұмыс, қарым-қатынас және ынтымақтастық сияқты әлеуметтік дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

7. Оқу үлгерімі мен академиялық уәждеменің жақсаруы: Курс-

ты сәтті аяқтау және жақсы нәтижелерге қол жеткізу балалардың оқу уәждемесін және өзіне деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді, бұл ұзақ мерзімді перспективада оқу үлгерімі мен оқудағы табыстың артуына әкелуі мүмкін.

Курсқа әдістемелік сүйемелдеу ретінде тиімді технологияларды қолдандым.

Тұлғаға бағытталған технология:

- Эмоционалдык көңіл-күй құру;

- Білімді қолданудың түрін және пішінін таңдауға оқушыға мүмкіндік беру;

- Проблемалық шығармашылық тапсырмаларды пайдалану;

- Тапсырмаларды орындаудың әр-түрлі тәсілдерін оқушылардың дербес таңдауына бағыттау.

Саралау және даралау технологиясы:

- Оқушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қабілетін дамытумен қатар оқушыларға өз білімін жаңа әдіспен бағалауға мүмкіндік береді;

- Оқушылар өзінің біліміндегі жетістіктер мен жіберген кемшіліктері туралы мәліметтер алып, өз еңбегіне талдау жасайды.

Квест-технологиясы:

- Оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ету;

- Ортақ міндеттерді ұжымдық шешу жолымен әлеуметтік-коммуникативтік қасиеттерді, жауаптылық дамыту;

- Әр түрлі ойын жағдайларына батырудың арқасында танымдық-зерттеу іс-әрекетін ынталандыру.

Кейс-технологиясы:

- Оқушылардың бойында жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыру;


- Әр түрлі проблемаларды талдау және оларды шеше білу қабілетін дамыту;

- Ақпаратпен жұмыс жасауды үйрету.

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ МАСТЕРСТВО

Сонымен қатар шығармашылыққа үйрету тұлғаның интеллектуалдық аспектісін ғана емес, оның психологиялық ерекшелігіне де көп өзгеріс береді. Мысалы: адам денесінің орташа тығыздығын есептеу кезінде оқушы өз бетімен қажетті ақпараттарды жинақтайды (адам денесінің массасы және көлемді ваннаға су толтыру арқылы анықтайды).[8]

Ваннаға батырылғаннан кейінгі су деңгейі
Бастапқы су деңгейі



1-сурет.

Курс бағдарламасында практикалық тапсырмаларда қарастырылған.

«Алфавит». Оқушылар әрқайсысы алфавиттің бір-бір әрпін алып, жыл көлемінде оқыған материалдарынан өздеріне түскен әріпке сәйкес тақырыптарды айтып шығады. Мысалы, «Қаратпа сөз, қыстырма сөз, қосарлы айқындауыш, қарсылықты салалас, қарсылықты сабақтас т.с.с.

Оқу сауаттылығының негізі – мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Мұның өзі әр оқушымен жеке жұмыс істеуге және қарым-қатынаста болуына мүмкіндік жасайды.

Алфавит
Оқушылар әрқайсысы алфавиттің бір-бір әрпін алып, жыл (тоқсан) көлемінде оқыған материалдарынан өздеріне түскен әріпке сәйкес тақырыптарды айтып шығады.

Қозғалыс.
Орын ауыстыру.
Үдеу.
ХБЖТ.с.с.

2-сурет.

«Данышпан үкілер» Мәтіннен негізгі (жаңа) ұғымдарды тауып, оларды алфавиттік ретте жазыңыз. Мәтіннен сіз күтпеген, сіздің бұрынғы ұғымдарыңызға қарсы тұрған ақпаратты табыңыз.

Сізге жаңалық болған ақпаратты жазыңыз.

Тақырып: Физикалық шамалар және оларды өлшеу.

Мәтін: Халықаралық бірліктер жүйесі (SI) 1960 жылы өлшемдердің метрлік жүйесін көп ел қабылдады және соның негізінде Халықаралық бірліктер жүйесі жасалды. Қысқаша белгіленуі «SI», қазақ тілінде «ХБЖ». «Système international» француз тілінен аударғанда «халықаралық бірліктер жүйесі» деген мағына білдіреді. Негізгі шамалар. Негізгі бірліктер: ұзындық, масса, уақыт, температура, ток күші, зат мөлшері, жарық күші, метр (м), килограмм (кг), секунд (с), градус, Кельвин (К), Ампер (А), моль (моль), Кандела (кд).

1. Маңызды өмірлік даналық.

Мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен білдіріңіз. Халықаралық бірліктер жүйесі.

2. Таныс және таныс емес.


Мәтіннен сізге алдында таныс болған және мүлдем таныс емес ақпаратты табыңыз.

Негізгі бірліктер ұзындық, масса, уақыт, температура, метр (м), килограмм (кг), секунд (с), градус.


Таныс емес: ток күші, зат мөлшері, жарық күші, Кельвин (К), Ампер (А), Моль (моль), Кандела (кд).

3. Иллюстрациялық бейнелеу.

Мәтіннің негізгі ойын сурет, сызба, карикатура т.б. арқылы бейнелеп көріңіз.



3-сурет.



4-сурет.

Ерекше білімді қажет ететін білім алушылармен анаграммаларды шешу оқушыларға келесі пайдалылықтарды көрсетеді: сөзге деген сезімталдығын дамыту; эрудицияны арттыру; ойлау қабілетін дамыту және оқу тұлғасын қалыптастыру; танымдық үрдістерге қызығушылықты арттыру, оқу үдерісін жақсарту; өз білімдерін нақты практикада қолдана білуге үйрету.

БАСҚАТЫРҒЫШ

Р	О	Л	Ш	Е	М	А	О	Н	Ф
Т	Ы	Г	Ы	З	Д	М	К	Т	А
Е	Т	А	Р	А	З	Ы	Н	Ь	О
М	Ж	Н	К	А	А	П	Д	Б	Н
О	У	Ж	Р	Т	Ф	К	З	Ю	Р
М	Ш	А	М	А	О	Ш	Ы	Л	Д
О	Т	З	Е	Ч	Т	Р	Д	Н	
Н	О	Х	Т	Я	Ь	Х	Ы	О	Ь
Н	Н	Е	Р	Н	Н	Я	Т	И	Ю
Д	Р	Л	А	О	Г	Ю	У	Ж	Т
У	К	Ш	И	С	Ь	У	Э	О	
К	Е	Р	А	Н	С	В	К	Е	Н
Ш	Н	О	О	М	А	А	Ц	Н	П
Э	Г	Л	Т	Р	А	М	Т	Ж	
Ш	И	Д	У	К	О	Л	Д	Ш	
К	Н	Л	О	М	Е	Т	Р	Ш	Н

Мына сөздерді табыңыз:
Километр, Өлшем, Инерция, Күш, Тығыздық, димометр, Грамм, Ньютон, Таразы, Килоньютон, Шама, Метр, Масса

АНАГРАММА
Жылдамдық К (ас бөлмедегі құрал)
Уақыт Т (ат ағынағы соғалатын зат)
Жыл Л (емсі толы)
Таразы Ы (музыка, поэзия мәнерлеуі)
Масса А (төбісі, алма, бүге, міре)
Тығыздық К (миде айында пісетін жидек)
Көлем М (өсімдіктің гүлшоғыры)

АНАГРАММА
ШЕЛІНІЗ ЖӘНЕ АРТЫҚ СӨЗДІ АНЫҚТАҢЫЗ

МЫСЫҚ қосымша
НАУДА-аудан
УШК-қуш
КАЛЫСА-палса
ЮТОНН-ютонн
НОМРЕТМА-номретма
РОТМЕБА-ротмеба
РСОЫ-рсоы
УРЕТКС-уреткс
КНВЫКТ-кнвыкт
АРТЫҚ СӨЗ (тақырыпқа қатысы жоқ) -----

АНАГРАММА
ОРИНТЕДІ АУЫСТЫРЫП ЖАҢА СӨЗ АЛЫҢЫЗ

1. ПУЛЬС+МИ—диопсис-----
2. ГИР+Я+НЭ—эерсия-----
3. ИОД+РЕП—перюд-----
4. ЛПК+ЕЖ—перюд-----
5. АГ+КУ-----
6. МЫС+ЖУ-----
7. У+ЖЫЛ-----
8. РЯД+ЗА-----
9. ТРЕК+ЭЛ-----
10. МАГ+ТНН-----

5,6-сурет. Басқатырғыш, анаграммалар шешу

Анаграмма шешу кезінде күтілетін нәтижелер оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін және оларды қазіргі әлемге ойдағыдай бейімделуге дайындайтын оқытудың ажырамас тәсілін білдіретін болады.

Нәтижесінде, «Қызықты физика әлемі» бағдарламасы ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала-

лар үшін физика әлеміне есік ашатын, олардың қызығушылығын ынталандыратын және олардың дағдыларын дамытатын өзекті, әдіснамалық негізделген және инновациялық курс болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Авдарсоль С. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы критериалды бағалаудың рөлі // Вестник-Хабаршы Абай атындағы ҚазҰПУ. 2018. – №2(62). – Б. 181-187.
2. 12 жылдық білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тұжырымдамалық тұғырлары: әдістем. құр. / Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. – Астана, 2013. – 41 б.
3. Блум Б. Таксономия педагогических целей. – М.: Новая школа, 1997. – 62 с.
4. Басова Е.А., Формирование у подростков функциональной грамотности в сфере коммуникации: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01. - СПб., 2012. – 22 с
5. Рауандина А.К. Физиканы оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі: 13.00.02: пед. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 2010. – 26 с.
6. Оразақынова Н., Кенжебаева Г.М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47.
7. С.Әлімқұлова «Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудағы логикалық тапсырмалар» Физика мектепте № 5, 2006 жыл.
8. Я.И.Перельман «Занимательная физика» 1 кітап баспа «Ғылым» 1971.-23 с.

Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ МЫСАЛ ЖАНРЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ



Мухаметкалиева Жанат Бидахметовна,

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, филология магистрі,
ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша
білім бөлімінің «Ахмер орта мектебі» КММ

Аңдатпа: мақалада Қ.О.Бітібаеваның инновациялық технологиясы негізінде мысал жанрын оқытудың әдіс-тәсілдерін тәжірибеде қолдану жолдары ұсынылады. Әдіскер ғалым Қ.Бітібаеваның әдебиетті тереңдетіп оқыту әдістемесінде ұсынылған мысал жанрын оқып-үйрену және талдау жолдары қарастырылған. Заманауи білім беру саласында бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруда, оның шығармашылық қабілетін дамытуда мысал жанрының маңыздылығы сөз етілген.

Аннотация: в статье на основе инновационной технологии К.О.Битибаевой на практике предлагаются методы обучения виды жанров - басни. Приводятся способы изучения и анализа жанра, представленного в методике углубленного преподавания литературы ученым-методистом К.Битибаевой. Отмечается значение видов жанра басни в формировании конкурентоспособной личности в сфере современного образования и развитии его творческих способностей.

Abstract: in the article, based on the innovative technology of K.O. Bitibaeva, methods of teaching types of genres - fables - are proposed in practice. Methods of studying and analyzing the genre presented in the methodology of in-depth teaching of literature by methodologist K.Bitibaeva are presented. The importance of types of the fable genre in the formation of a competitive personality in the field of modern education and the development of his creative abilities is noted.

Түйін сөздер: білім беру, әдебиет пәні, рухани тәрбие, оқыту әдістемесі, инновациялық технология, Қанипа Омарғалиқызы.

Ключевые слова: образование, предмет литературы, духовное воспитание, методика преподавания, инновационная технология, Канипа Омарғалиевна.

Keywords: education, literature subject, spiritual education, teaching methodology, innovative technology, Kanipa Omargalievna.

Қазақстан Республикасының дербес мемлекет болып әлемдік кеңістікте нығая түсуі еліміздегі білім беру саласында түрлі педагогикалық технологияларды кеңінен қолдануға бағытталған бет бұрыстарды талап етіп отырғаны белгілі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «XXI ғасыр-білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелестік қабілетін арттыра алады...» [1,140], - деп халқына жолдауында айтқандай, еліміздің біліммен бәсекеге қабілетті болатынымызды атап көрсететті. Сондықтан ұстаздың іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыруы – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

«Мектеп – білімнің көзі, адамгершіліктің ордасы, тәрбиенің бесігі» деген нақылға сүйен-

сек, жан-жақты дамыған, қоғамға белгілі сауатты да білімді, рухани дүниесі бай тұлғаны тәрбиелеуде мектептегі қай пәннің болмасын алатын орны зор. Тұлғаның адами болмысын, рухани жан-дүниесін, шығармашылық дарын көзін ашуда әдебиет пәнінің маңызы сөзсіз. Осы орайда қазақ педагогикасының жарық жұлдызы, «Қазақтың Қанипасы» атанған Қанипа Омарғалиқызы: «Әдебиет пәні де – өнер пәні. Әдебиетті ұлағатты адамдар «адамтану құралы» десе, әдебиет пәнін «адам тәрбиелеу құралы» дередік. Ол жасөспірімдерге әдебиеттанудан, сөз маржандарының қыр-сырын игеруден жай білім ғана беріп қоймайды, ең бастысы, өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді» - деп анықтама бергендей әдебиет пәнінің ауқымы өте жоғары, сондықтан да оны оқытудың күрделілігі мен қиын-

дығын да ұстаз өз еңбектерінде атап көрсетеді [2,6].

Сонымен мектепте әдебиет пәні барлық пәннің анасындай қызмет атқарады. Қанипа Омарғалиқызы білім мен ғылымның, жалпы қазақ халқының Анасы болмақ. Ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Әдебиетті оқытуда мұғалім ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі мен ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешелігі де, күрделілігі де осында. «Әдебиет – жан дүниені, он екі мүшені, алпыс екі тамырды түгелдей жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі – адамды өз ырқына жетелеп алатын қасиетті дүние. Оны оқытудың қызығы да, күрделілігі де осында» [2,10] деп оқыту барысының нәтижелі, жемісті болуы мұғалім әдістемесіне, шеберлігіне де байланысты

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ МАСТЕРСТВО

екендігін атап көрсетеді [2,13].

Қанипа Омарғалиқызының «Ой тастау, ойланту» технологиясы оқушының білімді өз әрекеті арқылы ғылыми ізденіске жетелейтін, құзырлыққа бағытталған тапсырмалармен «ой салу, ойланту» технологиясы бойынша оқушының өнімді әрекетке жетуіне негіз болып отырады.

Ұстаз – «Әдебиетті тереңдетіп оқыту», «Әдебиетті оқыту әдістемесі», «Мектепте М.Әуезовті оқыту», «Мектепте Абайды оқып-танытудың» жаңашыл технологиясы атты ғылыми еңбектер мен ғылыми мақалалардың авторы. «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» атты еңбегінде ғалым ұстаз: «Мектептегі оқыту үдерісі оқыту әдістері арқылы жүзеге асады. Әдебиетті оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс немесе репродуктивтік әдіс, эвристикалық әдіс (ішінара іздендіруші) әдіс, зерттеу әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше», - деп оқыту әдістерін саралап қана қоймай, оларды тиімді жүргізудің жолын көрсетеді [3,43].

Ұстаздың «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы» еңбегіне сүйенсек, төмендегі әдістерді қай мәнде пайдалану тиімді болады, соған тоқталады [4,8].

Сөздік әдіс: Берілетін білім ақпараттық сипаттау болғанда, білімді қалыптастыру, соның ішінде теориялық білім беру, жаңа ұғымдарды оқушыға жеткізуде бұл әдіс өте тиімді. Көрнекілік әдіс: берілетін білім мазмұны көрнекілікті тілеп тұрғанда, уақыт үнемдеуде, әсіресе, оқушы психологиясына әсер ету мақсатында өте тиімді болады. Практикалық әдіс: Оқушылардың теориялық білімін практикада пайдалана білу дәрежелерін жетілдіреді. Зерттеу әдісі: Берілетін білімнің ғылымилығын арттыру, қосымша материалдармен байыту оқушыларды

іздендіру, өз беттерімен проблема шешу мәселелерінде тиімді.

Ұстаз еңбектерінде терең зерттелген, заман талабына сай жан-жақты тұлғаны дамытуда, оның шығармашылық қабілетін оятуда мысал жанрының маңызы зор.

Мысал – аллегориялық жанр. Айтылатын ой ашық берілмейді. Астармен, меңзеумен беріледі. Жануарлар әлемі, құс, өсімдік, тағы басқа мысалдар бас кейіпкер ретінде алынады. Әдебиеттегі оқу бағдарламасында мысалдар көбінесе оқытудың бастауыш буынында беріледі. Ең алдымен, мысал жанры, оның өзіндік ерекшелігі туралы әдеби-теориялық ұғымынан мағлұмат, түсінік берген жөн. Яғни, мысалда ойдың ашық айқын берілмейтіні, жорамал, меңзеу астарлы түрде берілетіні, кекесін мысқыл, әжуа, юмор, ащы сатира оның негізгі көркемдік тәсілі екендігін оқушыларға әңгімелеу, баяндау әдісімен жеткізген дұрыс. Мысалдарды оқу, талдау барысында бұл түсініктерге қайта оралып, осы ұғымдарды оқушылардың өзіне аңдатып, түйіндетіп отыру керек.

Оқығалы отырған мысалды алдын ала үйде оқып келу тапсырылса, оның тиімділігі тіпті зор болмақ. Мысалдарды талдаудың ең тиімді әдісі рөлге бөліп оқу, сахналау-көрініс жасау. Сабақтың кіріспе бөлімінде мұғалім мысал жанры туралы тағы да қайталап, өздері үйден танысып келген «Есек пен бұлбұлды» жазған орыс жазушысы И.Крылов, оны аударған Абай аталары туралы шағын әңгіме дерек береді. Мысал алдын ала оқуға тапсырылғандықтан мынадай сұрақтармен оқушыларды пікірлесіп, әңгімелесуге шақыруға болады.

- «Мысал» деген не? - Өздерің оқыған мысалдың мазмұнын, болған оқиғасын қайсысың әңгімелер едің? - Бұл мысалдағы кейіпкерлер кімдер? - Олар арқылы ақын нені, кімдерді сөз етпек болған? - Ойыңды мысалдан үзін-

ді ала отырып дәлелдеуге тырыс. Мәтінмен жұмыс істемес бұрын мұғалім түсініксіз сөздерге түсіндірме жасау аса қажетті мәселелердің бірі. Сабақты қызықты етіп өткізу үшін оқушылармен мысалды талдау, сахна алдында көрініс беріп, «Бұлбұл» әнін де пайдаланса артық емес. Мысалдарды оқушыларға тек өздігінен талдауға ұсынуға болады. Ол үшін әр бөлімдегі оқыту тәсіліне назар аударған жөн. Мысалы: I бөлім - авторлық баяндау, суреттеу; II бөлім - диалог, сұрақ; III бөлім - баяндау, суреттеу; IV бөлім - диалог, ақын; V бөлім - авторлық қорытынды, шешім, ақыл-нақылдардың орын алатындығын дәлелдеу дұрыс болып саналады. Ұлы дана, ойшыл ақын Абай Құнанбаев: «Өзіңе сен өзіңді сүйреп шығар» деп айтқандай ең бастысы, өзіне өзі сенімді, «Мен» менталитеті қалыптасқан оқушылар дайындауымыз шарт. Олай болса, «көзі ашық, көкірегі ояу», рухани жан дүниесі бай, ұрпақ тәрбиелеуде инновациялық технологияның алар орны да биік. Сондықтан, ізденген ұстаздан ғана шығармашыл, дарынды шәкірттің шығары анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Тоқаев Қ.К. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимылдар кезеңі.
2. Т.З. – Нұр-сұлтан, 2021. – 176 б.
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 288б.
4. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы: Мектеп, 2003. – 286 б.
5. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. А, 2012 ж.



ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФИЗИКАДАН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Әскербек Гаухар,

физика пәнінің мұғалімі,

ШҚО білім басқармасы Катонқарағай ауданы бойынша
білім бөлімінің «Жамбыл орта мектебі» КММ

Аңдатпа: мақалада физика сабақтарында жобалық оқыту әдісін қолданудың тиімділігі қарастырылады. Бұл әдіс оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытып, теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Жобалық оқыту барысында оқушылар дербес және топтық жұмыс арқылы ғылыми мәселелерді шешеді. Мақалада әдістің негізгі кезеңдері, оны сабақ барысында жүзеге асыру жолдары және оқушылардың білім деңгейіне әсері сипатталады.

Аннотация: в статье рассматривается эффективность применения проектного обучения на уроках физики. Данный метод способствует развитию исследовательских навыков учащихся и применению теоретических знаний на практике. В рамках проектного обучения учащиеся решают научные задачи как индивидуально, так и в группах. В статье описаны основные этапы метода, его реализация на уроках и влияние на уровень знаний учащихся.

Abstract: the article examines the effectiveness of project-based learning in physics lessons. This method enhances students' research skills and enables them to apply theoretical knowledge in practice. Through project-based learning, students solve scientific problems both individually and in groups. The article describes the key stages of the method, its implementation in lessons, and its impact on students' academic performance.

Кілт сөздер: физика, жобалық оқыту, функционалдық сауаттылық, эксперименттік жұмыс, зерттеу әдістері.

Ключевые слова: физика, проектное обучение, функциональная грамотность, экспериментальная работа, исследовательские методы.

Key words: physics, project-based learning, functional literacy, experimental work, research methods.

Қазіргі заманғы білім беру жүресінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – басты міндеттердің бірі. Функционалдық сауаттылық білім алушылардың теориялық білімді практикада тиімді қолдану, проблемаларды шешу, зерттеушілік және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруды қамтиды. Физика пәнінде бұл мәселе ерекше маңызды, себебі физикалық құбылыстар мен заңдылықтар күнделікті өмірмен, техникамен, өндіріс процестерімен және ғылыми-техникалық прогреспен тығыз байланысты. Дегенмен, дәстүрлі оқыту әдістері негізінен теориялық материалды меңгеруге бағытталғандықтан, оқушылардың эксперименттік-зерттеушілік дағдылары мен шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту жеткілікті деңгейде жүзеге аспайды. Осыған байланысты физика сабағында жобалық оқыту әдісін қолдану оқушылардың функционалдық са-

уаттылығын дамытуда тиімді педагогикалық технологиялардың бірі болып табылады.

Жобалық оқыту әдісі – білім алушыларды белсенді танымдық әрекетке тартып, олардың зерттеу, шығармашылық және мәселелерді шешу қабілеттерін жетілдіруге бағытталған әдіс. Бұл әдістің негізгі ерекшелігі – оқушылардың білімді дайын күйінде қабылдамай, өз бетімен ізденуі, ғылыми зерттеу жүргізуі, практикалық міндеттерді шешуі және қорытынды жасауы. Физика сабағында жобалық әдісті қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларды өздігінен жұмыс істеуге, тәжірибелік есептерді шешуге және ғылыми көзқарас қалыптастыруға үйретеді.

Мақаланың мақсаты – физика сабақтарында жобалық оқыту әдісін қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мүмкіндіктерін теориялық

тұрғыдан негіздеу және оның тиімділігін тәжірибелік зерттеулер негізінде анықтау. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер айқындалады:

Физика пәніндегі функционалдық сауаттылық ұғымының ғылыми-теориялық негіздерін қарастыру;

Жобалық оқыту әдісінің негізгі ұстанымдары мен ерекшеліктерін талдау;

Жобалық әдісті физика сабағында қолданудың тиімді әдістерін сипаттау;

Әдістің оқу процесіндегі ықпалын анықтау мақсатында отандық және шетелдік зерттеулерге шолу жасау.

Функционалдық сауаттылықты дамыту мәселелері педагогика және психология ғылымдарында кеңінен зерттелген. Оқытудың конструктивтік теориясының негізін қалаушылар Дж.Дьюи, Л.Выготский, Ж.Пиаже еңбектерінде

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ МАСТЕРСТВО

білім алуда тәжірибеге негізделген оқыту әдістерінің маңыздылығы атап көрсетіледі. Дж.Дьюи оқытудың тәжірибелік сипатына баса назар аударып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен дербестігін арттырудың маңыздылығын негіздеді. Л.Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы бойынша, оқушылар өзара әрекеттесу және тәжірибелік іс-әрекеттер арқылы білімді меңгереді. Ж.Пиаже оқытудың когнитивті даму теориясында оқушылардың зерттеу әрекеттері мен проблемалық тапсырмалар арқылы білім алуының тиімділігін көрсетті.

Қазақстандық зерттеушілер арасында Қ. Құдайбергенова, Ж. Қараев, Қ. Сарбасова еңбектерінде функционалды сауаттылықтың маңызы мен оны қалыптастыру жолдары қарастырылады. Отандық педагогикалық зерттеулерде оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту үшін жобалық оқыту технологияларын пайдалану қажеттілігі атап өтіледі. Сонымен қатар, физика пәнінде функционалды сауаттылықты дамытуға арналған арнайы әдістемелік зерттеулер жүргізген М.П.Степанова, В.И.Дмитриенко, Н.Н.Суртаева сынды ғалымдардың еңбектерінде жобалық оқытудың тиімділігі ғылыми-эксперименттік тұрғыдан дәлелденген.

Жалпы, физика сабақтарында жобалық оқыту әдісін қолдану оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін жетілдіріп, олардың пәндік білімдерін нақты өмірмен байланыстыруына ықпал етеді. Бұл әдіс білім алушылардың логикалық ойлауын дамытып, эксперименттік есептерді шешу қабілетін арттырады. Сондықтан жобалық оқыту әдісін білім беру тәжірибесіне кеңінен енгізу – қазіргі заманғы педагогиканың өзекті міндеттерінің бірі.

Жобалық оқыту – білім алушылардың өздігінен ізденуіне, зерттеу жүргізуіне және алған білімдерін

нақты өмірде қолдануына бағытталған тиімді педагогикалық әдіс. Бұл әдіс арқылы оқушылар теориялық білімді практикамен ұштастырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дағдыланады. Физика пәнінде жобалық оқыту әдісін қолдану – оқушылардың функционалды сауаттылығын арттырудың маңызды құралдарының бірі. Себебі физика заңдары мен құбылыстары тек теориялық білім ретінде қабылданбай, шынайы өмірдегі техникалық және технологиялық үдерістермен байланыста қарастырылады.

10-11 сыныптарда физика пәнін оқыту барысында оқушылардың аналитикалық ойлау қабілеттері дамығандықтан, олар күрделі тақырыптарды зерттеуге және өз бетімен шешім шығаруға қабілетті. Сондықтан жобалық оқыту әдісін қолдану арқылы олардың ғылыми-зерттеу, инженерлік есептерді модельдеу және физикалық заңдылықтарды практикада қолдану дағдыларын жетілдіруге болады.

Жобалық оқыту әдісінің негізгі принциптері:

1. Белсенділік және дербестік принципі – оқушылар оқу процесіне белсенді қатысып, өз бетінше зерттеу жүргізеді.

2. Ғылымилық және нақтылық принципі – жоба тақырыптары нақты ғылыми деректерге негізделеді, ал жүргізілетін зерттеулер шынайы нәтижелер береді.

3. Практикаға бағытталу принципі – жобалар нақты өмірмен байланысты болуы тиіс, яғни олардың нәтижелері күнделікті тұрмыста немесе өндірісте қолданылуы мүмкін.

4. Шығармашылық және зерттеушілік принципі – оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, ғылыми жаңалықтар мен технологияларды зерттеуге ынталандырылады.

5. Топтық және жеке жұмыс принципі – оқушылар жобаларды жеке немесе шағын топтарда орындай алады, бұл олардың ұжымдық жұмыс жасау қабілетін дамытады.

Кезеңдері	Алгоритмі
1-кезең: Жобаны жоспарлау	<ul style="list-style-type: none"> – Мұғалім оқушыларға зерттеуге лайық тақырыптар ұсынады немесе оқушылар өздері тақырып таңдайды. – Жобаның мақсаты мен міндеттері айқындалады. – Жобаға қажетті ресурстар мен құрал-жабдықтар анықталады. – Топтық немесе жеке жұмыс форматы белгіленеді.
2-кезең: Теориялық зерттеу және мәлімет жинау	<ul style="list-style-type: none"> – Оқушылар таңдалған тақырып бойынша әдебиеттерді зерттейді, қажетті деректер мен формулаларды жинақтайды. – Ғылыми мақалалармен, оқулықтармен, интернет-ресурстармен жұмыс жасалады. – Физикалық заңдар мен формулаларды талдау арқылы гипотеза ұсынылады.
3-кезең: Эксперименттік зерттеу және практикалық жұмыстар	<ul style="list-style-type: none"> – Оқушылар зертханалық тәжірибелер жүргізеді немесе компьютерлік модельдеу арқылы нәтижелерді талдайды. – Физикалық құбылыстарды зерттеу үшін арнайы құрылғылар (интерактивті тақталар, датчиктер, симуляторлар) қолданылады. – Деректер жинақталып, есептеулер жүргізіледі.
4-кезең: Жобаны қорғау және талдау	<ul style="list-style-type: none"> – Оқушылар өздерінің зерттеу нәтижелерін презентация түрінде сынып алдында немесе ғылыми конференцияларда қорғайды. – Мұғалім және сынып оқушылары жоба нәтижелерін бағалайды. – Жоба нәтижелері қорытындыланып, ұсыныстар беріледі.

1-кесте. Жобалық оқыту әдісінің негізгі кезеңдері

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ МАСТЕРСТВО

Жобалық оқыту әдісін физика сабағында қолдану мысалдары:

1-мысал: «Күн энергиясын қолдану»

Мақсаты: Күн энергиясын түрлендіру механизмдерін зерттеу және оның тиімділігін бағалау.

Процесі:

- Оқушылар күн батареяларының жұмыс принципін зерттейді.

- Күн энергиясын қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтайды.

- Үй жағдайында шағын күн панелін жасап, оның тиімділігін эксперименттік түрде тексереді.

- Алынған деректерді өңдеп, қорытынды жасайды.

Нәтижесі: оқушылар жаңартылатын энергия көздерін зерттеп, оларды күнделікті өмірде пайдалану жолдарын ұсынады.

2-мысал: «Ньютон заңдарын техникада қолдану»

Мақсаты: Көлік қозғалысындағы Ньютон заңдарының рөлін зерттеу.

Процесі:

- Автомобильдердің тежеу жүйесі мен қозғалысын Ньютон заңдары негізінде қарастыру.

- Күш, үдеу және масса арасындағы байланысты тәжірибелік есептеулер арқылы анықтау.

- Arduino платформасында шағын көлік моделін жасап, оның қозғалыс динамикасын зерттеу.

Нәтижесі: оқушылар қозғалыс заңдарының техникада қалай қолданылатынын практикада көрсетеді.

Жобалық оқыту әдісін қолдану ерекшеліктері.

Жобалық оқыту әдісі оқушылардың теориялық білімдерін практикамен ұштастырып, олардың зерттеушілік, шығармашылық және талдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Әдістің тиімділігі нақты сабақтарда қолдану нәтижесінде анықталады. Осы бөлімде 10-11 сынып оқушылары арасында өткізілген физика сабақтарында

жобалық әдісті қолдану тәжірибесі мен оның нәтижелері сипатталады.

Сабақ тақырыбы: «Күн энергиясын түрлендіру және оның тиімділігі»

Сабақтың мақсаты:

Күн энергиясының физикалық негіздерін зерттеу;

Күн панельдерінің жұмыс принципін түсіну және оның тиімділігін тәжірибелік жолмен анықтау;

Жаңартылатын энергия көздерінің маңыздылығын сараптау.

Сабақтың кезеңдері мен оқушылардың белсенділігі

1-кезең: Теориялық дайындық

Оқушылар күн энергиясын түрлендіру процестерін қарастырып, фотоэлектрлік эффект, жарықтың жұтылуы және электр тогын өндіру процестерін зерттеді. Осы кезеңде оқушылар Кулон заңы, Ом заңы және Джоуль-Ленц заңы секілді негізгі физикалық заңдарды қайталап, олардың күн панельдерімен байланысын анықтады.

2-кезең: Жобалық зерттеу жұмыстары

Оқушылар топтарға бөлініп, шағын күн панельдерін пайдаланып, олардың тиімділігін өлшеу бойынша тәжірибелер жүргізді.

Әр топ күн панелінің кернеуі мен тогын мультиметр арқылы өлшеді.

Панельдің әртүрлі бұрыштарда орналасуы кезінде алынған энергия көлемін салыстырды.

Әртүрлі жарық көздерінде (күн сәулесі, жасанды жарық) күн панелінің тиімділігін зерттеді.

3-кезең: Нәтижелерді талдау және қорытындылау

Оқушылар өлшеу нәтижелерін графиктер мен диаграммалар арқылы ұсынды. Алынған мәліметтерді талдау барысында келесі қорытындылар жасалды:

- Күн панелінің тиімділігі оның жарық сәулесіне түсу бұрышына тікелей байланысты екендігі анықталды.

- Табиғи күн сәулесі жасанды жарық көздеріне қарағанда әлдеқайда тиімді энергия көзі болып

табылады.

- Қара түсті беткі қабаттардың жарық энергиясын жақсырақ сіңіретіні дәлелденді.

Сабақтан кейінгі нәтижелер мен оқушылардың жетістіктері.

Жобалық оқыту әдісін қолдану нәтижесінде келесі оң өзгерістер байқалды:

- Физикадан функционалдық сауаттылық артты

- Оқушылар күн энергиясын түрлендіру процестерін нақты өмірлік контексте қарастырды.

- Теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыра отырып, олардың маңыздылығын түсінді.

- Зерттеушілік дағдылар қалыптасты

- Оқушылар өз бетімен зерттеу жүргізіп, мәліметтерді жинақтау, оларды өңдеу және қорытынды жасау қабілеттерін дамытты.

- Өлшеу жұмыстарын орындап, алынған нәтижелерді талдау арқылы ғылыми зерттеу әдістерін меңгерді.

- Топтық жұмыс дағдылары жақсарды

- Топтық зерттеу жұмыстарында оқушылардың бірлесіп әрекет ету, идея алмасу, пікірталас жүргізу және ортақ қорытынды жасау дағдылары қалыптасты.

- Оқушылар өзара рөлдерді бөлісіп, әрбір топ мүшесі белсенді қатысушы болды.

- Техникалық құралдарды қолдану тәжірибесі артты

- Оқушылар мультиметр, жарық сенсорлары және компьютерлік симуляторларды қолдану арқылы зерттеу жүргізді.

- Arduino платформасында қарапайым автоматтандырылған күн панелі моделін жасауға қызығушылық білдірген оқушылар болды.

- Пәнге деген қызығушылық өсті.

Сабақ соңында жүргізілген сауалнама бойынша оқушылардың 85%-ы жобалық әдіспен оқытылған сабақтардың қызықты әрі

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ МАСТЕРСТВО

пайдалы екенін айтты.

10-сынып оқушыларының 72%-ы өздерінің болашақта жаңартылатын энергия көздерімен байланысты жобаларға қатысуға ынталы екенін көрсетті.

Физика сабақтарында жобалық оқыту әдісін қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, олардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамытуға және пәнге деген қызығушылығын күшейтуге ықпал етеді. Сабақ барысында оқушылар өздігінен зерттеу жүргізу, тәжірибелік өлшеулер жасау және нәтижелерді талдау дағдыларын меңгерді. Бұл әдіс олардың логикалық ойлау қабілетін дамытып, ғылыми зерттеулерге деген қызығушылығын арттырады. Сондықтан жобалық оқыту әдісін 10-11 сыныптарда кеңінен қолдану – білім берудің

тиімділігін арттырудың маңызды қадамы болып табылады.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Құдайбергенова Қ. Жаңартылған білім беру мазмұны және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 280 б.

2. Қараев Ж. Инновациялық білім беру технологиялары. – Алматы: Білім, 2018. – 312 б.

3. Сарбасова Қ. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері. – Астана: Фолиант, 2019. – 198 б.

4. Степанова М. П. Функциональная грамотность учащихся: методология и практика формирования. – Санкт-Петербург: Лань, 2018. – 256 с.

5. Дмитриенко В. И. Проектная деятельность в обучении физике: современные подходы и технологии. – Москва: Просвещение, 2020. – 310 с.

6. Суртаева Н. Н. Формирование функциональной грамотности школьников в процессе обучения физике. – Казань: Казанский университет, 2019. – 284 с.

7. OECD. PISA 2018 нәтижелері: Оқушылар не біледі және не істей алады? (1-том). – Париж: OECD Publishing, 2019.

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Қазақстанда білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2017.

КАК РАЗВИТЬ КРИТИЧЕСКОЕ МЫШЛЕНИЕ И ПОИСК НЕСТАНДАРТНЫХ РЕШЕНИЙ НА УРОКАХ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Жакабаева Эльмира Халилхановна,

учитель начальных классов,
КГУ «Средняя школа № 8» акимата города Усть-Каменогорска



Андатпа: бұл жұмыста бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын дамыту және стандартты емес шешімдерді табу әдістері мен тәсілдері қарастырылады. Жұмыс практикалық тәжірибеге негізделген және бастауыш сынып оқушыларының аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін тапсырмалар үлгілерін қамтиды. Қорытынды бөлімде мұғалімдерге оқушылардың дербес ойлауын және стандартты емес шешімдерді іздеуді ынталандыратын оқу ортасын құру бойынша ұсыныстар берілген.

Аннотация: в данной работе рассматриваются методы и приёмы развития критического мышления и поиска нестандартных решений у учащихся начальной школы. Работа основана на практическом опыте и содержит примеры заданий, способствующих развитию у младших школьников аналитических и творческих способностей. В заключении приведены рекомендации для педагогов по созданию учебной среды, стимулирующей самостоятельное мышление и поиск нестандартных решений.

Abstract: this paper examines methods and techniques for developing critical thinking and fostering unconventional problem-solving among elementary school students. Modern education requires children not only to memorize information but also to Based on practical experience, the work includes examples of tasks that promote the development of analytical and creative abilities in young students. The conclusion offers recommendations for educators on creating a learning environment that encourages independent thinking and the pursuit of unconventional solutions.

Кілт сөздер: сыни ойлау, бастауыш мектеп, ерекше шешімдер, шығармашылық ойлау, оқыту әдістері, практикалық тәжірибе.

Ключевые слова: критическое мышление, начальная школа, нестандартные решения, творческое мышление, методы обучения, практический опыт.

Keywords: critical thinking, elementary school, unconventional solutions, creative thinking, teaching methods, practical experience.

Современный мир требует от человека не только знаний, но и умения анализировать информацию, критически мыслить и находить нестандартные решения. Начальная школа – это период, когда у детей формируются основы мышления, привычка задавать вопросы, делать выводы и искать творческие подходы к решению задач.

Однако традиционные методы обучения часто ориентированы на запоминание и воспроизведение информации, а не на её осмысление. Поэтому важной задачей учителя становится создание условий, в которых ученики смогут развивать критическое мышление, учиться анализировать, сопоставлять факты и находить несколько решений одной проблемы.

В данной работе рассматрива-

ются практические приёмы и методы, которые помогают формировать критическое мышление и способность к нестандартным решениям у младших школьников.

Цель работы

Определить и описать эффективные методы и приёмы развития критического мышления и поиска нестандартных решений у учащихся начальных классов на примере практического опыта учителя.

Задачи работы

1. Раскрыть понятие критического мышления и поиска нестандартных решений и их значение в обучении младших школьников.

2. Определить условия, необходимые для формирования критического мышления у детей (атмосфера в классе, подход учителя, выбор заданий).

3. Описать конкретные методы и

приёмы, которые можно использовать на уроках для развития аналитических и творческих способностей у детей.

4. Проанализировать практический опыт и оценить эффективность предложенных методик.

5. Предложить рекомендации для учителей начальных классов по внедрению таких методов в образовательный процесс.

Актуальность темы

В условиях стремительного развития технологий и большого потока информации особенно важно научить детей самостоятельно мыслить, проверять факты, аргументировать своё мнение и находить оригинальные пути решения задач.

Формирование критического мышления с начальной школы способствует не только успешному об-

учению, но и подготовке ребёнка к жизни в современном обществе, где важны инициативность, креативность, умение анализировать и принимать решения.

Структура работы

Работа состоит из нескольких частей:

1. Теоретический обзор: что такое критическое мышление и нестандартное решение задач.

2. Описание методов и приёмов, используемых в начальной школе.

3. Практический опыт и примеры заданий.

4. Выводы и рекомендации для учителей.

Используемые подходы помогут учителям развивать у детей умение рассуждать, задавать вопросы и искать оригинальные решения, делая процесс обучения более интересным и эффективным.

1.2. Основная часть.

Современная школа должна не только давать знания, но и формировать у учеников гибкость ума, способность анализировать информацию, задавать вопросы и находить нестандартные решения. Работая в начальной школе, я заметила, что даже самые маленькие дети способны критически мыслить, если создать для этого подходящие условия. В этой статье поделюсь практическими приёмами, которые успешно применяю в своей работе.

1. Создание атмосферы открытого мышления

Чтобы дети не боялись думать нестандартно, важно сформировать обстановку, в которой каждый ответ ценен, а ошибки воспринимаются как часть обучения. В начале года я договариваюсь с учениками о правилах:

- Мы задаём вопросы и не боимся ошибаться.

- Мы ищем несколько решений для одной задачи.

- Мы учимся доказывать свою точку зрения.

На стенде в классе у нас висит плакат «Думай по-другому!», где есть примеры неожиданных решений задач и интересные вопросы.

2. Методы развития критического мышления

Метод «Что, если...?»

Этот приём помогает детям рассматривать ситуацию под разными углами. Например, на уроке окружающего мира я спрашиваю:

- Что, если бы не было гравитации?

- Что, если бы животные умели говорить?

- Что, если бы деревья могли ходить?

Такие вопросы учат детей анализировать ситуацию, строить гипотезы и находить логические связи.

Метод «Шесть шляп мышления» (Э. де Боно)

Этот метод я использую для обсуждения сказок и рассказов. Дети мысленно «надевают» шляпы разного цвета и анализируют текст с разных позиций:

- Белая шляпа – факты (что произошло?).

- Красная шляпа – эмоции (как себя чувствуют герои?).

- Чёрная шляпа – критика (что в истории было неправильно?).

- Жёлтая шляпа – плюсы (что хорошего в поступках героев?).

- Зелёная шляпа – творчество (как можно изменить концовку?).

- Синяя шляпа – контроль (какие выводы можно сделать?).

Дети учатся разностороннему анализу и сравнению разных точек зрения.

Метод «Адвокат дьявола»

Этот приём особенно полезен в обсуждениях. Например, если дети считают, что дружба – это всегда хорошо, я прошу их представить ситуацию, когда дружба может привести к неприятностям. Это помогает не слепо принимать утверждения, а учиться сомневаться и доказывать свою позицию.

3. Методы поиска нестандартных решений

дартных решений

Творческие задания «Используй по-другому»

На уроках технологии и окружающего мира я предлагаю детям придумать необычное применение обычным предметам. Например:

- Как можно использовать пластиковую бутылку, если у вас нет воды?

- Какие необычные способы использования карандаша можно придумать?

Дети предлагают самые неожиданные варианты – от создания мини-горшков до постройки башен.

Решение задач несколькими способами

В математике мы часто ищем разные пути решения одной задачи. Например, задачу 18 – 9 можно решить через вычитание, сложение, использование числового луча.

«Продолжи историю»

Я начинаю рассказ, а дети продолжают. Например:

«Ты гулял в парке и вдруг увидел, что дерево зашевелилось и заговорило... Что будет дальше?»

Это развивает фантазию, логику и способность связывать события в истории.

4. Работа в группах и сотрудничество

Чтобы дети учились обсуждать, спорить и аргументировать, я часто провожу задания в парах и группах:

- Мозговые штурмы (например, «Как бы выглядел мир без солнца?»).

- Ролевые игры («Ты мэр города. Как улучшить жизнь жителей?»).

- Совместные проекты (создание газет, планеты будущего, своего алфавита).

Дети учатся слушать друг друга, обсуждать и находить решения вместе.

Воспитать поколение думающих, креативных людей – это одна из важнейших задач начальной

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ МАСТЕРСТВО

школы!

Выводы:

1. Развитие критического мышления и нестандартного подхода к решению задач – важная задача начального образования. Современный мир требует от человека способности анализировать информацию, задавать вопросы и искать новые решения. Начальная школа играет ключевую роль в формировании этих навыков.

2. Для эффективного развития критического мышления необходима особая учебная среда. Учитель должен создавать атмосферу, в которой ученик не боится ошибаться, свободно высказывает свои мысли и анализирует различные точки зрения.

3. Использование активных методов обучения значительно повышает уровень аналитического и творческого мышления у детей. Такие методы, как «Шесть шляп мышления», проблемные вопросы, мозговые штурмы, творческие задания и работа в группах, помогают детям развивать способность рассуждать, аргументировать и предлагать нестандартные решения.

4. Критическое мышление развивается через практику. Важно регулярно включать в уроки задания, требующие осмысления, сопоставления фактов и поиска новых подходов. Например, рассуждения на тему «Что, если...?», анализ альтернативных концовок сказок, решение одной задачи разными способами.

5. Учитель должен быть не просто передатчиком знаний, а модератором дискуссий и наставником в поиске решений. Важно не давать готовые ответы, а направлять учеников к самостоятельному анализу и выводам.

6. Командная работа и обсуждения способствуют развитию гибкости мышления. Работа в парах и группах позволяет детям обмениваться идеями, учитывать разные

точки зрения и учиться аргументировать свою позицию.

7. Применение данных методов на практике подтверждает их эффективность. Ученики, которые регулярно участвуют в дискуссиях, творческих заданиях и анализе проблемных ситуаций, быстрее адаптируются к новым вызовам, проявляют инициативность и нестандартное мышление.

Развитие критического мышления и способности к нестандартным решениям должно стать приоритетом в современной начальной школе. Если учитель использует активные, творческие и аналитические методы обучения, ученики не только лучше усваивают материал, но и приобретают важнейшие навыки для будущей жизни: умение размышлять, ставить вопросы и находить решения в сложных ситуациях.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Блум, Б. С. Таксономия образовательных целей. Когнитивная область / Пер. с англ. – М.: Педагогика, 1986.

2. Воронцова, И. В. Развитие критического мышления у младших школьников // Начальная школа, 2020, №3, с. 12–18.

3. Громыко, Ю. В. Методология и технологии развития творческого и критического мышления. – М.: ИП Громыко, 2017.

4. Де Боно, Э. Шесть шляп мышления / Пер. с англ. – М.: Попурри, 2019.

5. Кудрявцева, Е. В. Формирование креативного мышления у детей младшего школьного возраста // Педагогическая наука и практика, 2021, №2, с. 45–52.

6. Липман, М. Критическое мышление в образовании. – СПб.: Питер, 2003.

7. Полат, Е. С. Методы активного обучения в начальной школе. – М.: Просвещение, 2018.

8. Старченко, Е. А. Игровые технологии в развитии критического мышления младших школьников // Образовательные технологии, 2022, №5, с. 30–37.

9. Фаслер, Р. Развитие творческого мышления у детей / Пер. с англ. – М.: Альпина Паблишер, 2015.

10. Хуторской, А. В. Критическое мышление и его формирование у школьников. – М.: Педагогическое общество России, 2016.



ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР – БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ТҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Абраимова Асель Багдаулетовна,

бастауыш сынып мұғалімі, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
ШҚО білім басқармасы Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімінің
«Жамбыл орта мектебі» КММ

Аңдатпа: бұл мақалада сандық құралдардың бастауыш сынып оқушыларына зерттеу қабілеттерін дамытуға қалай көмектесетіні қарастырылады. Ол цифрлық сауаттылықтың құндылығын 21-ғасырдың мүмкіндігі ретінде көрсетеді, жеке оқуды, жоба жұмысын және ғылыми ізденістерді ынталандырады. Жұмыс интерактивті тақталарды, құжат камераларын және Web-Quest технологияларын қоса алғанда, цифрлық құралдардың оқушыларға ақпаратты ашуға, бағалауға және ұсынуға қалай көмектесетіні зерттейді. Бұл технологиялар когнитивті өсуді ғана емес, сонымен қатар шығармашылықты, сыни ойлауды және ынтымақтастықты ынталандырады. Нәтижелер білім беру процесіне цифрлық технологияны енгізу оқу мүмкіндіктерін кеңейтетінін, белсенді білім өндірісіне ықпал ететінін көрсетеді.

Аннотация: в этой статье рассматривается, как цифровые инструменты могут помочь учащимся начальной школы развить свои исследовательские навыки. В нем подчеркивается ценность цифровой грамотности как возможности 21-го века, поощряющей индивидуальное обучение, проектную работу и научные исследования. В работе рассматривается, как цифровые инструменты, включая интерактивные доски, документ-камеры и технологии веб-квестов, помогают учащимся находить, оценивать и представлять информацию. Эти технологии не только стимулируют когнитивный рост, но и креативность, критическое мышление и сотрудничество. Результаты показывают, что внедрение цифровых технологий в образовательный процесс расширяет возможности обучения и способствует активному производству знаний.

Abstract: this paper examines how digital tools can help primary school students develop their inquiry skills. It highlights the value of digital literacy as a 21st century capability that encourages individualized learning, project work, and scientific inquiry. The paper examines how digital tools, including interactive whiteboards, document cameras, and webquest technologies, help students find, evaluate, and represent information. These technologies not only stimulate cognitive growth, but also creativity, critical thinking, and collaboration. The results show that integrating digital technologies into the educational process enhances learning opportunities and promotes active knowledge production.

Кілт сөздер: цифрлық сауаттылық, зерттеу дағдылары, жобалық оқыту, Web-Quest.

Ключевые слова: цифровая грамотность, исследовательские навыки, проектное обучение, веб-квест.

Keywords: digital literacy, inquiry skills, project-based learning, webquest.

Көптеген елдерде бастауыш білім берудің басым бағыттарының бірі оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық дағдылары мен цифрлық сауаттылығын дамыту болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының мұндай құзыреттерді функционалдық сауаттылықпен қатар меңгеруі 21 ғасырдың талабы болып табылады, себебі АКТ басқа оқу пәндерін оқуға арналған негізгі құрал болып табылады, білім берудің әртүрлі салаларын біріктіру үшін ресурстар мен техникалық құралдарды қамтамасыз етеді.

Қазіргі мектептегі жаратылыстану біліміндегі түбегейлі өзгерістердің бірі оның әдістемелік

бағыты болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруі және оларды күнделікті оқу қызметіне, жобалық жұмысқа, зерттеу жұмысына біріктіру және нәтижелерді ұсыну қажеттілікке айналады [1]. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың жүйелі тәсілі білім беру үдерісін білімді тек дайын түрде беруден оқу пәндері арқылы оқушы тұлғасын дамытуға қайта бағыттау жағдайында орынды. Бұл тәсілді қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану-ғылыми білімдерін дамыту үшін оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің

шекарасын кеңейте отырып, АКТ-ны пайдалана отырып, өз бетінше оқуға, жобалық жұмыстарға және ғылыми-зерттеу әрекеттеріне ынталандыратын жағдайлар жасау өте маңызды.

Зерттеу дағдылары – оқушының ғылым негіздерін оқу барысында алған білімдері мен дағдылары негізінде ғылыми ізденіс логикасын сақтай отырып, ғылыми-зерттеу іс-әрекеті аясында ақыл-ой және практикалық әрекеттерді орындау қабілеті [2]. Бұл дағдыларға зерттеу мәселелерін шешу кезінде бақылаулар, эксперименттер және ізденістерді өз бетінше жүргізу қабілеті кіреді [3]. Қазақстанда бастауыш білім

беру мазмұнын жаңарту бастауыш сынып оқушыларының ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне белсенді қатысуы үшін жағдай мен мүмкіндіктер жасауға бағытталған [4]. Осы тұрғыда мектеп оқушыларының зерттеушілік дағдыларын дамыту Қазақстанның бастауыш білім беру жүйесі үшін өзекті міндетке айналады.

Осы орайда, бұл мақаланың мақсаты - бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік қабілеттерін дамыту құралы ретінде әртүрлі технологияларды қолдану мүмкіндіктерін зерттеу.

Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастыру. Цифрлық технологиялардың кең ауқымын пайдалану бастауыш сынып оқушыларының сауаттылығына әсер етеді, өйткені олар ересектердің сауаттылық тәжірибесін бақылайды және оқу, жазу және сөйлесу үшін цифрлық құрылғылар мен интернетті пайдалануға тырысады [5]. Цифрлық сауаттылық термині мен анықтамасы мектептерге информатиканың енгізілуімен пайда болған компьютерлік сауаттылық идеясынан шыққан. Оның мақсаты оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту болды [6], оның негізгі құрамдастарының бірі алгоритмдік ойлау болып табылады. Компьютерлік сауаттылық деп информатикадан базалық білім, компьютерді пайдалану, қарапайым бағдарламаларды жаза білу дағдыларын айтамыз.

Т.В.Бойко және Н.В.Скрипкинаның айтуынша, оқушылардың цифрлық сауаттылығы – цифрлық технологиялар мен интернет-ресурстарды қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажетті білім мен дағдылардың жиынтығы. Бұл тұжырымдамаға цифрлық тұтыну, цифрлық құзыреттілік және цифрлық қауіпсіздік кіреді [7]. Болашақ компьютер пайдаланушылары үшін цифрлық сауаттылықтың негізгі құрамдас бөліктері оқу, жұмыс және демалыс үшін жеке және бірлескен онлайн, веб-негізделген орталарда ақпаратқа қол жеткізу,

басқару, біріктіру, жасау және ортақ пайдалануды қамтиды. Сондықтан цифрлық сауаттылық оқу, жазу және математикалық ойлау қабілетімен бірдей маңызды [6,7].

Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылықты табысты меңгеруі бірқатар шарттарға: бастауыш сыныптарда информатиканы оқыту деңгейіне, материалдық-техникалық жабдықтауға, бастауыш мектеп жасындағы балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты екенін атап өткен жөн. Сондықтан оқу процесінде қандай психологиялық-педагогикалық принциптерді сақтау керектігін анықтау маңызды.

Алғашында бала оқу үшін ең маңызды нәрселерді емес, оның назарын ерекше аударған нәрсені: қызықты болып көрінген, эмоциялар тудырған, оны таң қалдырған немесе ол үшін жаңа нәрсе болған заттарды есте сақтайды. Ақпаратты ұсынудың әртүрлі құралдарын пайдалана отырып, сабақты мүмкіндігінше байытып, сол арқылы ұсынылған материалдың түсініктілігін арттыру қажет. Бұл жағынан компьютер мұғалімге жақсы құрал және көмекші болып табылады.

Бастауыш мектепте жобалық қызметті ұйымдастыру үшін цифрлық құралдарды пайдалану. Жобалық оқытудың оқу үдерісін ұйымдастырудың басқа формаларынан ерекшелігі оның жан-жақты дамуына ықпал ететін модельдеу дағдыларын дамытуға, процесті жобалауға, оқушы тұлғасының танымдық және шығармашылық бағытын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының жобалық-зерттеу жұмыстарының құрылымы жоғары сынып оқушыларынан ерекшеленеді. Балалар үлкендердің қатысуынсыз ұзақ мерзімді өз бетінше жұмыс істей алмайтындықтан, үлкендердің қолдауы, талдауы, ынталандыруы және келесі жұмыс кезеңіне бағыт беруі қажет.

Кіші жастағы оқушыларға арналған жобалардың ерекшелігі бастауыш сынып оқушыларының

ғылыми және оқу әдебиетімен жұмыс істеуді, негізгі тұстарын бөліп көрсетуді, жүйелеуді, жалпылауды және жоспарлауды әлі білмейді. Олар бұл дағдыларды жобалық әрекеттер арқылы меңгереді.

Жобалық-зерттеу қызметінің негізгі идеясы - жобаның әртүрлі кезеңдерінде заманауи цифрлық құралдарды, атап айтқанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану кезінде қызықтырақ және көрнекі болуы мүмкін нәтижеге олардың назар аударуы.

Жобалық әрекеттерді ұйымдастыру үшін тиімді цифрлық құралдардың бірі интерактивті тақта болуы мүмкін. Оның көмегімен максималды әсерге жету үшін оның барлық мүмкіндіктерін зерттеп, пайдалану қажет. Интерактивті тақтаның кең мүмкіндіктерінің арқасында, мысалы, объектілерді жылжытуға, суреттің немесе мәтіннің үстіне жазуға немесе салуға болады. Бұл мұғалімге динамикалық сабақтарды құруға, оларды жоғары деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Бағдарламалық құралдың көмегімен әрбір сабақты сақтауға, белгілі бір кезеңге қайтаруға, ата-аналарға көрсетуге немесе әріптестермен бөлісуге болады [8].

Интерактивті тақтаны қолдану арқылы жобалық іс-әрекеттің тиімділігін арттыру үшін қосымша сандық құралдар ретінде әртүрлі бағдарламалық құралдар мен қолданбаларды қолданған жөн. Мысалы, XMind mind mapping сияқты ашық бастапқы бағдарламалық құрал қысқа мерзімді жобаларды жасау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Құжат камерасы жобалық жұмыстың тағы бір пайдалы құралы болып табылады. Ол сызбаны немесе мәтінді қажетті өлшемге дейін үлкейтуге және сканерсіз интерактивті тақтада кескінді бірден көрсетуге мүмкіндік беретін бейнекамера мен цифрлық басқару блогынан тұрады. Бұл уақытты үнемдейді және демонстрациялық материалдарды ауыстырады. Жо-

баны дайындау үшін топтық жұмысты ұйымдастыруға болады: кейбір оқушылар интерактивті тақтада жоба жасайды, мысалы, XMind көмегімен, ал басқалары жобаны қағазға салады. Презентация кезінде қағаз жұмыстарын құжат камерасының көру аймағына орналастыру арқылы оңай көрсетуге болады. Бұл бірлескен іс-әрекеттердің нәтижелерін көрнекі форматта көрсетуге мүмкіндік береді [9].

Web-квест және зерттеу дағдылары. Педагогикаға инновациялық технологияларды белсенді түрде енгізу оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формаларының пайда болуына, пән мазмұнын ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен үйлестіруге әкелді. Бұл оқу іс-әрекетін ұйымдастыру формасы ретінде Web-Quest-тің (онлайн тапсырмалар, интерактивті тапсырмалар) пайда болуына әкелді. Web-Quest технологиясы студенттердің зерттеу дағдыларын дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді. Бұл технологияның негізін қалаушы - Сан-Диего университетінің білім беру технологиясының профессоры Берни Додж.

Веб-квесттер – бұл оқушылардың танымдық және зерттеушілік әрекеттерін дамытуға бағытталған оқу жоспарының бір түрі [10].

Бастауыш сыныптар үшін веб-квесттерді қолдану ерекшелігі – оның қарапайымдылығы мен қолжетімділігінде. «Web-квесттің ерекшелігі – тапсырма сайтында бастауыш мектеп жасындағы балаларға ұсынылған ақпараттың бір бөлігі немесе барлығы іс жүзінде басқа сайтта орналасқан. Студентке интернеттен тақырып бойынша материал жинап, оны мәселені шешуде пайдалану тапсырмасы беріледі. Мұғалім ақпарат көздеріне сілтемелер береді, бірақ олар, әрине, кәдімгі іздеу жүйелері арқылы бұл материалдарды өздері таба алады. Зерттеу соңында бастауыш сынып оқушылары өздерінің шығармашылық жұмыстарын электронды, баспа немесе

ауызша түрде ұсынады» [11].

Web-квест – бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын дамытудың тиімді құралы. Тапсырманы орындау барысында оқушылар: Интернетте ақпаратты іздеуді, ақпаратты талдауды, топпен жұмыс жасауды, оқушылар презентациялар, бейнелер немесе веб-сайттар сияқты тақырыпты түсінетінін көрсететін өнімдерді жасауды үйренеді.

Білім беруді цифрландыру жағдайында оқушылардың жобалық және оқу-зерттеу қызметінің рөлі айтарлықтай артып келеді. Қарастырылып отырған сандық құралдардың мұғалімдердің және мектеп оқушыларының жобаларындағы рөлі мен орнын талдау оларды пайдалану оқушыларды белсенді танымдық әрекетке тартуға, сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға, ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, оны құрылымдау мен әртүрлі формада көрсетуге, сондай-ақ бірлескен іс-әрекет дағдыларын дамытуға ықпал ететінін көрсетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Bandaletova, Ye.S., Sarsekeyeva, Zh.Ye. ICT in primary school students' activities as a component of the methodological system for the formation of knowledge about nature // Серия «Педагогика». – 2021. – № 4(104). – С. 37–44. – DOI:10.31489/2021Ped4/37-44
2. Aktepe, V., Ulu, G. A Case Study of Research Skills of Primary School Students // Journal of Qualitative Research in Education. – 2023. – № 33. – URL: <https://doi.org/10.14689/enad.33.1672>
3. Yespolova, G., Kholdarova, I., Baydjanov, B., Bazarbekova, R., Astambayeva, Zh. The influence of learning technology on the formation of research skills in primary school students: Action research // Journal of Education and e-Learning Research. – 2023. – Т. 10. – С. 421-428. – DOI: 10.20448/jeelr.

v10i3.4795.

4. Zhussupbayev, S., Nurgaliyeva, S., Shayakhmet, N., et al. The Effect of Using Computer Assisted Instruction Method in History Lessons on Students' Success and Attitudes // International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology. – 2023. – Т. 11, № 2. – С. 424–439. – DOI: 10.46328/ijemst.3136.

5. Beschoner, B., Hutchison, A. iPads as a literacy teaching tool in early childhood // International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology. – 2013. – Т. 1, № 1. – С. 16–24.

6. Ибашова, А. Б., Первин, Ю. А. Истоки, ориентиры, перспективы концепции информатизации начального образования в Республике Казахстан // Ярославский педагогический вестник. – 2013. – № 3 (2). – С. 19–26.

7. Бороненко, Т. А., Кайсина, А. В., Федотова, В. С. Развитие цифровой грамотности школьников в условиях создания цифровой образовательной среды // Перспективы науки и образования. – 2019. – № 2 (38). – С. 167–193.

8. Федяинова, Н. В., Хирьянова, И. С. Проектная деятельность младших школьников с использованием ИКТ. – М.: Учитель, 2014. – 176 с.

9. Засоркина, Н. В. Метод проектов в начальной школе. Система реализации. – М.: Учитель, 2016. – 135 с.

10. Савенков, А. И. Методика исследовательского обучения младших школьников. – Самара: Издательство «Учебная литература», 2014. – 80 с.


11. Белых, С. Л. Управление исследовательской активностью студента: Методическое пособие для преподавателей вузов и методистов / под ред. А. С. Обухова. – Ижевск: УдГУ, 2008. – 72 с.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС (ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІНЕН)

Айтмукамбетова Мергуль Айтмукамбетқызы,

бастауыш сынып мұғалімі,

*«ШҚО білім басқармасы Үлкен Нарын ауданы бойынша білім бөлімінің
«Қ.Дамитов атындағы орта мектебі» КММ*



Аннотация: мақала бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру мәселесіне арналған. Жұмыста кез-келген мәтінмен жұмыс істеудің негізгі кезеңдері қарастырылады. Автор жұмыс тәжірибесінен мәтінмен жұмыс істеу тәсілдерін сипаттайды.

Аннотация: статья посвящена вопросу формирования навыка чтения у детей в начальной школе. В работе рассматриваются основные этапы при работе с любым текстом. Автором, из опыта работы, описаны приемы в работе над текстом.

Annotation: the article is devoted to the issue of the formation of reading skills in children in primary school. The paper discusses the main stages when working with any text. The author, from work experience, describes techniques in working on the text.

Түйінді сөздер: мәтін, оқу, оқушы, бастауыш мектеп, оқу тәсілі, мәтінмен жұмыс.

Ключевые слова: текст, чтение, школьник, начальная школа, способ чтения, работа с текстом.

Key words: text, reading, student, elementary school, way of reading, working with text.

Балаға оқу техникасын үйрету оңай емес, бірақ оқуға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу одан да қиынға соғады. Барлығы оқи алады, бірақ оқығанын түсініп, оны жеткізе алу үшін оқушылармен көптеген жұмыс жасау қажет.

Бастауыш сынып - оқушының өміріндегі маңызды кезең. Бұл оқушының оқу дағдыларының негіздерін және өз қызметін ұйымдастыра білу қабілетін қалыптастырумен байланысты. Бұл бастауыш сынып оқушыларына өз бетінше жаңа білім алуға мүмкіндік береді, ал болашақта оқытудың басқа сатыларында өзін - өзі оқытуға және тәрбиелеуге негіз болады. Оқу дағдысының рөлі өте маңызды, оны тыс қалдыруға болмайды. Оқу дағдысы жақсы қалыптасқан оқушы берілген тапсырмаларды тез орындайды, кез-келген мәтінді қайталауда, эссе жазуда қиындық көрмейді. Бірақ баланы оқуға үйрету жеткіліксіз, оның сүйіспеншілігін ояту керек. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімі әрбір оқушының оқу дағдысын жақсы игеруіне қол жеткізуін қадағалау қажет. Бірақ, өкінішке орай, мектеп тәжірибесінен оқудың техникалық жағына көбірек көңіл бөлінеді деп айтуға болады. Оқу дағдыларын

бағалау үшін мектептерде «Оқу техникасын тексеру» қолданылады. Бағалау кезінде келесі параметрлер ескеріледі:

- оқу тәсілі;
- оқу қарқыны;
- оқудың дұрыстығы;
- мәнерлеп оқуы.

Соңғы орында оқудың хабардарлығы қарастырылады. Бұл жерде бірінші орында - оқудың техникалық жағы ескерілуде. Менің ойымша, оқушылардың оқу шеберлігі, тек оқу техникасын меңгеру ғана емес. Білім беру стандарттарына сәйкес оқу, оның бүкіл өмірінде әр түрлі жағдайларда жетілдірілуі қажет. Сондықтан, техникалық жағын мәтіннің мазмұнына бағынышты деп санау керек.

Сондықтан негізгі білім беру бағдарламасын меңгерудің мета-пәндік нәтижелеріне міндетті компонент ретінде: мақсаттар мен міндеттерге сәйкес әртүрлі стильдер мен жанрлардың мәтіндерін, мазмұндық оқу дағдыларын меңгеру; коммуникативтік міндеттеріне сәйкес сөйлеуді саналы түрде құру; мәтіндерді ауызша және жазбаша түрде құрастыру кіреді.

Бастауыш сынып мұғалімдері ретінде оқу сабақтарында мәтінмен жұмысты қалай құруымыз керек?

Менің ойымша, бұл көркем мәтінді баяу ойластырылған оқу болуы керек, яғни оқушы оқу барысында әр сөздің мағынасын түсініп, сұрақтар қойып және оларға жауаптарды осы жерден, мәтіннен таба білуі және сонымен қатар, қарапайым талдау жасай алуы керек.

Кез-келген мәтінмен (баспа, дыбыс, бейне) жұмыс жасау кезінде негізгі үш жұмыс кезеңдері:

- 1) оқуға дейін мәтінмен жұмыс;
- 2) оқу кезінде;
- 3) оқығаннан кейін.

Оқудан бұрын мәтінмен жұмыс істеудің негізгі мақсаты, мәтіннің мазмұнын тірек сөздер, суреттер бойынша болжай білу.


Бірінші кезеңде оқушылар автордың тегін, шығарманың тақырыбын оқиды, суреттерді қарастырады, яғни кейіпкер, тақырып, мазмұны туралы, өздерінің пікірлерін білдіреді.

Мұғалімнің алдын-ала белгілеп тақтаға жазып қойған тірек сөздерді әрі қарай, оқушылар (іштерінен, содан кейін дауыстап) оқиды.

Шығарманың тақырыбы, кейіпкерлері, іс-әрекеттің дамуы туралы өз болжамдарын нақтылайды. Оқушылар мәтінмен жұмыс жасаудың ұсы-

нылған технологиясын біртіндеп игереді оның мағынасын түсінеді.

Мысал ретінде «Білім ағашы» тәсілін қолдануға болады.



1-сурет.

Балаларға топтық жұмыс жасау ұсынылады. Олардың үстелдерінде жапырақтар бар, оқушылар оларға өз болжамдарын жазу керек. Ары қарай мұғалім сұрақ қояды: нақты не болғанын анықтау үшін не істеу керек? Мәтінді оқу қажет. Осылайша, оқу кезіндегі мәтінмен жұмыс жасау екінші кезеңіне көшеміз.

Оқу кезінде мәтінмен жұмыс істеудің мақсаты - мазмұнын түсіну, қол жеткізу. Осы кезеңде келесі әрекеттер тізбегін сақтау қажет:

1) оқуды бастамай тұрып, жасалған болжамдарын балалар мәтінді (тарау, аяқталған үзінді) өз бетінше оқу барысында тексеру;

2) сөйлемдерді немесе шағын абзацтарды (2-3 сөйлем) түсініктемелермен дауыстап оқу. Оқу барысында (кейін емес!) мұғалім қаншалықты түсінгендерін анықтау мақсатында нақтылау сұрақтарын қояды, оқушыларды үнемі өздерінің болжамдарын растауға мүмкіндік береді;

3) мәтіннің соңына дейін оқылғанша, дәл осындай жұмыс келесі аяқталған фрагментпен жұмыс жасалады;

4) жалпы тараудың (фрагменттің) мазмұнын түсіну үшін нақтылау сұрақтары қойылады. Түсінудің нәтижесі мәтіннің тақырыбы болуы мүмкін (егер бұл жоспар болса, мәтіннің бөліктері);

5) жалпы мәтін мазмұны бойынша әңгіме, таңдамалы оқу. Сұраққа жауап: мәтіннің мазмұны, оқиғалардың дамуы, кейіпкерлер туралы алғашқы болжамдарының немен сәйкес келді және не сәйкес келмеді?

Осы кезеңде «Шеңбер бойымен оқу» әдісін қолдануға болады. Бұл әдісте, мұғалім тапсырманы хабарлайды: «Біз мәтінді шумақ бойынша кезекпен оқи бастаймыз, біздің міндетіміз - мұқият оқу, тыңдау-

шылардың міндеті - оқылған мәтінді түсінгенін тексеру үшін оқырманға сұрақтар қою. Бізде мәтіннің бір ғана данасы бар, оны келесі оқырманға беруіміз қажет. Тыңдаушылар мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қояды, ал оқырман жауап береді. Егер оның жауабы дұрыс немесе дәл болмаса, тыңдаушылар оны түзетеді».



2-сурет. Сабақта «Шеңбер бойымен оқу» әдісін қолдану сәті

Оқығаннан кейін мәтінмен жұмыс жасаудың мақсаты – негізгі ойды түсіну, жасырын мағынаны болжай білу.

1. Мұғалім жалпы мәтінге проблемалық сұрақ қояды. Әрі қарай мұғалім немесе оқушылардың өздері сұрақтарды «неге» деген сөзден бастап тұжырымдайды. Сол сұрақтарды қою нәтижесінде автордың жасырын ойын түсінуге мүмкіндік алады.

2. Шығарманың тақырыбына және суреттерге қайта жүгіну. Тақырыптың мағынасы туралы, оның тақырыппен, автордың ойымен байланысы туралы әңгімелесу. Суреттер бойынша сұрақтар: суретші мәтіннің қай бөлігін суреттеген (немесе бұл бүкіл мәтінге сурет болуы мүмкін)? Суретші үзіндіні нақты көрсете алды ма? Оқушылар мәтіннің қай бөлігіне сурет салынған, кейіпкерлердің бет-бейнесі қандай т.б. туралы ойланады. Мәтінді оқудың бұл кезеңінде шығармашылық тапсырмаларды орындауға болады.



3-сурет. «Блум кубигі»

Текше - бұл көлемді фигура, оның әр жағында жауап берудің бастапқы нүктесі болып табылатын сөздер жазылған:

- Атап бер...
- Не үшін?...
- Түсіндір...
- Ұсын...
- Ойластыр...
- Бөліс...

Осылайша, оқушы өз тәжірибесі мен біліміне сүйене отырып жауап бере алады, мәселенің шешу жолдарын іздейді. Бұл әдіс қалай жүргізіледі?

Мұғалім сабақтың тақырыбын және сабақ барысында талқыланатын мәселелер шеңберін тұжырымдайды. Мұғалім кубикті лақтырады, ал оқушы тақырып бойынша қойылған сұраққа шетіне түскен сөзден бастап жауап береді.

Текшенің әрбір сұрағына жауап беру мұғалімге оқушылардың танымдық белсенділік деңгейін анықтауға ғана емес, сонымен бірге тақырыптың балаларға қиындық тудыратын аспектілерін нақтылауға мүмкіндік береді

Қорытындылай келе, мәтінмен дұрыс ұйымдастырылған жұмыс оқушыларға қажетті және пайдалы ақпараттың үлкен көлемінен алуға мүмкіндік береді.

Конфуций айтқандай, «Білімге үш жол алып барады: ойлау, оқу жолы – бұл ең парасатты жол; еліктеу, ұқсау жолы – бұл ең оңай жол; басың тасқа тиіп, тағдырдан сабақ алу, тәжірибе жинау жолы – бұл ең ащы жол». Мектепте алған білім – үлкен өмірде ізденіс пен шеберлікті ұштастыруға негіз болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. С. Рахметова «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». Алматы, 2025ж.

2. Әбдікәрімова Т. Бастауыш сыныпта мәтін арқылы тіл дамытудың ғылыми негіздері мен оқу әдістемесі. Алматы, 2002 ж.

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУЫН ДАМУЫ

Саршанова Жанар Солтанбековна,

бастауыш сынып мұғалімі,

*Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Марқакөл ауданы бойынша
білім бөлімінің «Қалжыр орта мектебі» КММ*



Аңдатпа: мақалада сыни ойлауды дамытудың қажеттілігі туралы айтылады. Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын дамытуда тиімді әдістер беріледі.

Аннотация: в статье рассказывается о необходимости развития критического мышления в процессе обучения. Даются эффективные методы развития критического мышления младших школьников.

Abstract: the article describes the need to develop critical thinking in the learning process. Effective methods of developing critical thinking of younger schoolchildren are given.

Кілт сөздер: сыни ойлау, ойлау дағдылары, негізгі ерекшеліктер, белсенді әдістер.

Ключевые слова: критическое мышление, навыки мышления, основные особенности, активные методы.

Key words: critical thinking, thinking skills, main features, active methods.

«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді.

Сыни ойлау – бұл саналы мағынаны іздеу: өзінің көзқарасының қандайлық болуымен, басқалардың да пікірін ескеріп, қандай да объективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарту білу. Сыни ойлау оқушылардың танымдық ойлау дағдыларын дамытып, оларды өмірлік жағдаяттарда туындайтын мәселелерді өз беттерінше шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау оқушыларды ақпаратпен жұмыс жасауға, терең талдауға, бағалауға, таңдау жасап, шешім қабылдауға үйретеді. Оқушылар жұмыс процесінің нәтижесінде өздеріне және сыныптастарына толассыз сұрақтар қойып, оларға жауап іздеп, өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қа-

былдайды.

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік [1].

Сыни ойлау бойынша берілген сабақтарда, алған білімін өмірде қолдана алатын, өзін таныта, дамыта білетін функционалды сауатты жеке тұлға қалыптасады, оқушы проблеманы ойлау, пайымдау, дәлелдеу, еркін, ашық пікір білдіру мүмкіндігіне ие болады.

Сыни ойлау философиясында оқушы қандай да болмасын ақпаратты өздігінше игеріп, өз өміріне жарата алатын әмбебап тәсілдерді үйренеді. Білім алу оқушы тұрғысынан белсенді процесс болады, тек белсенді түрде жұмыс жасай отырып, ол қандай да болмасын білімді игереді.

Сыни ойлау әрбір оқушыны терең ойланып, философиялық тұжырым жасауға бағыттайды. Өмірде ең керекті білік пен дағды қоғамда, қарым-қатынас құра білу, басқа адамдармен тіл та-

бысу екендігін ескере отырып, әр сабақта оқушы оқытудың басқа да қатысушыларымен (оқушылар мен ұстаздар) араласып, коммуникативтік қарым-қатынас процесінің белсенді мүшесіне айналады, әрі ұжымда, қоғамда, әлеуметте қалайша өзара байланыс құру мәселесі төңірегінде ойланады.

Сонымен, сыни ойлау оқушыларға өзін-өзі, басқаны, қоршаған ортаны - өзі өмір сүріп отырған қоғамын ұғуға, күнделікті өмірдегі жағдайларды шеше білуге, бірлесіп әрекет етуге, өзара әңгімелесуге, өз ойын жеткізе алуға көмектеседі. Ұжымдаса еңбектене отырып, оқушы өзгелер пікірімен санасады және өз ойын ортаға ашық айтуға дағдыланады.

Қазіргі қоғам алдындағы өзекті мәселелерді шешуде, яғни, жанжақты мәдениетті, шығармашыл, әлеуметтік бейімделген тұлға қалыптасыру үшін мұғалімнің өзі де шығармашыл тұлға болуы тиіс.

Ол үшін мұғалім оқыту мен тәрбиенің тиімді жолдарын іздестіріп, оны ғылыми негізде құруы,

тұлғаны дамытудың қозғаушысы болуы қажет. Себебі қазіргі білім беру парадигмасы әр мұғалімнің өз кәсібіне құзыретті болуын ғана емес, шығармашыл, жаңашыл, озық ойлы, білім берудің болашақ бағдарын болжай білетін, соған сәйкес өз іс-әрекетін сабақтастыра алатын маман болуы шарт.

Яғни, оқушылар мағлұматтар мен идеяларды өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, осы алған мәліметтері пайдалы болатындай ойланулары керек. Олар жаңа идеяларды әр түрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен пайдасын талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алулары қажет.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға бағытталған сабақтарда оқушының:

- Еркін ойлануына мүмкіндік береді.
- Ақыл-ойын дамытады.
- Шығармашылық белсенділігін арттырады.
- Ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді.
- Тіл байлығын жетілдіреді.
- Жан-жақты ізденушілігін арттырады.
- Функционалдық сауаттылығы дамиды.

Балалардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерінен табуды қажет ететін негізгі ерекшеліктер:

Ұтқырлық: ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу; үзілді-кесілді жауаптарды іздеудің орнына сұрақтар қою; дәлелдерді талап етіп, кез келген дәлелді есепке алып отыру; эмоцияға емес, себепке негізделу (бірақ төменде айтылатын өзін-өзі тануға қатысты эмоция да болуы ықтимал).

Сыңаржақтылықтың болмауы: барлық қорытындыларды бағалау; болжамды көзқарастар мен мүмкіндіктердің барлығын қарастыру; баламалы интерпретацияларға ашық болуға ұмтылу.

Пайым: дәлелдердің деңгейі мен маңызын мойындау; балама

жорамалдар мен мүмкіндіктердің орынды екендігін немесе артықшылығын мойындау.

Тәртіп: тиянақты, нақты және жан-жақты болу (барлық дәлелдерді есепке алып, көзқарастарға көңіл бөлу).

Өзіндік сана-сезім: өзіміздің эмоциямыз бен көзқарасымыздың, сеніміміз бен болжамдарымыздың субъективті екенін сезіну.

Жалпы сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады; олар ауызша, жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне сенімсіздікпен қарай отырып, ештеңеге сенбейді, мұндай адамдар жаңашыл идеялар мен келешекке ашық болады.

«Сын тұрғысынан ойлау» - сынау емес, ол шындалған ойлау. Оқушы өзі ойлауы барысында білімге деген ынтасын дамытады, ой-өрісін кеңейтеді, ең бастысы - оқушыны шаршатпайды. Бірте-бірте мұғалімнің айтқанынан гөрі, өзі белсенді ойлаушы, ізденімпаз шығармашыл тағы басқа қабілетке ие болады. Сабақта оқушының өз ойын сын тұрғысынан ойлап, дәлелдей білуіне және оқу еркін ойлануына мүмкіндік берілуі керек.

Уақыт шеңбері

Мақсаты: идеялар, тәжірибелер және ойлармен бөлісу. Өз-өзінді және басқаларды түсіну алға бастыру. Топ сұрақтарын құрастыру.

Ұйымдастыру: барлығы орындықта немесе еденде шеңбер құрып отырады. Сөйлеуші ғана ұстайтын зат бар (мысалы, доп).

Жаттығудың сипаттамасы: мұғалім оқушылар сияқты орындықта немесе еденде отыр. Бұл мына ерекше сынып тапсырмасында мұғалімнің директор емес, делдал екенін білдіреді. Мұғалім Уақыт шеңберіндегі құрылымдық ережелерінің сақталуына, әр

оқушының эмоциясын қорғауға және лайықты тапсырмаларды дайындауға жауапты. Егер оқушылар ережелерді үнемі бұза берсе, мұғалім тапсырманы аяқтауға дайын болуы керек.

Уақыт шеңберіндегі ең маңызды ереже – талқылауға барлығы түгелдей қатысулары керек. Бұл бірініші болып өткізілуге тиісті тапсырмалардың бірі. Негізгі үш ережені талқылау керек:

- Тек біреу ғана сөйлеу керек – әңгіме тақырыбы ережелердің сақталуына мүмкіндік туғызуы керек.

- Егер сіз бір тақырып аясында сөйлегіңіз келмесе, «сөзіңізді» басқаға бере аласыз.

- Ешқандай қатты ескерту болмауы керек.

Балалар философиясы

Мақсаты: БФ балаларды (немесе ересектерді) сыни, байыппен, шығармашыл және бірлесіп ойлауға ынталандыруға бағытталған. Бұл мұғалімге қатысушылар сұрақтарды өздері құрастырып және өздері қоятын және «қалай оқу керектігін үйренетін» «сұраныстар қоғамын» құруға көмектеседі.

Ұйымдастыру: орындықтарды шеңбер етіп қойыңыздар, (егер қажет болса) сөйлеушіні білдіретін бір затты алыңыз (мысалы, доп). Бөлме ішінде оқушыларға арналған ынталандыру материалдарын орналастырыңыз.

Жаттығудың сипаттамасы: тақырыппен таныстырып, үдерісті түсіндіріңіз. Оқушыларға ынталандыру материалдарын толығымен қарауға бірнеше минут беру керек. Оқушылар шеңберге оралғанда, жауап беруі тиіс тақырыпқа/пәнге қатысты сұрақтарды ойластыру үшін, оларға бір екі минут беріледі. Осылайша дауыс беру және сұрақтарды талқылау анықталады. Мұғалім сұрақтарды дұрыс құра отырып, дамытатын сұрақтар қойып немесе әр оқушының қатысуын қамтамасыз

ету үшін топпен бірге әрекет ете отырып, делдал ретінде қатысады.

Кемпірқосақ тобы

Мақсаты: әр оқушы (бастапқы топта) тыңдайды және (Түрлі-түсті топта) сөйлейді.

Ұйымдастыру: топты қимылдауға және талқылауға орын қалдыра отырып, стандартты орналастыру.

Жаттығудың сипаттамасы: оқушыларды талқылау үшін (бұл «бастапқы топ») тақырып бойынша (барлығына бір тақырып немесе әр топқа бөлек тақырып) топтарға бөліп отырғызыңыз. Талқылаудан кейін оқушыларға түстер беріп, тиісінше қайтадан топқа бөледі. Жаңа топтар «бастапқы топ» қатысушыларынан тұрады. Кейін оқушылар топта не талқылағандарын айту үшін қайта оралады. Бұл одан әрі талқылауға түрткі болады.

Жұптық әңгіме

Мақсаты: идеяларды құрастырып, белсенді тыңдап, бар ойын талқылауға шоғырландыруға мүмкіндік береді. Жұптарды қолдану оқушыларға сөйлеуге және үлкен топтарда өзін сенімсіз сезінетін оқушыларға көмектесуге мүмкіндік береді.

Ұйымдастыру: талқылау кезінде басқа жұптармен қосылып талқылаудан сақтап қалу үшін жұптар арасында аз да болса арақашықтық сақтаған дұрыс әрі тиімді болмақ.

Жаттығудың сипаттамасы: оқушылармен талқылау үшін ын-таландыратын немесе арнайы сұрақтар мен тақырыптарды қолданыңыз. Белсенді тыңдап, жауап беруге жетелеңіз. Тақырыпты белгілеу үшін А мен Б атаңыз (мысалы, А тыңдайды, ал Б сөйлейді, кейін керісінше. Оқушылардан олар жеке жауап алғысы келетін сұрақ қоюды сұраңыз, кейін бұл сұрақ жұпта талқыланады. Әр жұпқа мақсат қойыңыз – мысалы, мынаған жауап беріңдер.

Тыңдап отырған үштік

Мақсаты: бұл әңгіме тақырыбының тұжырымдамасын және үдерісті түсінуді дамытатын ақпарат алуға арналған құрылымдалған жаттығу. Сондай-ақ бақылаушы рөлі арқылы өзін өзі сараптауды дамытуға ықпал етеді.

Ұйымдастыру: оқушылар үшеуден отырады, екеуі қарсы, ал біреуі сәл алшақта – сөйлесуге қатыспайды, бірақ бақылайды.

Жаттығудың сипаттамасы: оқушылар топта үшеуден отырады. Әр оқушы сөйлеуші, сұрақ қоюшы және жазып алушы рөлін атқарады. Сөйлеуші бір нәрсені айтады, сұрақты түсіндіреді немесе пікірін білдіреді. Сұрақ қоюшы көмектесіп айтып отырады және түсінтеме беруді сұрайды. Жазып алушы қажетті жерлерін түрліп алып, әңгіме соңында қорытынды береді. Келесі жолы рөлдер ауысады.

Өкіл

Мақсаты: белсенді тыңдау, қауым алдында сөйлеу және анық баяндау, тәжірибе алмасу және өзара байланысты болу.

Ұйымдастыру: топтарды сынып бойынша үш-төрттен орналастыру.

Жаттығудың сипаттамасы: топ тапсырманы орындап болғаннан кейін, әр топтан бір адам «өкіл» ретінде таңдалып, түсіндіріп және жинақтау үшін, және басқалардың идеяларын анықтау үшін басқа топқа жіберіледі. Сосын не білгенін айту үшін өкіл өз тобына қайта оралады. Бұл зеріктіретін және қайталана беретін «өз тобына хабарлау» әдісінен аулақ болу үшін қолданылатын тиімді әдіс. Сондай-ақ бұл өкіл тілін қолдануға және белсенді тыңдаушылар тобын құруға жағдай жасайды.

Мозаика

Мақсаты: сұрақтар топтамасымен жұмыс істеудің құрылымдалған тәсілі және топта жұмыс істеуге мүмкіндік туғызу.

Ұйымдастыру: оқушыларды

сынып бойынша үш-төрттен орналастырыңыз.

Жаттығудың сипаттамасы: «Мозаиканың» басымдылығы оның топты жұмыс істеу үшін құрылымдауы, ол сондай-ақ сөйлеуге және тыңдауға мүмкіндік береді.

- Мұғалім барлық сыныпты кішкентай топтарға бөледі (топта шамамен төрт оқушыдан). Мұғалімнің мұндай бастамасы барлық топтарда гендерлік теңдік сақтап, барлық сыныптың мүмкіндіктері мен қарым-қатынасын көрсетуге арналған.

- Барлық бастапқы топқа жалпы тапсырма беріледі. Үлестірме материал ұсынылған. Оқуға арналған материал күрделі емес, әрі көлемі шағын. Егер топта төрт оқушы болса, онда топқа арналған негізгі тапсырманың ішінде төрт сұрақ немесе тапсырма беріледі. Әр топта сұрақтар мен тапсырмаларды оқушылар өздері бөледі.

- Ортақ проблемамен жұмыс істеу үшін, барлық оқушылар өз сұрақтары немесе тапсырмаларына сәйкес сарапшы топ болып, қайта топталады. Талқылау соңында әр оқушы өз сұрағы бойынша сарапшыға айналады, себебі сарапшы топта басқа оқушылармен ол сұрақты талқылады.

- Бастапқы топ қайта құрылады. Тарату басталады. Бастапқы топқа соңғы тапсырма беріледі. Бұл шешім немесе жаңа тапсырма болуы мүмкін. Бұл жаттығудың шешуші мәні - тапсырманы аяқтау үшін оқушылардың бастапқы топтың біріккен «даналығын» құруы болып табылады.

Құндылықтар спектрі

Мақсаты: пікір айту, құндылықтарды көрсету, пікірлердің әртүрлілігін талқылау, көпшілік алдында сөйлеуге тарту.

Ұйымдастыру: спектр үшін жіптің немесе қыспақтың кесіндісін қолдану; шеттеріне стрелка жасап, екі шетіне қарама-қарсы екі пікірді қою.

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ МАСТЕРСТВО

Жаттығудың сипаттамасы: бұл форматта оқушылар немесе оқушылар топтары келісіп немесе келіспей арандататын мақұлдауларға жауап берулері керек. Бір неше әдістері: оқушыларды жіптің қасына келіп өздері келісетін мақұлдаудың қасына келіп тұруды сұрайды, сондай ақ басында оқушылардан мақұлдауды топта талқылауды, кейін топтың атынан, жіптің немесе сызықтың, олар келісетін жағына, өз ұстанымдарын түсіндіре отырып карточканы орналастыруды сұрайды. Бұл түрлі сұрақтарды салыстырудың және олардың ойлауларындағы қарама-қайшылықтарды анықтаудың жақсы форматы.

Стоп-кадр

Мақсаты: талқылауды демеу үшін кинестетикалық әдіс.

Ұйымдастыру: шеңберде бастап кейін топтарға бөліну – үстелдерді жылжып әрекет етуге мүмкіндік болатындай кеңістік қалдырып қойыңыз.

Жаттығудың сипаттамасы: оқушылардан тақырыптың, хикая-

ның және мақұлдаудың стоп-кадрын жасауды сұрайды. Стоп-кадр бұл «камера» өз жұмысын тоқтатқан нүкте – стоп-кадрдың сыныпқа көрінбейтін басы және аяғы бар (Сонымен де ол фотографиялық суреттен айрықшаланады). Топтар өз стоп-кадрларын сыныпқа, суретте не болып жатқанын талқылау үшін, көрсетеді.

Сабақ беру үрдісінде осы әдістерді тиімді қолданып, біріккен іс-әрекетті ұйымдастырады, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзіндікпен жұмыс жасауға ықпал жасайды.

Әдіс-тәсілдермен жұмыс жүргізгенде мынандай талаптарды ескерген жөн:

1. Оқушыларға топқа берілген тапсырмалар ұзаққа созылып кетпес үшін уақытты шектеп беру.

2. Оқушы өз ойын не пікірін айтқанда оны шектемеу.

3. Оқушы жауап бергенде, не өз ойын ашық айтқанша ешқашан «сенің айтқаның дұрыс емес» деуге болмайды.

4. Басқа оқушылар бір-бірінің

жауаптарын сын тұрғысынан бағалайды.

Сонымен, сыни ойлау бойынша берілген сабақтарда, алған білімін өмірде қолдана алатын, өзін таныта, дамыта білетін жеке тұлға қалыптасады, оқушы проблеманы ойлау, пайымдау, дәлелдеу, еркін, ашық пікір білдіру мүмкіндігіне ие болады.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектебі».-ДББҰ, 2012

2. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. - 448 б.

3. Мұхамедиярова М.К Оқу мен жазудың дамуы. Ақиқат пен мәселелердің арасындағы байланыс. – Алматы, 2012

4. Мирсеитова С.С. Мұғалім философиясының қалыптасуы және дамуы: гуманистік парадигма.- Қарағанды, 2012



БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Серикбекова Эльвира Адильбековна,

*бастауыш сынып мұғалімі,
ШҚО білім басқармасының Глубокое ауданы бойынша білім бөлімінің
«Опытное орта мектебі» КММ*

Аңдатпа: бұл мақалада математиканы оқыту барысындағы оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастырудың өзекті мәселелері қарастырылған. Оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуде шығармашылық жаттығуларды орындау технологиясы келтірілген.

Аннотация: в данной статье рассматриваются актуальные проблемы организации творческой деятельности учащихся в процессе обучения математике. Приведена технология выполнения творческих упражнений при систематической работе с учащимися.

Annotation: this article discusses topical issues of organizing students creative activities in the course of teaching mathematics. The technology of performing creative exercises in systematic work with students is given.

Кілт сөздер: шығармашылық қабілет, әдіс-тәсілдер.

Ключевые слова: творческие способности, методы.

Key words: creativity, methods.

Білім берудің қазіргі талабы-оқушының жан-жақты іс-әрекеттік қабілетінің дамуы. Оқушыны дамытуда ежелгі замандардан бері математиканың алар орны ерекше.

Математика - барлық ғылымдардың логикалық негізі, демек, математика- оқушының дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады, оны шыңдай түседі және әлемде болып жатқан жаңалықтарды дұрыс қабылдауға көмек береді.

Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Ал бүгінгі күрделі әлеуметтік-экономикалық жаңарулар тұсында шығармашылық қабілеттер

басты нысана болып, керісінше, оқушыда шығармашылық қабілеттің болмауы үлкен проблема саналып, ойландыруы тиісті деп ойлаймыз. Себебі өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шешу тек шығармашыл адамдар ғана қолынан келеді. Тек шығармашылық қана қандай түрде, қандай деңгейде болмасын адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік әпереді. Мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатылары болып саналатын бастауыш мектептің орны ерекше.

Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалылығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың қабілеттерін дамытудың мәні зор.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы тиіс. Негізгілерін атап айтсақ:

1) Шығармашылық қабілеттерін дамытуды ерте бастан қолға алу.

2) Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болуы.

3) Ойлау мүмкіндігінің ең жоғары деңгейіне жету.

4) Оқушының шығармашылық іс-әрекетіне жағдай туғызу.

Оқушының шығармашылық іс-әрекетіне жағдай туғызу дегеніміз -оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннен шығармашылық қабілетті талап етпес бұрын, оны соған үйрету қажет. Оқушының зейінін, есін, қиялын, интеллектісін дамыта отырып, ойлау қабілетін, шығармашылық іс-әрекетін жоғары деңгейге көтеруге болады. Оқушының математика сабағындағы шығармашылық қабілетін дамыту:

1-ші сынып оқушыларымен осы бағытта жүргізілетін жұмыстарға тоқталайық.

1. Оқушылардың зейінін жаттықтыруға жеке дамытуға берілген тапсырмалардың кейбіреулеріне тоқталамыз.

Зейін тұрақтылықтарын дамыту және жаттықтыруға арналған тапсырмалар Шульте кестесінің көмегімен жүргізіледі.

Шульте кестесі:

НАЧАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

1. Цифрларды өсу ретімен тауып, атау.
2. Кему ретін атау.
3. Тақ және жұп сандарды өсу және кему ретімен атау.
4. Цифрларды кезектесіп санау.
5. Берілген кесте бойынша бір-неше шығармашылық жұмыс жасалады.

5	14	23	2	12
16	25	24	13	7
11	3	4	18	20

Оқушылардың ойлау қабілетін арттыру мақсатында әр сабақта сөзжұмбақтар, ребустар, математикалық диктант, логикалық тапсырмалар және тағы басқаларын қолдануға болады. Шығармашылық тапсырмаларды орындағанда оқушылардың математика пәніне деген ықыласы артып, ізденушілік қабілетін көтеріліп, ойлау үрдісін қалыптасады. Сабақ сайын қорытынды шығара білуге үйрету арқылы қабілетті оқушыларды шығармашылыққа баулу қажет.

Жоғарыда ұсынылған шығармашылық тапсырмаларды қолдана отырып, олардың орындалуы оқушылардың жалпылау қабілетін дамытуға, ізделетін және берілген сандар арасындағы қатынастардың ерекшеліктерін

ашуға ықпал етеді деп айтуға болады. Сонымен қатар, оқушылардың алдына қойылған міндеттерді шығармашылықпен шешуге көмектеседі.

Математика сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін бастауыш сынып оқушыларын оқыту процесінде әр сабақта шығармашылық тапсырмаларды орындаудың белгілі бір жүйесін жасау қажет.

Шығармашылық тапсырмалар жүйесінің тиімділігінің педагогикалық шарттарының бірі-оларды орындау барысында оқушылар мен мұғалімнің өзара әрекеті.

Осыған байланысты кейбір тұжырымдар мен ұсыныстар жасауға болады, яғни оқушының шығармашылық қабілеттері келесі шарттарды орындау кезінде ол үшін маңызды барлық іс әрекеттерде дамиды:

1. Оқушылардың шығармашылық тапсырмаларды орындауға қалыптасқан қызығушылығының болуы.
2. Шығармашылық тапсырмаларды тек сабақтың ғана емес, сонымен қатар оқушының сабақтан тыс іс-әрекетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде жүзеге асыру.
3. Шығармашылық жұмыс ба-

лалардың бір бірімен және ересектермен қарым-қатынасында дамуы керек.

4. Оқушылардың ата-аналарын баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін үй жағдайларын жасауға ынталандыру, ата-аналарды сыныптың шығармашылық істеріне қосу қажет.

Қорытындылай келе, математика сабақтарында шығармашылық тапсырмаларды қолдану нәтижесінде оқушылардың байқау, қызығушылық, математикалық қырағылық, еңбекқорлық, себеп-салдарлық байланыстарды табу, салыстыру, қорытынды жасау қабілеттерін дамытуға болады.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Ұстаздық шығармашылық Б.А. Тұрғынбаева Алматы, 2007 ж.
2. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту Б.А. Тұрғынбаева, Алматы, 1999ж.
3. Математикадан қызықты тапсырмалар Ш.Х. Құрманалина, С.Ш. Сәрсенбаева, Р.Қ.Өміртаева.
4. Бастауыш білім журналы 2004 ж.

МӘТІН ЕСЕПТЕР – МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ

Жаксылыкова Толкын Сериковна,

бастауыш сынып мұғалімі,

*Абай облысы білім басқармасы Аягөз аудандық білім бөлімінің
«Қалалық көпбейінді қазақ мектеп-гимназиясы» КММ*



Аңдатпа: зерттеу жұмысында бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылықтарын мәтіндік есептер арқылы дамыту мәселесіне баса назар аударылады. Есептерді шығару арқылы математикалық білімді өмірде қолдана білу қабілеттерін жетілдіруге, есеп шығаруға деген ынталарының артып, математикалық дағдыларының дамытыны атап өтілген.

Аннотация: в исследовательской работе особое внимание уделяется развитию математической грамотности младших школьников через текстовые задачи. Отмечается, что решение задач способствует улучшению способности применять математические знания в жизни, повышению мотивации к решению задач и развитию математических навыков.

Abstract: the research paper focuses on the development of mathematical literacy in elementary school students through word problems. It emphasizes that solving these problems enhances

students' ability to apply mathematical knowledge in real-life situations, boosts motivation for problem-solving, and fosters the development of mathematical skills.

Түйін сөздер: есеп, математикалық сауаттылық, функционалдық сауаттылық, математикалық модельдеу, талдау, салыстыру, жалпылау, жүйелеу, қолдану.

Ключевые слова: расчет, математическая грамотность, функциональная грамотность, математическое моделирование, анализ, сравнение, обобщение, систематизация, применение.

Keywords: calculation, mathematical literacy, functional literacy, mathematical modeling, analysis, comparison, generalization, systematization, application.

Қазіргі білім беру жүйесінде математикалық сауаттылық оқушылардың негізгі дағдыларының бірі ретінде қарастырылады. Математикалық сауаттылық – бұл тек сандармен есептеу дағдысы ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлау, талдау, ақпаратты өңдеу және оны нақты өмірде қолдана білу қабілеті. Осы тұрғыда есептер білімді меңгерудің және оны тәжірибеде пайдаланудың маңызды құралы болып табылады.

Есеп шығару баланың аналитикалық қабілеттерін дамытып, ойдың жүйелілігін қалыптастырады. Математиканың теориялық негізін есеп түрінде меңгеру оқушыда икемділік, жинақылық, жүйелілік, төзімділік пен табандылық сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Пәнге деген қызығушылығын арттыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Есеп шығару – мидың гимнастикасы. Америкалық педагог-математик Д.Пойа былай дейді: «Математиканы білу деген не? Бұл есептерді шығара білу, онда стандарттық есептерді ғана емес, ойлаудың еркіндігін, сананың салауаттылығын, өзіндік болмысты, тапқырлықты керек ететін есептерді шығару». Бастауыш сыныпта мәтін есептерді шығаруды үйретудің тиімді әдістерін қолдану қажет. Осы арқылы математикалық сауаттылықты, ойлау қабілетін жетілдіруді, математикалық дағдыларды және функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға болады. Сол үшін де мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын одан әрі дамыту қажеттігі туындап отыр. Бұл мәселе тұрғысынан математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізу бойынша халықаралық зерт-

теулер TIMSS (Third International Mathematic and Science Study) және PISA (Programmer for International Student Assessment) бағдарламасы ғылыми және практикалық маңызды болып табылады. PISA нәтижелерін талдау, зерттеу мектеп бағдарламаларын меңгеру деңгейін анықтауға емес, оқушылардың мектепте алған білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілетін бағалауға бағытталған.

Осы мәселелерге орай, зерттеу жұмысы қолға алынып, мынадай мақсат қойылды: бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын дамытуда мәтін есептің рөлін зерттеу және оларды тиімді қолданудың жолдарын анықтау.

Тақырып мақсатына жету үшін бірнеше міндеттерді шешу көзделінді:

- Мәтін есептердің бастауыш

сынып оқушыларының математикалық сауаттылығына әсерін теориялық тұрғыдан талдау.

- Есептерді модельдеу арқылы шығарудың тиімділігін анықтау.

- Есептерді шешу арқылы оқушылардың логикалық ойлау, есептеу дағдылары мен функционалдық сауаттылығын дамыту жолдарын қарастыру.

- Оқыту процесінде мәтін есептерді қолданудың тиімді әдістері мен технологияларын ұсыну.

Әдістеме. Математикалық сауаттылыққа үйретудегі маңызды мәселе – оқушылардың белсенді ойлауға деген қажеттілігін ояту, өмірде кездесетін әртүрлі мәселелерді шешу кезіндегі дағдыларын қалыптастыру. Алайда, көптеген оқушылар есепті шешуде қиындықтарға тап болады. Қиындықтар түрлі факторлармен байланысты болуы мүмкін. Мысалы, есептің шарты мен құрылымын дұрыс түсінбеу; Қажетті математикалық амалдарды таңдай алмау; Логикалық ойлау мен талдау дағдыларының жеткіліксіз дамуы; Математикалық терминдерді толық меңгермеу.

Есепті шеше білудегі негізгі мәселе есептің шартында келтірілген деректер мен ізделінді арасындағы байланысты меңгеру болып табылады. Есеппен жұмыста келесідей кезеңді сақтау қажет: **1-кезең.** Есепті қабылдау және талдау. Негізгі мақсаты: есепте сипатталған жағдаятты түсіну. Есептің шартын, мәтінде кездесетін терминдер мен белгілерді, сондай-ақ оның талабы мен сұрағын түсіну. **2-кезең.** Есептің шешуін іздестіру және жоспарын құру. Бұл кезеңде оқушыларға шамаларды, деректер мен ізделіндіні бөліп көрсетуге, олардың арасындағы байланысты анықтауға көмектесетін тәсілдер қолданылады. Есепті шешудің дәл осы кезеңінде оқушылар қиналады. Неге? Кіші мектеп жасындағы оқушылардың логикалық ойлауы мен абстрак-

тілік ойлауы жеткілікті деңгейде дамымағаны жас ерекшелік психологиясынан белгілі. Олардың ойлауы көрнекі-образдық, көрнекі-схемалық түрде дамыған. Сондықтан, есепті түсініп шығаруда графиктік және схемалық хабарлама қабылдауға жеңіл, ал модельдер (графиктер мен сызбалар) белгілі бір мөлшерде математикалық ұғымдардың абстрактілік сипатын түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру үрдісінде цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың математикалық сауаттылығын арттырудың маңызды факторларының бірі болып табылады.

YouTube немесе білім беру платформаларында мәтін есептерін шешу әдістері бойынша қысқа бейнесабақтар көрсету оқушылардың түсінігін жақсартады. Анимациялық роликтер есептің құрылымын көрнекі түрде түсіндіруге көмектеседі.

Түрлі платформалар арқылы математикалық ойындар мен викториналар оқушылардың мәтін есептерін шешуге деген қызығушылығын арттырады. Цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі – қызығушылықты арттырады және оқушыларды белсенді қатысуға ынталандырады. Қателерді жылдам анықтауға және түзетуге көмектеседі – есеп шешудің әр қадамында кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Практикада қолдану. Ұсынылған әдістердің бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығына тигізетін әсерін айқындау мақсатында оларды оқу процесінде жүйелі түрде қолдану маңызды. Есептерді шешуде оқушылардың белсенділігін және түсінігін арттыру үшін есептің құрылымына талдау жасау қажет. Ал оның шешуін анықтауды графиктің, сызбаның, схеманың көмегімен иллюстрациялау арқылы жүзеге асыруға болады.


1. График түрінде иллюстрациялау.

Графиктер – бұл кесінді түріндегі иллюстрация, сондықтан шамалар арасындағы қатынастар берілген есептерді графикпен иллюстрациялаған жеңіл. Мысалы, «Бір бумада 15 м мата болды. Алдымен 5 м, содан соң 4 м сатылды. Бумада неше метр мата қалды?»



Графиктік модель оқушыларға жағдаяттарды нақты түсінуге, деректер мен ізделінді арасындағы байланыстың құрылымын анық көрсетуге ықпал етеді, яғни есептің шешу жолын жорамалдайды, есептің шешуін әртүрлі тәсілмен табуға үйретеді.


Тағы бір мысал: «Бір мектептен жарысқа 18 бала, ал екінші мектептен 2 есе артық бала қатысты. Жарысқа барлығы неше бала қатысты?»



Мұндағы есепті шығарудың екінші тәсілі графиктік және әлдеқайда тиімді болып табылады.

2. Сызба түрінде иллюстрациялау.

Қозғалысқа берілген есепті сызба түрінде иллюстрациялау өте қолайлы. Оның үстіне сызба қозғалмалы болуы мүмкін. Оны өз кезегінде өзара кері есептерді құрастыру мен шығаруда қолдануға жақсы.



Берілген есепке осындай кері есеп құрастыру оқушылардың ойлау қабілетін артырудың тиімді

құралы болып табылады. Себебі, оқушы кері есеп құрауда деректерді алдыңғы есептегімен салыстыра отырып талдайды.

3. Кесте және диаграмма әдісі – есепте берілген мәліметтерді кестеге немесе диаграммаға орналастыруға болады.

4. Сызбалар мен кескіндер қолдану – есептің шартын көрнекі түрде бейнелеу (мысалы, кесінділер арқылы ұзындықты, шеңберлер арқылы жиындарды көрсету).

5. Теңдеу әдісі – есептің шартын теңдеу құру арқылы сипаттау.

6. Логикалық модельдеу – есептің құрылымын талдау және қарапайым алгоритмдер арқылы шешу.

Математикалық модельдеу есептердің мағынасын тереңірек түсінуге, оларды тиімді шешуге және математикалық ойлауды дамытуға көмектеседі. Осы әдістерді жүйелі түрде қолданса, оқушылардың математикалық сауаттылығы артып, есептерді шешу қабілеттері жақсарады.

Функционалдық сауаттылық арнайы әзірленген есептер жүйесі арқылы қалыптасатын математикалық құзыреттіліктерді қамтиды. Күнделікті өмірде шешім қабылдауға, уақытты басқаруға, қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған есептерді шешу оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытады. Мысалы, уақытты басқару және жоспарлауды жүзеге асыруда оқушылар өздерінің күнделікті сабақ кестесін уақытқа бөліп, қанша уақытты тиімді пайдалана алатынын есептейді.

Сондай-ақ, дүкендердегі жеңілдіктерді есептеу арқылы оқушылар пайызы бар есептерді өмірде қолдануды меңгереді. Мысалы, «Егер 96 000 тг тұратын теледидар мен 123 000 тг тұратын тоңазытқышқа 7% жеңілдік жасалынса, оларды жаңа бағамен неше теңгеге сатып алуға болады?»

Нәтижесінде жеңілдіктерді есептеп, ең тиімді ұсынысты таңдауды үйренеді. Есептердегі мұндай міндеттерді шешу арқылы іс жүзінде қолдана алатын тәжірибелік дағдыларды жинақтайды.

Ұсыныстар. Мақала бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын дамытуда мәтін есептердің тиімділігін арттыруға бағытталған. Талқыланған мәселе оқушылардың логикалық ойлауын, есептеу дағдыларын және өмірлік жағдайларда математиканы қолдану қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі.

Осы мақсатта мұғалімдерге мынадай ұсыныстар беріледі:

- Мәтін есептерді өмірмен байланыстыру. Сабақ барысында өмірлік жағдайларға негізделген есептер шығарту арқылы сауаттылықты арттыру (дүкеннен зат сатып алу, уақытты жоспарлау, жолды өлшеу және т.б.)

- Қаржылық сауаттылыққа бағытталған есептерді енгізу (ақша үнемдеу, жеңілдіктерді есептеу)

- Бір есепті бірнеше тәсілмен шешу әдісі үйрету, түрлі логикалық амалдарды талқылау.

- Оқушылардың белсенділіктерін арттыру. Ол үшін топтық және жұптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру. Ойын элементтерін енгізу. Шығармашылық тапсырмаларды орындату.

- Оқушылардың өзіндік жұмыс жасауына мүмкіндік беру.

- Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану. Интерактивті платформалар мен қосымшаларды қолдану.

- Бағалау және кері байланыс жүргізіп отыру арқылы жетістіктерді арттыру.

Бұл зерттеу жұмысы бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын дамытуға бағытталған кешенді әдістерді қамтиды. Мұғалімдер бағдарламаны түрлендіріп, өз тәжірибесінде қолданып, оны оқушылардың қажеттіліктеріне бейімдей алады.

Осы тәсілдерді тиімді пайдалану балалардың логикалық ойлауын, математикалық дағдыларын және өмірлік мәселелерді шешу қабілеттерін арттыруға көмектеседі.

Есептерді жүйелі түрде шешу математикалық сауаттылықтың артуына ықпал етеді. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, алған білімдерін өмірде қолдануға мүмкіндік береді. Сондықтан, мәтін есептерді кеңінен қолдану оқыту сапасын арттырудың маңызды тәсілдерінің бірі болып табылады.

ТАРИХ САБАҒЫНДА СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯ- СЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКА- ТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ТУРАЛЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аубакирова Макпал Алтаевна,

тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, гуманитарлық ғылым магистрі,
ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№46 орта мектебі» КММ



Аңдатпа: мақалада мектеп оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін дамыту жолдары мен ерешеліктері туралы баяндалған. Яғни оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту мақсатында сыни тұрғыдан ойлау стратегияларының тиімділігі көрсетілген. Қазақстан тарих пәнін оқытуда оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды қолданудың тиімді тұстары қаралған.

Аннотация: в статье рассматриваются пути развития и особенности учащихся коммуникативной компетентности. на основе технологии критического мышления прослеживается эффективность развития коммуникативной компетентности у учащихся. Рассмотрены эффективные приемы использования заданий для развития критического мышления учащихся на уроках истории Казахстана.

Abstract: the article describes the features and methods of developing communicative competence of students. To develop communicative competence, it is important to use strategies of RWCT. Effective methods are used in history lessons to develop pupils' critical thinking.

Кілт сөздер: коммуникативтік құзыреттілік, құзыреттілік, стратегия, сыни тұрғыдан ойлау.

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, компетентность, критическое мышление.

Keywords: communicative competence, competence, strategy, critical thinking.

Қазақстан Республикасы әлемнің қабілетті 50 елінің қатарына кіруі туралы мемлекетіміздің ұлы идеясына айналған стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру – мектеп мұғалімдерінің алдына тұрған негізгі міндеттерінің бірі. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі ең алдымен оның білім деңгейімен айқындалатыны белгілі. Осыған байланысты өскелең ұрпаққа жоғары сапалы білім беруді іске асыру мақсатында еліміз нәтижеге бағытталған білім беру моделіне көшті. Нәтиже дегеніміз – жеке тұлғаның құзыреттілігі. Ал нәтижеге бағытталған білім беру дегеніміз – жеке тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыру. Құзыреттілік дегеніміз – терең білім. Оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру үшін мұғалімнің өзі құзыреттілікке жетуі керек. Құзыреттілікке бағытталған білім беру оны тиімді ұйымдастырудың мән-мазмұнын,

әдіс-тәсілдерін зерделеу және оны меңгеру арқылы жүзеге асырылады. Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. [5,8 б.] Бірақ бұл білім, білік, дағдының жаңаша жай ғана жиынтығы емес. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім мен білік) ғана емес, сонымен бірге ол оқушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесімен ерекшеленеді. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол, әрине, мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады, дамиды. Сабақ беру, оқыту тәжірибесін жетілдіру бағытында енгізіліп жатқан өзгерістерге байланысты құзыреттілік негізінде оқыту – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

2012 жылдан бастап 3 айлық деңгейлік курс бағдарламасы аясында мектептегі білім беру жүйесін жетілдіру бағытында, оқыту үрдісіне жеті модуль енгізілуде. Солардың бірі – сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Стил, Куртис С.Мереди, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж. Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады [2,13 б.]. Бұл бағдарлама сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттырады.

«Қазақстанда сыни тұрғыдан ойлауды оқу және жазу арқылы дамыту» жобасының директоры С.Мирсейтова, А.Рысбаева, Б.Турганбаева, А.Әлімов еңбек-

МЕТОДИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА

тері оқушылардың ойлау қабілетін белсенділендіруге арналған.

Сыни ойлау деген не? Сыни ойлау дегеніміз – өзіндік ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан бастау алады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындай алады. Пән мұғалімінің басты міндеті – оқушылардың өзіндік іс-әрекетін белсенді ұйымдастыру болып табылады. Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл құрылым үш деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Оқушылар көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйренеді. Сабақ беретін сыныптағы оқушылар кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің бірін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда дағдыланады. Атап айтқанда, жоба әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың терең де еркін ойлауына, үздіксіз еңбектену білуіне жол ашады. [3,35 б.].

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың сапалы деңгейде өтуінің алғышарты – оның қағидалары, яғни стратегиялары. Стратегия дегеніміз – философия, әдістемелік ұстаным деп қарастыруға болады. Мұғалім мен оқушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сабақ барысы сонда ғана нәтижелі болмақ. Стратегиялар оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Қазіргі кезде стратегияның 100-ден аса түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай стратегияларды өзгертіп те жіберуге болады. Оқушылардың жас ерек-

шеліктерін ескере отырып, жазу мен оқу арқылы сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында қолданып жүрген стратегиялардың мүмкіншіліктеріне тоқталайын:

Аралас/Қатып қозғалма/ Жұптас стратегиясында тапсырманы орындау барысында оқушылар бір - бірімен араласып, өзіне ақпаратпен бөлісіп, ойын толықтыратын жаңа серіктестіктер табуына мүмкіндік беретін тиімді құрал.

1-қадам. Сұрақтарды алдын ала ойластыру;

2-қадам. Жұмыс ұйымдасқан түрде өту үшін алдын ала тәртіпті түсіндіру керек. Қозғалыс және жұмыс жасау жолдары тек мұғалімнің белгісі арқылы жүзеге асырылатыны туралы біледі;

3-қадам. Белгі беріңіздер. Қозғалыста болуға 1 минут уақыт жеткілікті. Сонан соң «қатып қозғалмаңдар» командасын беріп, тапсырмамен жұмыс жасауларын өтініңіз;

4-қадам. Тапсырманы орындау үшін оқушыларға уақыт жеткілікті берілу керек. Сонан соң орындарына оралуларын сұраңыз.

Коммуникативтік дағдылардың дамуы мен қарым-қатынас жасауы, өз іс-әрекетін жоспарлау және орындау білігі күтілетін нәтижеге жету, топта ынтымақтастықта жұмыс жасау бейімділігін, сыни және талдау тұрғысынан ойлау, сұхбаттық дағдыларды қалыптастырады, өзін-өзі тануға, өз білімін жетілдіруге, өзін-өзі бағалау қабілетінің дамуына ықпал ететінін байқадық.

Жуан-жіңішке сұрақтар стратегиясында оқушылар мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша өздері тың сұрақтарды топ ішінде құрастырады. Тапсырманы орындау барысында оқушы алдымен қатесіз, түсініп оқуға тырысады, қойған сұрағына өзі жа-

уап беруге дайын тұрады, басқа балалардың сұрақтарын мұқият тыңдап, сұрақ құрастырудың қиын жұмыс екенін біліп, ең үздік сұрақтарға ілтипат білдіреді. Бұл стратегияда ынтымақтастық оқыту жағдайында білім алушылар түрлі көзқарастағы пікірлерді естіп, өздерінің идеяларын дұрыс қалыптастыруды және оны қорғай білуге дағдыланады. Сол арқылы, білім алушылар өздерінің ұғым-түсініктерін қалыптастырып, және де оқулықта ұсынылған түсініктерге немесе сарапшылардың пікірлеріне ғана сенуден бас тартуды үйрене бастайды. Яғни, ынтымақтастық оқыту барысында білім алушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуге, өз пікірлерін айтуға және оны қорғауға мүмкіндік алады.

Мұғалім оқушыларды сырттай бақылау, бағыт-бағдар беру арқылы алған білімдерін тексереді. «Мен түсінемін» стратегиясы арқылы оқушылар өздері тақырыпқа байланысты әңгіме құрастырады. Әр топқа әр түрлі тапсырма беріледі. Бір топ келесі топқа тапсырмаларын оқиды. Шарт бойынша тақырыпқа қатысы жоқ мәліметтерді табу арқылы топ оқушылары фишкалар арқылы ұпай алады. Оқушының ізденімпаздық, зерттеушілік, дәлелдеушілік, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру үшін «Отанды қорғаудың өнегесі Қайырхан ба, жоқ әлде Шыңғысхан ба?» тақырыбында ой толғау жазуға және М. Шахановтың «Отырар дастаны» шығармасын оқуға үйге қосымша тапсырма берілді. [4, 15 б.].

Қазақстан тарихы сабағында «Адамдардың шаруашылық өміріндегі өзгерістер және еңбек құралдарының жетілдірілуі» тақырыбындағы 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау

МЕТОДИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА

оқу мақсаты бойынша «Бірге ойлаймыз» әдісін қолдануға болады. «Бірге ойлаймыз» әдісі арқылы жұпта отырып, мезолит пен неолит дәуірлерінде ерекшеліктерін анықтады.

нып, әрекет етуге, өз ойын, пікірін айта алуға және басқалардың ойымен санасып бірігіп жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Сын тұрғысынан ойлау әдісі оқушының еркін сөйлеуіне, пікір

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана. – 28 ақпан 2007 ж.;

2. Кластер Д. Сүни ойлау деген не 106 бет. // Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. С. Мирсеитовамен Ә.Іргебаеваның редакциялаған. Алматы: Қазақстан Оқу Ассоcациясы. Верена, 2006.- 260 бет.

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей.

4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары.- Алматы: Рауан, 1991.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты: Білім беру нәтижелері ретіндегі құзіреттіліктер // Білім әлемінде. №3. 2007 ж.;

Дәуірлер	Еңбек құралы	Қару түрлері	Ерекшелігі
Мезолит	1. 2.	1. 2.	1
Неолит	1. 2.	1. 2.	1
Қорытынды ой: 1.			

1-кесте.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда топтық, жұптық жұмыстың орны ерекше екендігін тәжірибе барысында байқалды. Сырттай бақылау нәтижесінде сыныптағы оқушылардан төмендегідей іс-әрекеттер байқалды:

- 1) әркім өз ойларын ұсынды;
- 2) топтағы оқушылар бір-біріне сұрақтар қояды;
- 3) топтағы оқушылар болжамдар ұсынып және айтқандарын дәлелдейді;
- 4) топтағы оқушылар өз ойларын дауыстап жауап береді.

Тәжірибе барысында Венн диаграммасын қолдану арқылы Хақназар мен Тәуекел ханды салыстыруға тапсырма бердім. Салыстыруға арналған тапсырманы осы диаграммаға салып, оқушылар қызыға толтырады, яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді. Оқыту үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау әрекетін енгізу оқушылардың өз бетінше білім алуына, әріптестерімен, оқытушымен бірге ой бөлісуге, алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын күнделікті өмірде жаңа жағдаяттарда қолда-

таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған. Шығармашылық жұмыстар оқушыларды ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятап, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады. Оқушылар бір-бірін тыңдап, өз жауаптарын талдайды. Сұрақ қоюда қайта бағыттау әдісін қолдандым. Яғни сұрақты басқа оқушыларға қайта бағыттау. Оқушылардың бойында коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда, яғни оларды өз өмірі мен іс-әрекетінің субъектілеріне, өз өмірі мен іс-әрекетінің басқарушысына айналдыруда үлесі зор болды.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту арқылы оқушылардың ауызша және жазбаша коммуникацияның күрделі түрлерін игеруіне, жеке, топтағы, жұптағы танымдық қарым-қатынастар мен бірлескен іскерлік-коммуникативтік әрекеттерін дамытуға мүмкіндік туғызылды. Мектептегі білім беру үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын жалпылай қолданса, онда оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту тиімді жүреді, оқушылардың жеке дамуына, білім мазмұнын сапалы меңгеруге ықпал етеді деген тұжырым жасалды.



РАЗВИТИЕ СМЫСЛОВОГО ЧТЕНИЯ НА ОСНОВЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ТЕКСТОВ (НА ПРИМЕРЕ МЕТОДА «КВАНТ»)

Быкова Татьяна Евгеньевна,

учитель истории, педагог-модератор, магистр гуманитарных наук,
КГУ «Средняя школа № 9» отдела образования по г. Усть-Каменогорску управления
образования ВКО

Аңдатпа: мақала «Квант» әдісіне назар аударып, тарихи мәтіндерді қолдана отырып, оқушылардың семантикалық оқуын дамыту әдістемесіне арналған. Мақаланың негізгі идеясы-тарих пән ретінде функционалдық сауаттылық дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға, соның ішінде мәтінді терең қабылдауға мүмкіндік береді, бұл әсіресе қазіргі әлем жағдайында маңызды.

Аннотация: статья посвящена методике развития смыслового чтения у учащихся с использованием исторических текстов, акцентируя внимание на методе «Квант». Основная мысль статьи заключается в том, что история как предмет обладает потенциалом для формирования и развития навыков функциональной грамотности, включая глубокое восприятие текста, что особенно актуально в условиях современного мира.

Abstract: the article is devoted to the methodology of developing semantic reading among students using historical texts, focusing on

the «Quantum» method. The main idea of the article is that history as a subject has the potential to form and develop functional literacy skills, including deep text perception, which is especially important in the modern world.

Кілт сөздер: тарих, «Квант» әдісі, функционалдық сауаттылық, семантикалық оқу.

Ключевые слова: история, метод «Квант», функциональная грамотность, смысловое чтение.

Key words: history, the «Quantum» method, functional literacy, semantic reading.

В начале XXI века мир вступил в период глобальных изменений цивилизационного масштаба. Переход к постиндустриальному обществу резко ускорил процессы глобализации и информатизации общества. Увеличение с каждым годом количества текстовой информации, предъявление новых требований к ее анализу, систематизации и скорости переработки определили необходимость использования новых приемов и методов в обучении чтению.

В тоже время для молодого поколения характерно иметь низкую скорость чтения, вследствие чего они испытывают затруднения в понимании смысла прочитанного (наиболее часто встречающиеся ошибки связаны с тем, что выпускники на ИГА и ЕНТ неправильно прочитали задание и поняли его смысл), в извлечении необходимой информации, ее интерпрета-

ции и оценке.

Эти два факта породили серьезное противоречие: с одной стороны, современный мир обрушивает на нас огромный объем информации, с другой стороны, молодежь мало читает, не обладает в полной мере навыками смыслового чтения, не умеет эффективно работать с информацией.

Навыки смыслового чтения закладываются на уроках русского языка и литературы еще в начальной школе. С каждым годом этот навык оттачивается в ходе изучения различных предметов, в том числе и на уроках истории.

История, основанная на фактах, явлениях и событиях, оценках, представляет богатую картину социально-экономического, культурно-нравственного, коммуникативного опыта людей. И поэтому призвана способствовать фор-

мированию и воспитанию личности, ориентированной в потоке информации, умеющей видеть и творчески решать проблемы, взаимодействуя с другими людьми, активно применять полученные знания и умения в жизни [1].

На уроках истории для изучения и характеристики каких-либо событий и/или явлений, их оценки в основном используются различного рода анализы, такие как SWOT- ; GAP- ; PEST- ; BOFF- ; GRE- AT- и PEST-анализы, метод GROW и другие, но помимо упомянутых применяется метод «Квант» (образец заданий представлен в приложении 1 [2]). Он состоит из нескольких позиций: «Ключевое слово», «Понятие», «Тезисы», «Схема» или «Таблица», «Вопросы».

Первый этап работы начинается с ознакомления обучающихся с правилами применения метода

МЕТОДИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА

«Квант». Затем учащиеся делятся на 4 подгруппы, каждая из которых выполняет выбранную позицию. В качестве материала выступает один текст.

Все учащиеся читают текст и по ходу выполняют задания:

- первая подгруппа вычленяет 10-15 ключевых слов, 3-5 уточняющих понятий с определениями (возможен вариант: из данных на карточках определений необходимо выбрать подходящие к представленному тексту);

- вторая подгруппа составляет схему / таблицу, отображающую общее содержание текста;

- третья подгруппа записывает тезисы – краткое содержание текста;

- четвертая подгруппа составляет вопросы разного уровня сложности по тексту [3] (приложение 2 [4]).

Все подгруппы должны учесть и выполнить главное правило: им необходимо выполнить задание таким образом, чтобы материал, представленный в позициях, был хорошо понятен человеку, кото-

рый не читал этого текста и не знает его содержания.

На выполнение заданий каждой подгруппой дается 15 минут, после чего они презентуют свою работу у доски.

Первая подгруппа представляет свои варианты ключевых слов и уточняющих понятий с определениями. После выступления учащиеся из подгруппы «Вопросы», задавая их классу. Далее свою работу представляет подгруппа, составлявшая схему или таблицу, где отображает свой вариант понимания текста. Весь материал каждая из подгрупп располагает на доске или флипчарте.

После того, как учебный материал будет размещен на доске, выступает подгруппа «Тезисы». На этом этапе всем учащимся предлагается внимательно прослушать тезисы и отметить совпадение с информацией, представленной другими группами. В случае противоречий или обнаружений ошибок, вносятся соответствующие коррективы [3].

Таким образом, навыки смыслового чтения являются метапредметными, в соответствии с этим, их необходимо развивать на всех предметах, а не только на уроках истории и русского языка и литературы. Вместе с тем эти навыки необходимы при подготовке и успешной сдаче ИГА и ЕНТ. Постоянная практика использования метода «Квант» позволит сформировать у молодого поколения современные ключевые компетенции или навыки XXI века: креативное и критическое мышление, которые способствуют выдвижению новых идей и помогают увидеть новые возможности, также отточить умения решать конкретные ситуации, то есть формирование личностного поведенческого навыка в конкретной ситуации [5].

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:


1. InfoLesson – образовательная онлайн-платформа [Электронный ресурс]. – <https://infolesson.kz>. – (01.02.2025).

2. Журнал «Международная жизнь» [Электронный ресурс]. – <https://interaffairs.ru>. – (01.02.2025).

3. Научная электронная библиотека «КиберЛенинка» [Электронный ресурс]. – <https://cyberleninka.ru>. – (01.02.2025).

4. Сборник заданий и упражнений. Учебные цели согласно таксономии Блума / А.Е. Мурзагалиева, Б.М. Утегенова. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2015 – 54 с.

5. Рудик Г.А. Культура умственного труда или 101 техника учения. Пособие для учащихся, студентов, педагогов и для всех тех, кто обучается на протяжении всей жизни. – Костанай: ГККП «Институт повышения квалификации и переподготовки работников образования управления образования акимата Костанайской области», 2010. – 97 с.



1-рисунок. Алгоритм урока по методу «Квант»

Учитель в данном случае играет роль координатора, основной задачей которого является вовремя исправить ошибки и направить обучающихся в нужном направлении. Причем оценка полученных результатов должна быть совместной – учащиеся и педагога.

Так как основу метода «Квант» составляют различные приемы и стратегии, например: выделение ключевых слов; составление схем; определение значимой информации; составление вопросов разной сложности в зависимости от того, об информации какого типа (явной, скрытой, отсутствующей в тексте) в них запрашивается; со-

вместное обсуждение прочитанного текста и т.д., то можно сделать вывод, что его использование способствует развитию технической и содержательной стороны чтения; глубокому и детальному анализу текста, его интерпретации. Данный метод можно использовать на любых учебных предметах, начиная с небольших по объему и не сложных по восприятию текстов, а в дальнейшем работать с объемными текстами любого стиля и жанра. Причем тексты могут быть не только бумажными, но и электронными, как на иностранном языке, так и на языке учебного предмета.

МЕТОДИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА

Приложение 1

Всемирная история, 9 класс

Раздел 5. Международные организации в решении региональных проблем

Тема: Какие мирные способы решения ближневосточного кризиса предпринимает ООН?

Цели обучения: 9.3.2.5 обобщать причины и последствия локальных конфликтов; 9.3.2.6 оценивать деятельность ООН в урегулировании международных конфликтов.

Ближневосточный конфликт - один из самых длительных неурегулированных конфликтов в мире. 29 ноября 1947г. Генеральная Ассамблея ООН приняла Резолюцию №181 о разделе Палестины к западу от реки Иордан и образовании еврейского и арабского государств. Территория Палестины, определенная в мандате Лиги Наций, включала в себя оба берега Иордана – как западный, так и восточный, то есть Трансиорданию. В итоге 80% всей территории подмандатной Палестины стало чисто арабским автоном-

ным районом. Иерусалим решено было оставить международным городом.

За раздел Палестины проголосовало 33 государства (в том числе Франция, США и Советский Союз), против – 13, воздержалось – 10 (в их числе была и Великобритания).

С целью решения арабо-израильского вопроса созывалось немало международных конференций: Мадридская конференция, конференция в Осло, конференция в Кемп-Дэвиде и др. Одной из самых крупномасштабных конференций по урегулированию ближневосточного конфликта принято считать Мадридскую конференцию, которая прошла с 30 октября по 1 ноября 1991г. Организаторами конференции стали Советский Союз и Соединенные Штаты Америки, их усилия были направлены на то, чтобы и другие арабские страны последовали примеру Египта и подписали мирные договоры с Израилем. А также стороны конфликта должны были выполнить требования резолю-

ций Совета Безопасности №242 от 22 ноября 1967г. И №338 от 22 октября 1973г., предусматривающих освобождение Израилем всех оккупированных им с 1967г. арабских территорий и право всех государств региона на независимое существование в пределах признанных границ («мир в обмен на землю»), обеспечение законных прав палестинского народа, достижение безопасности и мира для израильтян.

Источник: <https://interaffairs.ru/news/show/44418>

ПОДГРУППА – 1. Задание: изучите текст и выпишите 10-15 ключевых слов, 3-5 понятий с определением.

ПОДГРУППА – 2. Задание: изучите текст и составьте схему или таблицу по тексту.

ПОДГРУППА – 3. Задание: изучите текст и составьте тезисы по тексту.

ПОДГРУППА – 4. Задание: изучите текст и составьте вопросы разного уровня сложности.

Приложение 2

УРОВЕНЬ	ВОПРОСЫ
Знание	Кто...? Что...? Когда...? Сколько...? Где...? Кем...?
Понимание	Какой пример соответствует...? Правильно ли я понимаю, что это означает...? Как можно резюмировать...? Как можно перефразировать...?
Применение	Что будет результатом, если...? Можно ли использовать... для...? Как можно решить проблему..., используя знания о...?
Анализ	Каковы причины...? Каковы возможные мотивы...? Как можно квалифицировать...? Что свидетельствует...? Какие подтверждения можно привести...?
Синтез	Что можно предложить, чтобы минимизировать/максимизировать...? Как можно объединить...? Что должно быть объединено, чтобы подтвердить...? Какие подтверждения можно привести...?
Оценка	Будет ли лучше/хуже, если...? Что можно предложить, чтобы...? В чем сильные и слабые стороны...? На чем основывается утверждение...? Вы согласны, что...?

МӘТІНДІ ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ



Камзина Ардак Нурахметовна,

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы ШҚО бойынша ПҚ ҚДИ

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы кафедрасының аға оқытушысы

Аңдатпа: бұл мақалада мәтінді талдау әдістері арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру жолдары қарастырылады. Оқу сауаттылығы ұғымына анықтама беріліп, оның негізгі сипаттамалары талданады. Сонымен қатар, оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған тиімді стратегиялар мен практикалық тапсырмалар ұсынылады.

Аннотация: в данной статье рассматриваются способы формирования читательской грамотности учащихся с помощью методов анализа текста. Дается определение понятия «читательская грамотность» и анализируются его основные характеристики. Кроме того, предлагаются эффективные стратегии и практические задания, направленные на развитие читательской грамотности.

Annotation: this article explores methods for developing students' reading literacy through text analysis techniques. The concept of «reading literacy» is defined, and its main characteristics are examined. In addition, effective strategies and practical tasks aimed at enhancing reading literacy are proposed.

Тірек сөздер: оқу сауаттылығы, мәтінді талдау техникалары, стратегиялар, дағдылар, тапсырмалар.

Ключевые слова: читательская грамотность, техники анализа текста, стратегии, навыки, задачи.

Keywords: reading literacy, text analysis techniques, strategies, skills, tasks.

Бүгінгі таңда оқытудағы негізгі талап білім алушылардың функционалды сауаттылығын дамытуға бағытталған. Функционалды сауаттылық, ең алдымен, ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға негізделген оқу сауаттылығы арқылы қалыптасады.

Оқу дегеніміз – қазіргі қоғамдағы білім мен өмірге арналған функционалды, базалық дағды.

Оқу сауаттылығы – адамның өз мақсатына жету, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту, қоғамдық өмірге қатысу үшін жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, олар туралы ой елегінен өткізу, оқумен айналысу қабілеті болып табылады.

Оқу сауаттылығы:

- табысты әлеуметтену, әрі қарай білім алу, өзін-өзі дамыту мақсатында оқырман қызметіне қажеттілік;

- мағыналық оқуға дайындық – жазбаша мәтіндерді қабылдау, талдау, бағалау, түсіндіру және

олардағы ақпаратты қорыту;

- оқу тапсырмасына сәйкес оны түрлендіру үшін қажетті ақпаратты алу мүмкіндігі; өмірлік жағдайларда әртүрлі мәтіндік ақпаратты қолдана отырып бағытталу.

Оқу сауаттылығының маңызды құрамдас бөлігі - мәтіндерді талдай білу және олардың мағынасын түсіну.

Мәтінді талдау - бұл білім алушылар мәтіннің мазмұнын, құрылымын және мағынасын оның элементтерін тереңірек түсіну және ой елегінен өткізу үшін жүйелі түрде зерттейтін процесс. Ал, мәтінді талдау оқу құзыреттілігін дамыту үшін маңызды. Ол ақпаратты сыни тұрғыдан ойлау, интерпретациялау және бағалау дағдыларын дамытуға бағытталған бірнеше кезеңдерді қамтиды.

Мәтінді талдау оқушылардың оқу дағдыларын дамытуда шешуші рөл атқарады және тиімді ықпал етеді:

1) сыни ойлауды дамыту

2) сөздік қорын кеңейту

3) мәтіннің құрылымы мен ұйымдастырылуын түсіну

4) түсіндіру дағдыларын дамыту

5) оқу стратегияларын меңгеру

6) практикалық мәселелерді шешуге дайындық

7) хабардарлық деңгейін арттыру

Мәтінді талдау техникалары - оқырманға мәтіннің мазмұнын тереңірек түсінуге, түсіндіруге және бағалауға көмектесетін әдістер мен тәсілдер. Мәтінді талдау техникалары мәтінді құрылымдық зерттеуге бағытталған негізгі ақпаратты алу, жасырын мағыналарды анықтау, оқуды сыни бағалау. Талдау техникалары мақсатқа, мәтін жанрына және оқу құзыреттілігінің деңгейіне байланысты өзгеруі мүмкін. Мәтінді талдау бойынша жұмыс нәтижесінде оқушылар тек «техникалық сауатты» оқырман-дарға ғана емес, сонымен қатар әртүрлі контексттерде ақпаратпен тиімді қарым-қатынас жасай ала-

МЕТОДИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА

тын саналы және сыни ойлайтын адамдарға айналады. Балаларды мәтіндік ақпаратты саналы түрде қабылдауға үйрету маңызды, өйткені ол жас ұрпақтың жеке дамуы мен өзін-өзі дамытуының негізі болып табылады. Егер бала сауатты оқуға ие болса, мәтіннің мағынасын және оның мазмұнын түсінсе, онда ол өз ойларын білдіруге қабілетті болады. Демек, ол еркін сөйлесе алады, әлеуметтік байланыстар жасай алады.

Осы орайда, әдебиеттік оқу сабағында бастауыш сынып оқушыларының мәтінді түсінуге оның мағынасын ұғынуға оқығанын талдауға және бағалауға өз тұжырымдары мен пікірлерін қалыптастыруға негіз болатын стратегияларды қолдануға болады.

Белсенді оқу. Мәні: оқушыны мұқият оқуға ынталандырады: түйінді идеяларды бөліп көрсетуге, мәтінге сұрақтар қоюға және шеттерге жазба жасауға.

Қалай жүзеге асыруға болады: оқушылар маңызды сөз тіркестеріне баса назар аударады, оқу барысында сұрақтар қояды, өз ойларымен немесе күмәндарымен шеттерде жазбалар жасайды.

Сұрақтар қою. Мәні: оқушыларды мәтінге, мазмұнға да, авторға да сұрақтар қоюға ынталандыру. Бұл жасырын мотивтерді, мақсаттарды және біржақтылықты талдау және анықтау дағдыларын дамытады.

Қалай жүзеге асыруға болады: оқушылар автордың дәлелдерін, олардың дұрыстығын талдауға, сондай-ақ алғышарттарды анықтауға бағытталған сұрақтар қояды.

Аргументтерді талдау. Мәні: оқушылар автор қолданған дәлелдерді, соның ішінде олардың құрылымын, дәлелдер базасын және логикасын бөліп көрсетуді және бағалауды үйренеді.

Қалай жүзеге асыруға болады: оқушылар мәтінмен жұмыс істей алады, автордың негізгі

дәлелдерін бөліп, оларды күшті және әлсіз деп жіктеп, өз нәтижелерін негіздей алады.

Шағын топтарда талқылау. Мәні: оқушылар мәтінді топтарда талқылайды, өз ойларымен және талдауларымен бөліседі. Бұл әртүрлі түсіндірулер мен көзқарастарды анықтауға көмектеседі.

Қалай жүзеге асыруға болады: мәтінді оқығаннан кейін оқушылар оны шағын топтарда сыни талдауға бағытталған сұрақтарды қолдана отырып талқылайды (мысалы, автор не айтқысы келді? немесе сізде балама пікір бар ма?).

Идеяларды картаға түсіру. Мәні: мәтіннен ақпаратты ұйымдастыру және талдау үшін визуалды схемаларды қолдану.

Қалай жүзеге асыруға болады: оқушылар мәтіннің негізгі тезистерін дәлелдермен және қолдаушы ақпаратпен байланыстыру арқылы идеялар карталарын жасайды.

Интерпретация және қайта түсіндіру. Мәні: Оқушылар мәтінді талдайды және үстірт қабылдаудан шығып, өз түсінігін немесе мағынасын интерпретациялауды ұсынады.

Қалай жүзеге асыруға болады: оқушылар оқиғаларды дамытудың балама нұсқаларын ұсына алады, жаңа аяқталуды жасай алады немесе дәлелдеудің басқа тәсілдерін ұсына алады.

Әдеби мәтіндермен жұмыс істеуде оқу сауаттылығына бағытталған тапсырма құрастыру оқушылардың мәтін мазмұнын игеруге қатысты жалпы білік дағдысын, оқыған мәтіндегі тұтас ойды түсінуін, түрлі стильдер мен жанрлардағы мәтіндерді талдап, мазмұндай білуін, мәтіннен ақпарат іздеумен қатар, оны түсіндіру, мәтін мазмұны мен формасына рефлексия жасау, проблемалық жағдаятты түсінумен қоса шешімін ұсына білу қабілетін дамытады.

Осы ретте, оқу сауаттылығы

дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалардың түрлеріне тоқталайық.

1. Кестемен жұмыс. Оқушыларға мәтіннен алынған ақпаратты енгізу керек санаттары бар кесте беріледі.

Тапсырма мысалы: «Алтын балта» ертегісінен кедей мен байға мінездеме беруге көмектесетін сөйлемдерді табыңыз.

Кейіпкерлер	Мінездеме (мәтіннен үзінді)
Кедей	
Бай	

Тапсырма мысалы: «Туған жер құдіреті» әңгімесі бойынша қажетті ақпаратты кестеге толтыру.

Кейіпкерлер	Мінездеме (мәтіннен үзінді)
Кедей	
Бай	

2. Оқиғалар тізбегін табу. Оқушылар мәтін ұсынылады.

Тапсырма мысалы: Мәтінді оқып, оқиғаларды дұрыс ретпен орналастырыңыз.

Басында: _____.

Содан кейін: _____.

Соңында: _____.

Тапсырма мысалы: «Сатылған көлеңке ертегісінің жоспар тармақтарын дұрыс реттілігін қалпына келтіріңіз.

1. Қонақтардың келуі
2. Көлеңке үшін дауласу
3. Тұт ағашының көлеңкесіндегі кездесу
4. Сараң байдың ауылдан көшіп кетуі
5. Көлеңке саудасы

3. Бес сұрақ. Оқушылар мазмұнды талдауға және ақпаратты түсінуге көмектесетін бес негізгі сұрақ қояды. Бұл мәтінмен белсенді өзара әрекеттесуге және оның мазмұнын тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Тапсырма мысалы: Топтық

МЕТОДИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА

жұмыс. Әр топ «Бақыт деген не?» ертегісі негізінде сыныптастары үшін «Неліктен» сөзінен басталатын бес сұрақ құрастырады. Барлық жауаптарды тыңдаңыз. Сіз қандай жауаптарды ең толық және сенімді деп санайсыз? Сізге сұрақтардың ішінен қайсысы көбірек ұнағанын талқылаңыз. Неліктен?

Тапсырма мысалы: Жұптық жұмыс.

1. Мәтінді оқыңыз.

2. Мәтін мәселесін анықтаңыз.
3. Бірінші «Неліктен» сұрағын қойып, оған жауап беріңіз.
4. Негізгі себеп анықталғанға дейін әр жауап үшін «Неліктен» сұрағын қоюды жалғастырыңыз.
4. Сызбамен жұмыс. Оқушылар сызбада берілген шығармаларды кейіпкерлерді салыстырады.

Тапсырма мысалы: Сызбада берілген шығармаларды салыстырыңыз.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Оқу сауаттылығын бағалау бойынша PIRLS критерийлерін пайдалана отырып, тіл пәндері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023 ж. - 80 б.

2. Рождественская Л., Логвинова И. Формирование навыков функционального чтения. Пособие для учителя. [Электронный ресурс]. URL: <https://slovesnic.ru/attachments/article/303/frozhdest.pdf>

3. З. Ермоленко В.А. Формирование функциональной грамотности в контексте безопасности жизнедеятельности – // Отечественная и зарубежная педагогика. – 2012. – № 1. – С. 166–176.

Шығармалардағы кейіпкерлер			
Мәтіннің тақырыбы	Басты оқиғалар	Кейіпкерлердің іс-әрекеті	
		жағымды	жағымсыз
Саң Жиенің әріп жасауы (аударған Серік Нұғыман)			
Шал мен бала (Б. Сокпақбаев)			

Қорыта келгенде, оқу сауаттылығы – білім алушының өз мақсаттарына қол жеткізуі, білімдері мен қабілеттерін кеңейтіп, қоғам-

дық өмірге араласуы үшін жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалануы, ойлауы және оқуы.



ҚАЗІРГІ ЖАҢА ДАНУ АЯСЫНДА БІЛІМ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЛИЦЕЙ ОҚУШЫЛАРЫНА ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ДИАЛОГТЫҚ ӘҢГІМЕНІҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН МАҢЫЗЫ

Камбасова Молдир Муратбекқызы,

тарих пәні мұғалімі, тарих магистрі,

ШҚО білім басқармасының «Өскемен қаласындағы Шығыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицейі» КММ

Аңдатпа: қазіргі жаһандану дәуірінде өмірдің барлық аясы ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект шеңберінде жұмыс жасауға, ақпарат алмасуға бейімделіп, дамып келеді. Білім саласы да бұл үдерістен сырт қалмады. Осындай жағдайда оқушылардың өз ойларын көркем тілмен жүйелі жеткізуге, сөйлеу мәдениетін жоғалтып алмай керісінше дамытуға оқу үдерісінде, оның ішінде тарих пәнінде қалай тиімді жүзеге асыруға болатыны туралы осы мақалада көрсетілген

Аннотация: в современную эпоху глобализации все сферы жизни адаптируются и развиваются в рамках информационных технологий и искусственного интеллекта, ориентируясь на обработку и обмен информацией. Сфера образования также не осталась в стороне от этого процесса. В данной статье рассматривается вопрос о том, как в учебном процессе, в частности на уроках истории, эффективно развивать у учащихся способность логично и образно выражать свои мысли, одновременно сохраняя и совершенствуя культуру речи.

Annotation: in the modern era of globalization, all spheres of life are adopting and developing to work within the framework of information technology and artificial intelligence to exchange information. The education sector has also not lagged behind this process. This article clearly shows how to effectively develop speech culture in modern realities in history lessons so that students can express their thoughts clearly and clearly.

Кілт сөздер: жаһандану, тарихи саны, әдіс-тәсіл, құзіреттілік, диалогтық оқыту, сөйлеу мәдениеті.

Ключевые слова: глобализация, историческое сознание, методы, компетентность, диалогическое обучение, культура речи.

Key words: globalization, historical awareness, methods, competence, dialogic teaching, methods and techniques, culture of speech.

**«Балаларға көп үйретем деп,
асығып шала-шарпы үйретуден
гөрі, аз болса да, анықтап нық
үйрету абзал»
(Ахмет Байтұрсынұлы)**

Адамзат баласы ХХІ ғасырда дамудың жаңа дәуірге, нақтырақ айтқанда, технологиялық тұрғыдан алғанда өте үлкен секіріске қол жеткізген кезеңге өтті. Қазіргі дәуірге заманауи зерттеушілер түрлі анықтама беруде, біреулер жаһандану дәуірі деп атаса, екіншілер постмодернистік, үшіншілер ақпараттық заман деп атайды. Өсіп келе жатқан жас буынға инновациялық өркениет пен жаһандану үрдісінің талабына сай білім беру, сол ағымда тәрбиелеу еліміздің оқу жүйесіндегі ең өзекті міндеттеріне айналуға. Қазіргі таңда жасанды интеллект арқылы адамзат баласының күнделікті ақпаратқа оңай, әрі тез қол жеткізуіне, қа-

жетті ақпаратты әртүрлі деңгейде өңдеп, өзгертуге болады. Мұның кері жағы-оңай ақпарат алып, жасанды интеллект арқылы оны өңдеп, өзгертуге үйренген жас буынның сөздік қоры шектеліп, екінші адаммен диалогқа түсуі қиындауы әбден мүмкін. Заман талабына сәйкес ақпараттық технологияларды сабақ үрдісінде пайдалана отырып, оқушылардың ауызекі сөйлеуін, ойларын жүйелеп жеткізу дағдыларын дамыту ұстаздар қауымының шеберлігіне, өзіндік тәжірибесіне орай жүзеге асады.

Мектепте тарихи білім беру келесі негізгі принциптерді ескере отырып құралады: логикалық және хронологиялық бірізділік. Жалпы, тарих күрделі ғылым саласы. Ол бүкіл тұтас елдің тарихы. Бұл ғылымды әркімнің қабылдауы деңгейі әрқалай. Білім алушылардың бірі тез қабылдаса, бірі ақырындап, тіпті енді біреуіне ауыр

соғуы мүмкін. Сол себептен, педагогикалық оқу үрдісіндегі технологиялардың басым бөлігін сабақ барысында қолдану маңызды деп ойлаймын. Дегенімен, жоғарыда атап өткендей, заманауи ақпараттық технологияларға негізделген әдіс-тәсілдер оқушының ой мүмкіндігін шектеуі мүмкін. Мақала тақырыбына негіз болып отырған «Білім-инновация» лицейлері - жаратылыстану ғылымдары (математика, химия, физика, биология, информатика және география) саласында дарынды балаларға арналған таңдаулы мектептер желісі екені, олардың халықаралық «KATEV» қорымен басқарылып, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі бекіткен оқу жоспары бойынша білім берілетіні белгілі. Атауы айтып тұрғандай, аталмыш білім ордаларында жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерге

басымдық беріледі де, оқушылар сол ғылымдармен жұмыс жасауға бейімделеді. Осы тарапта тарих пәніне түсетін күштің салмағы ауырлау. Яғни, пәнді оқыту барысында нақты пәндермен жұмыс жасап дағдыланып қалған (көп жағдайда өз бетімен жұмыс жасайды, өзгелермен диалогқа түспейді) оқушыларға негізгі оқиғаларды түсіндіріп қане қоймай, сонымен қатар, өз ойларын жүйеліп нақты жеткізуге, қорытынды жасауға дағдыландыру керек.

1995 жылдың шілде айында ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес «Қазақстан Республикасындағы тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасын» бекітті. Онда: «...өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау-жалпыұлттық бірлігіміздің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бітімі қалыптасуының, оның егемендігін нығайтудың, азаматтық мен отаншылдықты тәрбиелеудің ең басты факторларының бірі болып отыр. Тарих - халықтың зердесі, ол содан қуат алады, ол содан әлеуметтік шығармашылыққа, жарқын болашаққа бастайтын шабыт алады» [1, 32б],- деп Отанымыздың тарихын оқытудың маңыздылығын атап көрсетіп, мемлекеттік саясаттың тарихи сананы қалыптастырудағы негізгі басымдықтары айқындалды. Тарихи сананы қалыптастыру міндетін жүзеге асыру үшін мектепке дейінгі, мектептегі және жоғарғы оқу орындарындағы білім беру жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдениет мекемелері, қоғамда тарихқа ден қою, тарихқа деген құрмет пен тағзым, тарихты түйсін ахуалын туғызуы тиіс болды. Осындай игі шараның аясында Қазақстан тарихы пәні тек қане мектеп қабырғасында ғана емес, барлық жоғары жоғарғы оқу орындарындағы барлық мамандық студенттеріне міндетті пән ретінде оқытылып, мемлекеттік емтихан ретінде қа-

былдануда.

Тарих пәнінің оның ішінде Қазақстан тарихының мектепте 5 сыныптан бастап 11 сыныпқа дейін оқытылып, 11 сыныптың мектеп бітіру емтиханындағы негізгі пәндердің бірі және Ұлттық біріңғай тестілеуге де негізгі пән ретінде енгені де белгілі. Тарих пәні сонымен қатар адамзат дамуының барлық сатысындағы әлемдік тарихты да қамтитыны белгілі. Ал, осындай өте үлкен тарихи кезеңіндегі сан қилы оқиғаларды тек қане дәріс, немесе мұғалімнің жетектеуімен оқушы санасында ұзақ уақытқа қалдыра алмайсың. Немесе, қазіргідей мектептен тыс уақытта да оқушының қолы жетер ақпараттық технологияның дамыған заманында жасөспірімдердің пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін, ұстаз да өз пәнін жетік білетін, АКТ –ны меңгерген, кез-келген жайттардан шығар жолды оңай таба білетін, функционалды сауаттылығы мен күзиреттілігі жан-жақты дамыған болуы қажет. Оқушы тарапынан қойылатын сауалдар өте көп, солардың жауаптарын қанағаттанарлықтай етіп беру де қажет немесе сол сауалдардың жауабын бірлесе талдау отырып табуларына мүмкіндік беру керек.

Дәстүрлі сабақтардан бөлек заманауи оқыту технологияларының да басты назар аударатыны да диалогтық оқыту әдістері болып отыр. Диалогтық оқыту арқылы оқушының қызығушылығын арттыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, өзгелер алдында қысылмай, ойын ашық білдіруге, аудиторияны өзіне баурап алу қабілеттерін қалыптастырудың маңызы өте зор.

Әрине, бұл жерде оқушының жас деңгейі, сыныптың қабылдау деңгейі, жалпы ахуалы, тақырыптың мазмұны мен ауқымы, ондағы фактілер мен деректердің күрделілігін де ескеру қажет. Оқушыларды неғұрлым төменгі сынып кезеңінде ойларын жүйелеуге

дағдыландырсаң соғұрлым олардың жоғары сынып деңгейіне жеткенде ойларын бүкпесіз білдіру, өзгемен тез қарым-қатынас жасау дағдылары, кез-келген ортада өздерін ұстау мәдениеті де дами түседі.

Осы тарапта жаңартылған білім мазмұнына арналған курстар бойынша берілген ақпараттарды басшылыққа алуға болады. «Балалар күннен күнге қолжетімділік артып келе жатқан анағұрлым кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай қатысуға мүмкіндік беретін сыни тұрғыда ойлау мен зерттеу дағдыларын дамыту керек» (Wolfe and Alexander) [2, 50 б].

Александр (2004) білім берудегі әңгімелесуді – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, идеялар екі жақты бағытта жүреді, осының негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжиды деп есептейді. Және Александр (2008) диалог түрінде білім беру оқушыларды ынталандыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды. [2, 39 б]

Мерсер (2005) құрдастар тобындағы өзара қарым – қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Сонымен қатар, Мерсер әңгімелесуді үшке бөледі; әңгіме – дебат, топтық әңгіме, зерттеушілік әңгіме [2, 39 б]. Бұндай әңгімелесудің тәсілдерін барлық сыныпта әр түрлі сипатта пайдалануға болады.

Бұл жерде диалогтық әңгіме оқушы мен оқушы, оқушы мен топ, топ пен топ, ұстаз бен оқушы, ұстаз бен жұптар немесе топтар, ұстаз бен сынып ұжымы арасында жүзеге асса ғана сабақ өз нәтижесіне жетеді.

Жоғарыда айтып кеткендей, әр сынып деңгейінде диалогқа тарту мақсатында мұғалім тарапынан қойылатын сұрақтар деңгейі де әр түрлі болады. Мысалы:

7 және 8 сыныптарда

(«Білім-инновация» лицейлеріне оқушылар 7 сыныптан қабылданады) орта буын оқушыларына: «оқиға не себепті бұлай аяқталды?, не себепті ондай әрекетке барды, не себеп болды, егер де..., бұл жағдайда сенің әрекетің қалай болар еді?, барлығына ортақ не бар немесе айырмашылығы неде?» - деген сияқты, ой жүйелеуге, қорытуға, сараптама жасай алуға бағыттайтын сауалдар болуы қажет.

9 және 10 сынып оқушыларына « Бұл жерде ондай іс-әрекеттің қажеттілігі болды ма?, белгілі – бір оқиғаның, тұлғаның әрекетінің, мемлекет саясатының жетістігі мен кемшілігі неде болды?, басқа оқиғалармен салыстыратын болсаң..., дәлелдеуге тырыс, қандай нақты дәлелдермен сөйлер едің?, тура сол кезеңде тағы қандай оқиға болды?» - мазмұнындағы ойларын дәлелдеуге, фактілерді саралауға итермелейтін, сараптама жасауға дағдыландыратын сұрақтар қойылады.

11 сынып оқушысына, мектеп бітіруші түлек ретінде барлық курстарды қайталау жұмысын жасауға, тарихи үдерістерді тізбекті түрде жүйелеуге мүмкіндік беретіндей жетелеуші, бағыттаушы, сұрақтар қою, оқиғаларды уақыт тізбегіне сала отырып, өзара байланыстарын анықтау, бүгінгі күнгі маңызылығын анықтауға, бір-бірімен ой бөлістіру, көзқарастарын дәлелдеу үшін фактілерді келтіру арқылы есте сақтауларын, сол арқылы ақпаратты пайдануға мүмкіндік беру қажеттігін ескеру керек. Бір ескере кететін жайт, 11 сынып оқушыларымен жұптық өте тиімді. Өйткені, бірін-бірі оқыту арқылы өздерінің кемшіліктерін толықтыруға мүмкіндік алады.

Жалпы жаңартылған оқу бағдарламасы енгізілгенге дейін де тарих сабағында менің тарапымнан оқушыларға жоғарыдағы тәріздес сұрақтар қойылғанымен, оқушы мүдірген жағдайда өзім

жауап беруге асығатынымын. Дегенімен, өзімнің ұстаздық тәжірибемнің барысында сыныптағы құрбыларына бірін-бірі толықтыруға мүмкіндік берудің маңызын ұғындым. Бұл тарапта Мерсер де (2005) құрдастар тобындағы өзара қарым – қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті [2, 39 б].

Әрине, берілген сұрақтардың бәріне менің қалауымша жауаптар алынбаса да, пәнді оқыту мен ҰБТ жүйелі дайындық барысында байқағаным, оқушылар жұптық, топтық жұмыс барысында өзара диалогқа түсу арқылы өздерінің білетіндерін еске түсіріп, салыстырып, жинақтай отырып ұжымға жеткізе білді. Тіпті, өзім үшін зерттеу нысанасы ретінде алған әр сыныптағы түрлі білім ордасынан лицейге қабылданған ұяң оқушылардың өздерінің сабақтың тұтастай болмаса да белгілі бір кезеңінде топтық немесе жұптық жұмыстарға белсене араласып, құрбыларына толықтырулар жасап отыруға дағдыланып келетінін аңғардым. Бұл ретте ұстаздар қауымына бұрыннан таныс, өзім де осы уақытқа дейін пайдаланып, нәтижесін көрген «Ой қозғау», «Мифқа шабуыл», «ЖИГСО-I», «ЖИГСО-II», «Блиц-сауалнама», «Үш қадамды сұхбат», «б неге?», сол сияқты кейіннен кеңінен қолданылып жүрген «SWOT», «PEST», «IDEAL», «GREAT», «GROW», «Т-кестесі», «ПТМТ» тб. оқушыларды тақырыптарды жан-жақты талдауға бағыттайтын әдістердің маңызы зор. Сол сияқты, жұптық және топтық жұмысқа негізделген сабақта ортақ нәтижеге жету мақсатында жұптар немесе топтағы оқушылардың өзара диалогқа түсу әрекеттерінің барысында көшбасшылардың лицейге бейімделу кезеңі қиындау өтетін белсенділігі төмен оқушыларды да сабаққа тарту үрдісінің жоғары деңгейде қалыптасып келе жатқанын да байқадым. Диалог

барысында оқушылар нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады[2].

Құрбылар арасындағы пікір алмасу, ортақ нәтижеге жетуге деген ұмтылыс, қосымша шығармашылық жұмыстар оқушылардың коммуникативті, ақпараттық, өзін-өзі дамыту сияқты құзіреттіліктерін де қалыптастырып, дамытып отырады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құруға әкелетін әрекет болып табылады. Бұл жерде ұстаз бен оқушы арасындағы қарым-қатынастың сенімділік және демократиялық деңгейде қалыптасуын ескеру қажет.

Жоғарыда келтірілген мысалдардың диалогтық тәсілдің ауызша және жазбаша түрлеріне сүйене отырып пайдаланған әдіс – тәсілдердің қайсысы болмасын дерлік сыныптағы оқушылардың ойын жүйелеуге, жинақтауға, салыстыруға, еске түсіруге, білгендерін пайдалануға, ортақ тұжырымға келуге тиімді болды. Әрине, бұл жерде бұрын бұл тәсілдер сабақтарда пайдаланған жоқ деген қате ұғымға келмеу керек. Тарих сабағы көбінде ауызша жүргізілетін сабақтардың бірі, сондықтан сұрақ – жауап әдістерінің болуы заңдылық. Дегенмен, осы диалогтық оқытуды тек сабақтың бір құрамдас бөлігі деп қане қарастырмай, керісінше сабақтың негізгі қозғаушы күші ретінде қарастырдым. Сондықтан жоғарыда жасалған сараптамадан соң, төмендегідей қорытындыға келдім. Яғни, өзім үшін бақылауға алып жүрген түрлі білім ордасынан лицейге қабылданған оқушылар арасындағы диалогтық оқыту тәсілінің мазмұнын саралай келе, мен жалпы сабақтарымда қандай өзгеріс байқадым:

- Жаратылыстану-математи-

калық бағыттағы пәндерге басымдық беріп, соған бейімделген «білім-инновация» лицейлерінде де оқушылардың гуманитарлық пәндерден, оның ішінде тарих пәні бойынша да, өз көзқарастарын тұшымды пікірлерімен қорғай алатындықтарын, сол арқылы сөйлеуді қажет ететін түрлі деңгейдегі сайыстарда жетістіктерге жете алатындықтарын;

- Жасанды интеллектпен (немесе қосымша ақпараттық технологиялармен) жұмыс жасауға бейімделген оқушылардың сабақ барысында өзара ақпарат алмасу арқылы өз ойларын жүйелі, қорытындылап, дәлелмен жеткізе алатындарын;

- Уақыт өте келе түрлі білім ордасынан келген ұяң оқушылардың топтық, жұптық жұмысқа өз еріктерімен кірісе бастағанын;

- Дарынды, қабілеті жоғары оқушының менің атап көрсетуімсіз де ұжым арасынан суырылып шыға алатынын;

- Оқушылардың бірін - бірі менің көмегімсіз де қателіктерін түзетіп, толықтыра алатынын;

- Жетекші сұрақтар арқылы өткен сыныптағы білімдерін еске

түсіре алатындықтарын;

- Өздерінің деңгейлеріне сай сұрақтарды өздерінің анықтай алатынын;

- Өздерінің іс-әрекеттерін бағалауда сараптама жасауға қалыптасып келе жатқанын;

- Ойын ұжым алдында еркін жеткізуге дағдыларының қалыптасып, дамып келе жатқанын;

- Өз жастарына сай сөйлеу мәдениеттерінің қалыптасып келе жатқандықтарын;

- Менің де сұраққа жауапты өзім бере салмай, сынып ұжымының ойын тыңдауда төзімділік пайда болды.

Жоғарыда айтылған өзгерістерді қорытындылайтын болсам, әр ұстаз «ойы анық еместің, тілі анық емес» деген қағиданы есте сақтай отырып, үнемі өзінің білім, білік дағдысы мен қатар күзіреттілігін де дамытып отыру қажет. Сонымен бірге, ұстаздар әрқашан қоғамдық өмірдің жаршысы ретінде барлық жаңашылдықты қоғамға таныстырушылар, енгізушілер болып табылады. 2019 жылдың 31 тамыз күні ҚР Үкіметінің № 645 қаулысы бойынша қабылдаған Қазақстан Респуб-

ликасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңында: педагогтың «қоғамның әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуына жәрдемдесуге» міндеті туралы да айтылған [3]. Ең алдымен, білім иелері жаңалықтарға әрқашан ашық болғандықтан, білім мен ғылым үйрететін ұстаздар да қатарының алды болып жаңа технологияларды насихаттауы тиіс. Сонда ғана, өзін сүйіп тыңдайтын, сабағына зор қызығушылықпен қатысатын, заман талабына сай бәсекеге қабілетті, жан-жақты күзіреттілігі дамыған, адамгершілік-рухани өресі кең шәкірт тәрбиелей алады.


ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы». – Алматы: Қазақстан, 1995. – 32 б.

2. «Мұғалімге арналған нұсқаулық». - 2012ж.

3. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, 2019 ж.

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ QR - КОДТАРДЫ ҚОЛДАНУ



Манапова Айгерім Санақбекқызы,
информатика пәні оқытушысы,
Қазақстан - Американ еркін университетінің Жоғарғы колледжі
Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы

Аңдатпа: қазіргі заманғы білім беру жүйесін дамытудың маңызды мәселесі - білім беру үрдісінде цифрлық технологияларды қолдану болып табылады. Мақалада заманауи QR-кодтарды құрастыруға арналған онлайн сервис түрлері, қолдану салалары және оның мүмкіндіктері қарастырылды.

Аннотация: важнейшей проблемой развития современной системы образования является использование цифровых технологий в образовательном процессе. В статье рассмотрены виды, области применения и возможности онлайн сервиса для создания современных QR-кодов.

Annotation: the most important problem of the development of the modern education system is the use of digital technologies in the educational process. The article considered the types of online services for compiling modern QR codes, areas of application and its capabilities.

Кілт өздер: QR-код, онлайн қызмет көрсету, штрих-код.

Ключевые слова: QR-код, онлайн сервис, штрих-код

Keywords: QR code, online service, barcode

Зерттеу мақсаты: смартфондардың көмегімен сабақта QR кодын тиімді пайдалану.

Қазіргі қоғам үнемі дамып келеді, онда ақпарат ағындары өте үлкен. Мұндай ақпарат сұранысқа ие және маңызды ресурстардың біріне айналады. Көбінесе ақпарат қорғауды қажет етеді және дәл осы үшін жіберуші тарапынан ол кодталады, ал алушы тарапынан шифрды шешеді.

QR коды кез - келген адам шеше алатын ақпараттың аралық кодталған күйі болып табылады. Мұндай код қазіргі заманғы ресурстардың көмегімен адамға қажетті ақпаратты ыңғайлы және жылдам алуға көмектеседі деп айта аламыз.

QR коды ұғымының өзі Жапонияда 1944 жылы пайда болды. Дәл сол кезде «Toyota» компаниясының құрамына кіретін «Denso-Wave» компаниясы осындай кодтарды әзірлеу туралы ойлады. Компанияның кәсіпорны үлкен көлемдегі ақпаратты шағын беткейде сақтауды талап етті. Сонымен бірге, шарттардың

бірі сканерлеуге кодтың беткі зақымдануы немесе ішінара ластануы кедергі болмауы керек деп белгіленді. Бастапқыда QR коды тек өнеркәсіптік мақсаттарда қолданылған, ал кейінірек қолдану аясы кеңейтілді. Қазіргі уақытта біздің күнделікті өмірімізде белгілі бір орынға ие болды.

Сонымен, QR кодын дәл анықтау үшін көбірек жұмыс жасайық.

QR-код (ағылш. Quick Response Code-жылдам жауап беру коды; қысқаша QR code) – матрицалық штрихкодтардың (немесе екі өлшемді штрихкодтардың) түріне арналған сауда белгісі. Штрих-код - бекітілген объект туралы ақпаратты қамтитын машинада оқылатын оптикалық белгі.

QR коды-бұл кез-келген өндірілген өнімге орналастырылған әдеттегі штрих-кодтың екі өлшемді көрінісі және кодта сақталған ақпаратқа жедел қол жетімділікті білдіреді.

QR кодында міндетті өрістер бар, олар кодталған ақпаратты алып жүрмейді, бірақ декодтауға

арналған ақпаратты қамтиды. Бұл:

- Іздеу жолақтары
- Тегістеу жолақтары
- Синхрондау жолақтары
- Маска коды және түзету жолақтары
- Нұсқа коды (7-ші нұсқадан) сондай-ақ кодтың айналасындағы міндетті шегініс. Шегініс - ақ модульдердің жақтауы, оның ені - 4 модуль.

		Іздеу жолақтары
		Тегістеу жолақтары
		Синхрондау жолақтары

1-кесте. QR-код өрістері

QR коды құруға арналған бағдарламалар

QR-код арқылы кез келген ақпаратты кодтауға болады. Мысалы: мәтін, телефон нөмірі, сайттың сілтемелері немесе визит карточкалары және т.б. QR-кодтарды құрастыруға арналған онлайн сервис түрлері өте көп:

- QR-code-generator.com
- GOQR.me
- QR-Coder.ru

- qrcoder.ru
- QR-Code Monkey
- QR Stuff.com

Смартфон, планшет және басқа да мобильді құрылғыларда арнайы орнатылған немесе App Store, Google Play, BlackBerry App World, 1mobile market, Windows Phone Store, Яндекс онлайн мобильді дүкендерден QR-кодты сканерлейтін қосымшаны жүктеп алуға болады. Қазіргі таңда QR-кодты сканерлейтін қосымша түрлері өте көп, оның көлемі мен өзіңе ыңғайлы және тиімді.

Оның ең қарапайым және жиі

қолданылуы желідегі ресурсқа сілтеме болып табылады. QR кодтары веб-сайттар, құжаттар, парақшалар мен каталогтар, визиткалар, білім беру бағдарламалары және дүкен сөрелері үшін қолданылады. QR кодына екілік санау жүйесімен кодталған және сол QR-ге сәйкес келетін кез-келген ақпаратты орналастыруға болады.

Кодты тікелей файлға орналастыруға болады, бірақ әдетте оның ресурсына сілтеме Дүниежүзілік желіде орналастырылады.

Төлемдер саласында QR кодтары кеңінен таралды.

кодтарын жасау арқылы сіз сабаққа әртүрлілік қосасыз. Сіз сілтемені QR кодында иллюстрациялық материалмен немесе презентациямен сайтқа орналастыра аласыз. Google форманы пайдалану арқылы сіз білімді тексеруге және деректерді кестеге жылдам жинауға мүмкіндік аласыз. Егер сізде педагогикалық іс - тәжірибе болса, сіз ең маңызды міндеттердің бірі уақытты дұрыс есептеу екенін білесіз. Көбінесе білім алушылар файлды ұзақ уақыт іздейді, оны чатта жоғалтады немесе нені ашу керектігін түсінбейді. Егер сіз білім алушылар үлкен тобымен жұмыс жасасаңыз, кодтар студенттерге оқу материалдарын тез және оңай таратудың тамаша тәсілі болып табылады.

QR кодтары білім беру мекемесінің ақпараттық кеңістігінде тиімді пайдалануға болатын заманауи ақпараттық құрал болып табылады. Білім беру процесі: мобильді сабақ, тақырып бойынша пайдалы ақпараты бар сайттарға сілтемелер, сауалнама, сөйлеу жазбасы (шет тілі). Әкімшілік жұмыс: сабақ кестесі, қоңырау кестесі, визиткалар, қызметкерлердің жұмыс режимі-ақпарат алмасу. Тәрбие жұмысы: викториналар, квесттер, ойындар. Жобаны дамыту перспективалары: аудандық мұражайдың жаңа экспонаттарын кодтау, кодтың мәтіндік ақпаратын орыс және ағылшын тілдерінде ұсыну, қаланың

Артықшылықтары	Кемшіліктері
QR кодтары штрих-кодпен салыстырғанда көбірек ақпаратты сақтайды	QR кодтары жалғыз нұсқа болса, тиімсіз
QR кодтарын кішірейтуге болады	Интернетке кіру мүмкіндігі жоқ
QR кодтарын оқу жеңіл	Тәжірибесіз пайдаланушылар
QR кодтары бүлінген кезде оқылады	

2-кесте. QR-кодтың артықшылықтары мен кемшіліктері


QR-кодтардың түрлері
Матрицалық кодтардың екі түрі бар:

1. Динамикалық. Олар арқылы бір код жасап, қажетті жаңа ақпаратты үнемі қосуға болады. Олардың арқасында бір бетте мейрамхана мәзірін, байланыс деректерін енгізіп, тауарға тапсырыс беріп, сатып алуды төлеуге болады және т.б. Яғни, мұндай код сайт


бетіне сілтеме жасайды, клиент мазмұн мен түрін шексіз рет өзгерте алады. Маркетингтік мақсаттарда белсенді қолданылады.

2. Статикалық. Бұл кодтардың бір функциясы бар, оларды өзгертуге болмайды, бір нақты ақпарат орналастырылады. Мобильді қолданушылар үшін ең қарапайым түсінікті.

Платформаның көмегімен QR



1-сурет. Me-qr.com бағдарламасының терезесі



2-сурет. Me-qr.com бағдарламасында құрылған Qr-код

тарихи орталығында, әкімшілік ғимараттарда, өнеркәсіптік кәсіпорындарда сәулет ескерткіштері туралы кодтарды орналастыру мақсатында жергілікті басқару органдарымен ынтымақтастықты ұйымдастыру.

Басып шығарылған QR кодтарын бүкіл кеңістікке немесе одан тыс жерлерге орналастыруға болады, осылайша оқушылар оқулықтардың беттерінен гөрі өз телефондарынан білім алуға қызығушылық танытады. Бұл мектеп оқушыларын оқытуда бірнеше маңызды мақсаттарға жетуге ықпал ететін Веб-квесттің бір түрі:

- ойын, бәсекелестік, танымдық және т. б. жоспардың қосымша мотивтері есебінен оқушылардың оқу барысында өзіндік оқу-танымдық іс-әрекетке деген ынтасын күшейту;

- оқу процесіне қосымша (электрондық) әдістемелік білім

беру ресурстарын енгізу;

- оқушылардың оқу іс-әрекетін жандандыратын жалпылама және жүйелеуші бағыттағы оқу ізденіс-танымдық тапсырмалардың жаңа түрлерін оқыту кезінде пайдалану;

- оқу материалымен жұмыс істеуге оқушылар үшін тартымды жаңа ұйымдастырушылық форма беру;

- оқу процесінде сұранысы жоқ жеке қасиеттерді, сондай-ақ оқушылардың өзін-өзі бағалауын дамыту.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Электронная книга о QR-кодах. // Полное руководство по маркетингу с применением QR-кодов. - [Электронный ресурс]. - [\[basics/\]\(#\). - \(05.12.2024\).](http://ru.qr-code-generator.com/qr-code-marketing/qr-codes-</p></div><div data-bbox=)

2. Технология QR-кодов // Технические характеристики QR-кодов. - [Электронный ресурс]. - <http://qr-code.creambee.ru/blog/post/qr-specification/>. - (05.12.2024).

3. Технология QR-кодов // Нестандартные QR-коды - создание и считывание. - [Электронный ресурс]. - qr-code.creambee.ru/blog/post/create-nonstandard-qr-code/. - (05.12.2024).

4. <https://na-journal.ru/6-2022-informacionnye-tehnologii/3926-primenenie-qr-koda-v-razlichnyh-sferah-zhizni> - (05.12.2024).

5. <https://cyberleninka.ru/article/n/qr-kod-i-ego-ispolzovanie-v-sovremennom-mire/viewer> - (05.12.2024).

6. <https://mobizon.kz/kk/articles/what-is-qr-code> - (05.12.2024).



МЕТОДЫ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Дудкина Светлана Викторовна,

учитель начальных классов,

КГУ «Средняя школа №4 имени Сагадата Нурмагамбетова» отдела образования
по городу Усть-Каменогорску УО ВКО

Аңдатпа: бұл білім беру жобасы тек өзекті ғана емес, сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының арасында сыни ойлауды дамытуға ықпал ететін орта құру үшін бірегей әдістер мен тәсілдерді ұсынады, бұл олардың зияткерлік және әлеуметтік өсуі үшін маңызды. Зерттеудің мәні бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын дамытуға бағытталған әдістер мен тәсілдер болып табылады.

Аннотация: данный образовательный проект не только актуален, но и предлагает оригинальные методы и подходы для создания среды, способствующей развитию критического мышления у учащихся начальных классов, что важно для их интеллектуального и социального роста. Предметом исследования являются методы и подходы, направленные на развитие критического мышления у учащихся начальных классов.

Annotation: this educational project is not only relevant, but also offers original methods and approaches to creating an environment that promotes the development of critical thinking in primary school students, which is important for their intellectual and social growth. The subject of this study is methods and approaches aimed at developing critical thinking in primary school students.

Кілт сөздер: сыни тұрғыдан ойлау, әдіс-тәсілдер, әдістер, жүзеге асыру, нәтижелер.

Ключевые слова: критическое мышление, приёмы, методы, реализация, результаты.

Keywords: critical thinking, techniques, methods, implementation, results.

В современном образовательном процессе критическое мышление становится ключевой компетенцией, необходимой для успешной адаптации учащихся в быстро меняющемся мире. С началом школьного обучения дети сталкиваются с огромным объемом информации, которую необходимо уметь анализировать, оценивать и применять на практике. В этом контексте развитие критического мышления у учащихся начальных классов приобретает особую важность, поскольку именно в этот период формируются основы мыслительных процессов, навыков анализа и принятия решений.

Актуальность данного проекта заключается в необходимости интеграции методов развития критического мышления в образовательную практику начальных классов. Учитывая высокую степень подверженности детей

влиянию внешней информации, развитие навыков критического восприятия и анализа становится важнейшей задачей современной школы. Это поможет подготовить детей к самостоятельному осмыслению информации, формированию собственного мнения и принятию обоснованных решений.

Оригинальность проекта заключается в разработке и внедрении систематизированного подхода к обучению, который сочетает в себе теоретические аспекты критического мышления и практические упражнения, адаптированные для младших школьников. Предлагаю использовать игровые методы, задания на сравнительный анализ, проекты и групповые дискуссии, что сделает процесс обучения увлекательным и продуктивным. Этот подход позволит не только повысить уровень критического мышления, но и развивать социокультурные навыки,

такие как умение работать в команде и уважать мнение других.

1. Педагогические технологии: изучение различных обучающих методик, таких как проектное обучение, игровые технологии, дискуссионные методики и аналитические задания, которые способствуют активному вовлечению детей в процесс критического осмысления информации.

2. Образовательные ресурсы: анализ используемых учебных пособий, мультимедийных материалов и интерактивных ресурсов, которые могут способствовать развитию критического мышления.

3. Формы организованного обучения: рассмотрение традиционных и нетрадиционных форм уроков и внеклассной работы, которые способствуют развитию у детей навыков аналитического и критического мышления.

4. Уровень вовлеченности и ак-

ИССЛЕДОВАНИЕ В ДЕЙСТВИИ

тивности учащихся: изучение того, как разные методы влияют на мотивацию учащихся, их участие в процессе обучения и способность к саморефлексии.

5. Оценка результатов: разработка критериев и методов оценки уровня развития критического мышления, а также анализ обратной связи от учащихся и педагогов о применении тех или иных методов.

Критическое мышление определяется как способность анализировать, оценивать и применять информацию для принятия обоснованных решений. Это не просто умение размышлять, но и система навыков, которые позволяют человеку выявлять, формулировать и анализировать проблемы, а также делать выводы на основе фактов и логических связей. Критическое мышление включает в себя элементы анализа, синтеза и оценки.

В современном образовательном контексте критическое мышление играет важную роль. Оно не только помогает учащимся развивать самостоятельность и уверенность, но и подготавливает их к жизни в сложном и быстро меняющемся мире. Умение критически подходить к информации является особенно актуальным в эпоху информационного перегруза, когда дети сталкиваются с множеством источников информации, включая интернет и социальные сети.

В возрастной категории учащихся начальных классов в основном развиваются базовые когнитивные навыки, такие как анализ, обобщение и сравнение. На этом этапе важно поддерживать любознательность детей и развивать их способность задавать вопросы. Психологические исследования показывают, что активное вовлечение учащихся в учебный процесс, где они могут задавать вопросы и открывать для себя новые

идеи, существенно способствует развитию критического мышления.

Существует множество методов, которые могут быть применены в начальной школе для развития критического мышления:

- Проектное обучение: метод, при котором учащиеся работают над решением реальных задач, что способствует развитию навыков исследования и критического анализа.

- Дискуссии и дебаты: обсуждение различных точек зрения на ту или иную проблему помогает учащимся развивать навыки аргументации и формировать собственное мнение.

- Игровые технологии: использование игр позволяет сделать процесс обучения интересным и интерактивным, что способствует углублению понимания и развитию критического взгляда на ситуацию.

- Метод «обратного обучения»: Учащиеся сначала формулируют вопросы и предполагаемые ответы, а затем исследуют материал, что развивает их аналитические способности.

Учитель играет центральную роль в развитии критического мышления у учащихся. Он становится не только источником знаний, но и наставником, который создает условия для активного обучения. Учитель должен применять разнообразные методики, адаптируя их к интересам и потребностям своих учеников, а также поддерживать конструктивную атмосферу, способствующую обсуждениям и обмену мнениями.

Таким образом, развитие критического мышления у учащихся начальных классов является важной задачей, требующей применения разнообразных методов и подходов. Теоретическая часть данного проекта обосновывает необходимость интеграции активных методов обучения в практи-

ку педагогической деятельности с целью формирования у детей навыков анализа, оценки и использования информации в их дальнейшей образовательной и социальной жизни.

В рамках практической части проекта я внедрила ряд методов, которые способствовали развитию критического мышления у учащихся моего класса. Каждый из подходов сработал в своей уникальной форме, создавая динамичную и увлекательную образовательную среду.

Одним из самых эффективных приемов стали проектные работы. Я разделила ребят на небольшие группы и предложила им темы, связанные с повседневной жизнью, такие как: «Как лучше всего использовать воду в быту?» и «Как организовать свой учебный день?». Поддерживая их инициативу, я наблюдала, как каждая группа с увлечением подходила к сбору информации. Они сами распределяли роли: кто-то занимался исследованием, а кто-то оформлением результатов. В итоге ученики представили свои проекты с ясной аргументацией и креативностью – это было впечатляюще!

Далее я решила внедрить формат дискуссий и дебатов. Мы обсудили тему «Что важнее – учёба или отдых?». Каждому ученику было предоставлено время подготовить свою точку зрения и защитить её перед классом. Я заметила, что учащиеся начали активнее выражать свои мысли, обосновывая свои предпочтения. Эти обсуждения не только научили учеников аргументировать, но и уважать мнения других.

